«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ

ӘОЖ 342.9:347.157.1(574+1-87)

Қолжазба құқығында

**КАРИПБАЕВ ЖАСУЛАН БОЛАТБЕКОВИЧ**

# Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу: ұлттық және халықаралық аспектілері

6D030100 – Құқықтану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
жазылған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
PhD доктор, профессор,
**Қ.С. Мусин;**
заң ғылымдарының докторы, профессор,
**Ж.И. Ибрагимов.**

Шетелдік ғылыми кеңесші:
заң ғылымдарының докторы, профессор,
**К. Цомплак** (Вроцлав қ., Польша Республикасы).

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2025

**МАЗМҰНЫ**

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР……3**
**АҢЫҚТАМАЛАР……..……4**
**БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР …….……..5**
**КІРІСПЕ.....6**
**1 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ КИБЕР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР МЕН КОНЦЕПЦИЯЛАР**
1.1 Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі және киберкеңістіктегі ерекшеліктері .....12
1.2 Кибер құқық бұзушылықтардың жалпы түсінігі мен жіктелуі .....23
1.3 Кибер құқық бұзушылықтардың әкімшілік-құқықтық салдары .....35
**2 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ КИБЕР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫН ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**
2.1 ҚР заңнамасындағы киберкеңістікке байланысты құқық бұзушылықтарды реттеу ерекшеліктері .....54
2.2 Әкімшілік іс жүргізу аспектілері: дәлелдемелерді жинау, сараптау және бағалау .....84
2.3 Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау: алдын алу мен жауапкершіліктің өзара байланысы .....94
**3 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ**
3.1 Халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЮНИСЕФ, т.б.) киберқауіпсіздік стандарттары .....105
3.2 Шет мемлекеттерде кәмелетке толмағандарды киберқауіп-қатерлерден қорғаудың құқықтық негіздері .....117
3.3 Қазақстан заңнамасын жетілдіру үшін шетелдік озық үлгілерді бейімдеу……132
**4 КИБЕР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ ӘКІМШІЛІК НОРМАТИВТІК БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**
4.1 Әкімшілік-құқықтық нормаларды оңтайландыру бағыттары .....151
4.2 Ведомствоаралық және халықаралық ынтымақтастықты күшейту.....163
4.3 Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғаудың заманауи технологиялық шешімдері .....171
**ҚОРЫТЫНДЫ .....181**
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....185**
**ҚОСЫМШАЛАР .....203**

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі нормативтік құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған) (2022 жылғы 19 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V (2024 жылғы 1 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V (2024 жылғы 5 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI (2024 жылғы 5 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен).

«Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-II (2023 жылғы 20 желтоқсандағы өзгерістер мен толықтырулармен).

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V (2024 жылғы 20 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен).

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V (2024 жылғы 20 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен).

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының заңы 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-I (2023 жылғы 15 қарашадағы өзгерістер мен толықтырулармен).

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2004 жылғы 5 шілдедегі № 567-II (2024 жылғы 10 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулармен).

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V (2024 жылғы 21 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен).

«Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы (Қазақстанның киберқалқаны)» — Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысымен бекітілген (өзгерістермен бірге).

## АҢЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда келесі терминдер тиісті анықтамаларымен бірге қолданылды:

**Кәмелетке толмаған** - он сегіз жасқа толмаған, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық шегінде ерекше құқықтық мәртебеге ие тұлға.

**Кибер құқық бұзушылық** - ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жасалатын құқыққа қарсы іс-әрекет (мысалы, рұқсатсыз кіру, фишинг, кибербулинг, онлайн алаяқтық).

**Әкімшілік құқық бұзушылық** - заңмен тыйым салынған, бірақ қылмыс қатарына жатпайтын қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік.

**Әкімшілік жауапкершілік** - әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға мемлекеттік органның тарапынан қолданылатын заңдық ықпал ету шарасы.

**Кибербулинг** - интернет немесе әлеуметтік желілер арқылы жеке тұлғаны қорлау, мазақ ету, қорқыту немесе кемсіту әрекеті.

**Онлайн-груминг** - ересек тұлғаның кәмелетке толмаған баламен онлайн ортада сенімге кіріп, оны жыныстық немесе басқа мақсатта пайдалану ниетімен байланыс орнатуы.

**Сандық дәлелдемелер (цифрлық дәлелдер)** - электрондық құрылғыларда сақталған немесе интернет арқылы алынған ақпарат, құқық бұзушылық фактісін растау үшін қолданылатын дәлел.

**Ақпараттық қауіпсіздік** - ақпараттық жүйелер мен деректерді рұқсатсыз қол жеткізуден, бұрмалаудан және жоюдан қорғау шараларының жүйесі.

**Жеке деректер** - тұлғаны анықтауға мүмкіндік беретін кез келген ақпарат (аты-жөні, мекенжайы, фотосуреті, байланыс деректері және т.б.).

**Жеке деректерді қорғау** - жеке тұлғаның ақпараттық деректерін заңсыз өңдеуден, тарату мен жариялаудан қорғау тетіктері.

**Әлеуметтік инженерия** - адамның психологиялық әлсіздігін пайдалану арқылы құпия ақпаратты немесе рұқсатты алу тәсілі.

**Фишинг** - интернет арқылы жалған сайттар немесе хабарламалар арқылы пайдаланушының жеке мәліметтерін алдау жолымен ұрлау тәсілі.

**Зиянды бағдарлама (Malware)** - компьютерлік жүйеге ену және оған залал келтіру мақсатында жасалған бағдарламалық код.

**Рұқсат етілмеген қол жеткізу** - ақпараттық жүйеге немесе деректерге иесінің рұқсатынсыз кіру әрекеті.

**Интернет-платформа (делдал қызмет көрсетуші)** - пайдаланушылар арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін онлайн қызмет немесе сайт (мысалы, әлеуметтік желі, мессенджер, бейнехостинг).

**Контентті модерациялау** - интернет-платформаларда жарияланатын материалдарды тексеру және қауіпті немесе заңсыз контентті жою процесі.

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

AI – Жасанды интеллект
АКТ – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
API – Қолданбалы бағдарлама интерфейсі
Big Data – Үлкен деректер технологиялары
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
COPPA – Балалардың онлайн құпиялылығын қорғау туралы АҚШ заңы
Cyber Tumar – «Кибер Тұмар» жобасы
DPI – Терең десте талдау технологиясы
eGov – Электрондық үкімет жүйесі
GDPR – Жалпы деректерді қорғау регламенті (ЕО)
Hotline – Жедел сенім желісі
ICT – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
IT – Инновациялық технологиялар
ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Интернет – Әлемдік ақпараттық байланыс желісі
IoT – Заттар интернеті
ҚА – Құқықтық акт
ҚАЖ – Құқықтық әкімшілік жауапкершілік
ҚК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР АК – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ҚР ӘҚБтК – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
ҚР ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ПҚБ – Профилактика және құқық бұзушылықтың алдын алу
Parental control – Ата-ана бақылауы бағдарламалары
Safe Kids – «Kaspersky Safe Kids» қауіпсіздік қосымшасы
СД – Сандық деректер
СҚБ – Сандық қауіпсіздік бойынша білім беру
SIM KIDS – Балаларға арналған қауіпсіз SIM-карталар пилоттық жобасы
ТККБ – Трансшекаралық кибер құқық бұзушылық
UNICEF (ЮНИСЕФ) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры
VR – Виртуалды шындық
ХҚК – Халықаралық құқықтық көмек
ХҚЫ – Халықаралық құқықтық ынтымақтастық
ХС – Халықаралық стандарттар
ЦА – Цифрлық алаң (платформа)
ЦД – Цифрлық дәлелдемелер
ЦДИАӨМ – Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ЮНЕСКО (UNESCO) – Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі**. Кәмелетке толмағандардың цифрлық технологияларды, әлеуметтік желілер мен интернет-кеңістікті белсенді пайдалануы қазіргі заманда аса өзекті құқықтық мәселелердің біріне айналып отыр. Қазақстандағы ресми деректерге сүйенсек, 2020-2024 жылдар аралығында ішкі істер органдары кәмелетке толмағандарға қатысты немесе солар тарапынан жасалған 1200-ден астам құқық бұзушылықты тіркеген, олардың едәуір үлесі түнгі уақытта компьютер клубтарында не интернет-ортада жасалған бұзақылықтар, заңға қайшы контент тарату, киберқорқыту мен алаяқтық әрекеттерден тұрады [1]. Мәселен, 2023 жылғы ресми брифингте Павлодар облысының полиция департаменті бір ғана өңірдегі жасөспірімдермен байланысты 17 оқиға анықталғанын, негізінен интернет желісінде қауіпті байланыс орнату, жалған шоттар арқылы ақша жинау және онлайн алаяқтық жасау деректері өскенін атап өтті [2].

Бұл статистика елімізде де жастардың компьютерлік технологияларға икемділігі артып, кей жағдайларда оны теріс мақсаттарға пайдаланатынын аңғартады. Бір жағынан, халықаралық қауымдастық, соның ішінде ЮНИСЕФ (UNICEF) пен Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) кәмелетке толмағандарды интернетте қудалау және зорлық-зомбылықтан қорғау шараларын ұдайы күшейтуді ұсынып келеді. UNICEF-тің “Child Online Protection” атты баяндамасында цифрлық технологиялар балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуына орасан зор мүмкіндік бергенімен, онымен қатар виртуалды зорлық, өшпенділік тілі, кибербуллинг сынды құбылыстардың кең етек жайып бара жатқаны айтылған [3].

ЕҚЫҰ сарапшылары да “Blunting the cutting edge of crime: cybercrime in Central Asia” атты 2024 жылғы есебінде Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда киберқылмыстың күшеюі жасөспірімдер арасында да орын алып, оларға арналған құқықтық құралдардың әлі жетілдірілмегенін ескертеді [4]. Осы проблеманың өзектілігі Қазақстанда заңнамалық және құқық қолдану тәжірибесі тұрғысынан да көрініс табуда. 2022 жылы “Баланың құқықтары туралы” заңға “кибербуллинг” ұғымы ресми түрде енгізіліп, кейін 2023 жылы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске (ӘҚБтК) 127-2-бап қосылып, кәмелетке толмағанға қатысты буллинг әрекеттерін жасаған тұлғаларға әкімшілік жаза белгіленді [5], [6]. Мұндай қадамдар мемлекет пен қоғамның балаларды киберкеңістікте қорғау қажеттігін мойындап, нақты заңнамалық тетіктерді қалыптастыра бастағанын дәлелдейді. Алайда бұл шаралар жеткілікті ме, кәмелетке толмағандардың өзі киберкеңістікте құқық бұзушы рөлінде бола қалса, жауаптылық механизмі қандай болуы керек деген сұрақтар әлі де терең зерттеуді талап етеді. 2020-2025 жылдар аралығында көбіне түнгі уақытта интернет-клубта жүрген жасөспірімдердің, бейәдеп сөздер айтып, киберқорқыту жасағандардың ісі көптеп анықталуда, алайда бұл мәселелерді анықтау мен дәлелдеуде дәлелдемелерді заңды түрде жинау, сараптау және бағалау тәрізді

процессуалдық аспектілер жүйелі реттелмеген [7]. Мысалы, әлеуметтік желілерден алынған скриншоттардың дәлел ретіндегі статусы немесе провайдерден лог-файлдарды сұрау тәртібі көбіне нақты регламенттелмегендіктен, құқық қолданушылар арасында олқылықтар туындайды. Бұдан бөлек, Қазақстанда жасөспірімнің мұндай теріс қылық жасауына жауапты субъект ата-ана ма, әлде баланың өзі ме, жоқ әлде мектеп пе деген дилемма да өзекті. Қазіргі заңнамада (ӘҚБтК 127-бабы, 435-438-баптар) негізінен кәмелетке толмағандардың 16 жастан асқан жағдайда жеке өзі әкімшілік жауапкершілік тартатыны, 14-15 жастағы құқық бұзушылардың әрекетіне ата-анасы жауапты екені көрсетілгенімен, дәл “киберкеңістік” ұғымын жүйелі түрде қамтитын арнайы баптары әлі жетілмеген [8].

2022 жылы бала құқықтарына қатысты қабылданған өзгерістер ата-аналардың цифрлық тәрбие беру міндетіне де қатысты болуы мүмкін екенін құқық қолдану практикасы тек соңғы кездері түйсіне бастады. UNICEF сарапшылары 2022-2023 жылдары балалардың интернет-ортада кездесетін қорлаушылық хабарламаларды көру жиілігі айтарлықтай өскенін мәлімдеп, қазақстандық жасөспірімдердің 35%-ына жуығы әйтеуір бір рет кибербуллингке қатысы бар жағдаятқа тап болғанын атап көрсетті [3].

Балаға қатысты кибербуллинг пен түрлі қудалау әрекеттерінің көбеюі балалардың психологиялық денсаулығына әсер етіп, кей жағдайларда ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін. Бұл мәселені тек отандық заңнама аясында ғана емес, шетелдік тәжірибелермен салыстыру арқылы да қарастыру маңызды. АҚШ-та жасөспірімдер жасаған ауыр киберқылмыстар (мысалы, жүйеге заңсыз ену, біреудің құпия деректерін ұрлау) juvenile justice жүйесінде қаралуы мүмкін, алайда кей жерде ата-ананың жауаптылығын тікелей күшейтетін муниципалдық ережелер бар. Нью-Йорк штатының кей қалаларында бала кибербуллинг жасаса, белгілі бір мөлшерде айыппұлды баланың ата-анасы төлейді немесе қамауға алынады деген тәртіп енгізілген [9]. Ұлыбританияда кибербуллинг арнайы заңмен қудаланбағанымен, мектептерге балаларды кез келген буллингтен қорғау міндеттеліп, бұл талапты орындамаған мектеп әкімшілігіне ескерту не шара қолданылуы мүмкін. Германияда NetzDG заңы әлеуметтік желі иелеріне зиянды контентті жылдам жоюды міндеттейді, бұл кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға да ықпал етеді [10].

Оңтүстік Кореяда интернет арқылы жала жабу мен қорлауды қылмыстық жауаптылыққа жатқызғандықтан, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға да қатаң шаралар тағайындалады, бірақ олар көбіне оңалту орталықтарына, мінез-құлықты түзету бағдарламаларына бағытталады [11]. Балтық елдерінде, әсіресе Латвия мен Литвада, жасөспірімдердің киберкеңістікте жасаған ұсақ құқық бұзушылықтарына әкімшілік жаза қарастырылған, оның ішінде тәрбиелік ықпал ету шаралары да қолданылады [12].

Әлемдік тәжірибенің бұл алуандығы Қазақстан үшін де өзекті тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Бір жағынан, елімізде балаларға интернеттегі еркіндік беріп, олардың ақпарат алу құқығын шектемеуге тырысу - маңызды принцип. Екінші жағынан, кәмелетке толмағандар

тарапынан құқықтық нормаларды бұзу қаупі жоғары екендігі де статистикамен дәлелденіп отыр. Сондықтан құқық қорғау органдары тарапынан жасөспірімдерді қатаң жазалау емес, керісінше, оларды қайта әлеуметтендіру, мінез-құлықты түзету, алдын алу мен ата-аналарды жауапкершілікке тарту тетіктерін кешенді түрде дамыту қажеттігі туындайды [13]. Бұған қоса, Қазақстанда 2022 жылы бала құқықтарын қорғау туралы заңға кибербуллинг ұғымын енгізу және 2024 жылы оның негізінде бірқатар әкімшілік істер қозғалуы тақырыптың көкейкестілігіне дәлел бола түседі.

Зерттеуімізде біз заңнамалық және нормативтік актілерге, 2020-2025 жылдардағы сот практикасына, Polisia.kz жариялаған полиция есептеріне, халықаралық ұйымдардың баяндамалары мен ұсыныстарына және шетелдік заңнама үлгілеріне сүйене отырып, кәмелетке толмағандар жасайтын Кибер құқық бұзушылықтарға қатысты әкімшілік іс жүргізудің теориялық және практикалық қырларын талдауға тырысамыз.

**Зерттеу объектісі**. Кәмелетке толмағандардың киберкеңістіктегі құқыққа қайшы мінез-құлықтары мен оларды әкімшілік-құқықтық реттеу тетіктері.

**Зерттеу пәні.** Кәмелетке толмағандар жасаған кибер құқық бұзушылықтардың құқықтық табиғаты, оларды анықтау, дәлелдеу, алдын алу және әкімшілік жауапкершілік мәселелері; осы саладағы ұлттық және халықаралық құқықтық нормалардың жүйесі мен оларды құқық қолдану практикасы.

**Зерттеудің мақсаты.** Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық тұрғыда кешенді зерделеу, осы саладағы ұлттық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесінің тиімділігін бағалау, халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, Қазақстан жағдайына бейімделген ғылыми-негізделген ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеу міндеттері.** Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарының ұғымдық-теориялық негіздерін және ерекшеліктерін жүйелеу;
2. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы кәмелетке толмағандарға қатысты Кибер құқық бұзушылықтарды әкімшілік-құқықтық реттеу тәжірибесін талдау;
3. Халықаралық және шетелдік құқықтық реттеу үлгілерін салыстырмалы түрде зерттеу;
4. Ұлттық тәжірибедегі негізгі проблемалар мен олқылықтарды айқындау;
5. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мен алдын алуға бағытталған тиімді әкімшілік-құқықтық шараларды негіздеу және нақты ұсыныстар әзірлеу.

**Зерттеудің нормативтік негізі.** Зерттеудің нормативтік базасын Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (ӘҚБтК), Қылмыстық кодекс, «Баланың құқықтары туралы» Заң, Білім туралы заң, сонымен қатар халықаралық келісімдер мен конвенциялар (Budapest Convention, Lanzarote Convention, БҰҰ және ЮНИСЕФ құжаттары), Германияның NetzDG заңы,

Ұлыбританияның Age-Appropriate Design Code және басқа да елдердің заңнамалық актілері құрайды.

**Зерттеу әдістері (методология)**. Бұл жерде әдіснамалық база ретінде бірнеше тәсіл қолданылды. Біріншіден, диалектикалық әдіс тақырыптың үздіксіз өзгеріп отыратын цифрлық ортадағы сипатын ескеріп, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын әлеуметтік ахуалмен және технологиялық даму үдерісімен байланыста талдауға мүмкіндік берді.

Екіншіден, салыстырмалы-құқықтық талдау арқылы АҚШ, Германия, Оңтүстік Корея, Балтық елдері секілді мемлекеттер тәжірибесін Қазақстан заңнамасымен салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсеттік [9-12]. Үшіншіден, статистикалық тәсіл ішкі істер органдары мен соттардың ресми деректерін (2020-2025 жж.) жүйелеп, киберкеңістікте жасалатын құқық бұзушылықтардың ерекшеліктерін нақты сандар арқылы сипаттауға ықпал етті [1], [2]. Төртіншіден, құқықтық-нормативтік талдау арқылы "Баланың құқықтары туралы" заңның 2022 жылғы редакциясы, ӘҚБтК-нің жаңа баптары және халықаралық деңгейде қабылданған Budapest Convention on Cybercrime, Lanzarote Convention, UNICEF және ЕҚЫҰ ұсынымдары қарастырылды [3], [4], [5], [6].

**Ғылыми жаңалығы**. Зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығы, біріншіден, Қазақстан үшін жаңаша түсінік саналатын "Кибер құқық бұзушылық" санатын кәмелетке толмағандар жасаған теріс қылықтар аясында кешенді түрде талдауда. Бұған дейін Жұмабекова және басқалар "Ensuring children's online safety in Kazakhstan" атты еңбегінде балаларды зиянды интернет-контенттен қорғау механизмдерін салыстырмалы түрде қарастырғанымен, дәл кәмелетке толмағандардың кибербуллинг, киберқорқыту, заңсыз ақпарат тарату секілді әрекеттері және олардың әкімшілік-құқықтық реттеу ерекшеліктері жеткілікті талданбаған [5].

Екіншіден, цифрлық дәлелдемелерді іс жүргізуде қолдану тәртібі, баланың жауаптылық шегін анықтау мен ата-ана міндетін бөлектеу мәселесі осы жұмыста алғаш рет тұтас зерделенді. Үшіншіден, халықаралық тәжірибедегі (соның ішінде АҚШ-тағы ата-анаға айыппұл салу үлгісі, Германияның NetzDG механизмі, Оңтүстік Кореяның баланы қайта әлеуметтендіру бағдарламалары) озық тәсілдер талданды да, соның негізінде ұлттық заңнама мен практикаға енгізуге болатын нақты ұсыныстар тұжырымдалды [9], [10], [11].

Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық тұрғыда зерттеу бағытында Қазақстанда соңғы жылдары бірқатар ғылыми ізденістер жүргізілуде. Мысалы, М.Ж. Жұмабекова балалардың интернеттегі қауіпсіздігі, онлайн-буллингтің алдын алу және құқықтық реттеу мәселелерін қарастырған; А.А. Айтмұхамбетова кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі бойынша зерттеулер жүргізген; Т.К. Айтмағамбетов пен Е.Ә. Ыдырысова кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі мен ювеналды юстиция мәселелерін талдаған. Отандық авторлардың еңбектерінде балалардың құқықтарын қорғау, ювеналды юстиция институттарының қызметі, профилактикалық

және құқықтық шаралар талданғанымен, дәл кәмелетке толмағандардың киберкеңістіктегі құқық бұзушылықтары әкімшілік-құқықтық категория ретінде жүйелі қарастырылмаған. Ал шетелдік ғылыми әдебиетте бұл тақырыпты Sonia Livingstone (Ұлыбритания), Elisabeth Staksrud (Норвегия), Brian O'Neill (Ирландия) сынды жетекші ғалымдар, сондай-ақ UNICEF, EU Kids Online жобасы, ЕҚЫҰ және Еуропалық Одақ сарапшылары зерттеген.

Алайда Қазақстанда кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық категория ретінде, халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып, эмпирикалық деректер мен цифрлық дәлелдемелерді құқық қолдану саласында пайдалану механизмдерін тұтас қарастырған зерттеулер жоқтың қасы.

Осы диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы - кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын алғаш рет ұлттық заңнама аясында дербес құқықтық категория ретінде қарастыруда, әкімшілік жауаптылық, ата-ана мен интернет-провайдер арасындағы өзара байланыстарды анықтауда және халықаралық стандарттарды ұлттық ерекшелікке бейімдеу бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуде көрінеді.

**Теориялық және практикалық маңыздылығы**. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу ювеналдық юстиция, кибер құқық, әлеуметтік және педагогикалық сараптама ұштасатын көпсалалы тақырыпқа отандық құқықтық ғылымның назарын аударып, жаңа әдіснамалық бағыттарды дамытады. Практикалық мәні де айқын: алдын ала зерттеу барысында жасалған ұсыныстарымызды құқық қорғау органдары, білім беру мекемелері мен ата-аналар қауымдастығы бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларында басшылыққа алуы ықтимал. Заң жобаларына түзетулер енгізу немесе баланың интернет кеңістігіндегі жауаптылығын нақтылайтын нұсқаулықтар әзірлеуде де осы жұмыстың нәтижелері қажетті анықтама бола алады [13]. Қазіргі кезде Қазақстандағы цифрлық құқықтың даму үдерісі "Бала құқықтары туралы" заңға енгізілген түзетулерден бастау алғанымен, әлі де кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін тиянақты айқындайтын және кибер құқық бұзушылықтың салдарын нақты әкімшілік реттеуге жол ашатын ережелер толыққанды қалыптасқан жоқ. Сондықтан бұл диссертациялық зерттеу еліміздегі интернет кеңістігінде орын алып жатқан осал тұстарды жою үшін де, халықаралық стандарттарға сәйкес баланың мүддесін қорғау үшін де теориялық және тәжірибелік негіз қалыптастырады.

**Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар**:

1. Кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтары «әкімшілік-құқықтық» категория ретінде дербес қарастырылуы керек, осыған орай Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) арнайы баптарында (немесе тармақшаларында) "цифрлық деликт" ұғымының нақты критерийлері мен элементтері белгіленуі қажет.
2. Цифрлық дәлелдемелерді (скриншоттар, лог-файлдар, электронды хаттар) әкімшілік сот өндірісінде ресми дәлел ретінде танудың процессуалдық тәртібін жетілдіру қажет: провайдерлер мен әлеуметтік желі

әкімшілерінен ақпарат сұрату бойынша регламентті нақтылау, электронды құжаттарды растау әдістерін қатаң бекіту.

3. Баланың жауаптылық шегі мен ата-ана міндетін ажыратып, тиісті нормаларды айқындау: 14-15 жастағы жасөспірімдердің кибербуллинг, алаяқтық тәрізді әрекеттері үшін кім және қандай көлемде жауап береді, ата-анаға қандай жағдайда айыппұл салу немесе тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану қажет екендігін нақтылау.

4. Халықаралық тәжірибе (АҚШ-тағы ата-ана жауапкершілігін күшейту ережелері, Германияның NetzDG заңы, Оңтүстік Кореядағы қосымша түзету бағдарламалары) негізінде Қазақстан заңнамасына бейімделетін нақты ұсыныстар әзірлеу: балаларды интернет-ортада қорғау үшін құқық қолдану органдары мен платформаларға өзара ынтымақтастық орнату тетіктерін енгізу, шетелдік тәжірибені ұлттық ерекшеліктерге бейімдеп қабылдау.

5. Профилактикалық және тәрбиелік шараларды басым ету: кәмелетке толмағандарды қатаң жазалаудан гөрі оларға консультациялық, психологиялық, мінез-құлықты түзету бағытындағы бағдарламаларды кең ауқымда ұсыну механизмін заң жүзінде бекіту. Мұндай шаралар қайталанатын кибер құқық бұзушылықтардың азаюына ықпал етпек.

Осылайша, кәмелетке толмағандардың кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық тұрғыда талдау - цифрлану дәуірінде құқықтың жаңа салалары мен классикалық әкімшілік деликтологияның тоғысатын жері.

Балалардың цифрлық мінез-құлқын қадағалау, алдын алу, жауапкершілікке тарту және ең бастысы, қалыпты дамуына зиян келтірмеуді қамтамасыз ету - бұл бір ғана жазалау тәсілдерімен шешілмейтін, кешенді әрекеттерді талап ететін сала. Осындай көпқырлы талдау келешекте мемлекеттік органдарға, заң шығарушыға және білім беру ұйымдарына нақты нұсқаулықтар ұсынып, жасөспірімдер арасындағы киберқауіпті әрекеттерді азайтуға көмектеседі деп сенеміз. Қорыта келгенде, зерттеу жұмысы қарастырған мәселенің теориялық және практикалық құндылығы қоғамның цифрлық қауіпсіздік мәдениетін арттыруға және балаларды құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауға үлкен үлес қосады деген тұжырыммен бекемделеді.

**Зерттеу нәтижелерінің апробациясы.** Зерттеу нәтижелерінің апробациясы оларды әртүрлі ғылыми-тәжірибелік алаңдарда талқылау және тәжірибеде қолдану барысында жүзеге асырылды. Диссертацияда қамтылған негізгі ережелер мен тұжырымдар 10 жарияланған мақалада өз көрінісін тапты, оның ішінде: 1 - «International Journal of Advanced Research in Law and Economics» атты халықаралық ғылыми журналда; 3 - Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; 6 - халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында жарияланған.

**Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі.** Диссертацияның логикасы мен құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, сондай-ақ зерттелетін мәселенің ерекшелігіне негізделген. Жұмыс кіріспеден, негізгі мазмұнды қамтитын төрт бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

# 1 КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ КИБЕР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНА ҚАТЫСТЫ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР МЕН КОНЦЕПЦИЯЛАР

## 1.1. Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі және киберкеңістіктегі ерекшеліктері

Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесінің тарихи-құқықтық дамуы. Жалпы құқық теориясында кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі деп мемлекет ресми танып, кепілдік берген, балаға дербес құқық субъектісі ретінде тиесілі құқықтар, бостандықтар мен міндеттердің жиынтығы түсініледі. Тарихқа көз жүгіртсек, ерте заманда балалар көбіне толық құқықтық субъектілер ретінде қарастырылмаған; олардың мәртебесі ата-ана билігіне тәуелді, құқықтары шектеулі болғаны белгілі.

Балаларға қатысты қазіргі түсініктегі құқықтық қорғау идеясы халықаралық деңгейде XX ғасырдың басында ғана қалыптаса бастады. Мәселен, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1923 жылы ағылшын және швед қайраткерлері Ұлттар Лигасы аясында бала құқықтарын қорғау концепциясын ұсынған екен. Сол тарихи кезеңнен бастап әлемнің бірқатар елдерінде кәмелетке толмағандардың істерін қарастыратын мамандандырылған соттар - ювеналдық соттар - құрыла бастады [14].

1924 жылғы Женева декларациясы мен 1959 жылғы БҰҰ Балалар құқықтарының декларациясы сияқты құжаттар балалардың ерекше құқықтарын мойындаудың негізін қалады. Ал 1989 жылы қабылданып, Қазақстан 1994 жылы 8 маусымда ратификациялаған Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін халықаралық деңгейде жан-жақты бекіткен маңызды акт болды [15].

КСРО дәуірінде де кәмелетке толмағандарға қатысты арнайы мемлекеттік саясат қалыптасты: 1930-жылдардан бастап кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар жұмыс істеп, жасөспірімдердің қадағалаусыз қалуын болдырмау, құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын жүзеге асырғаны мәлім. Дегенмен кеңестік кезеңде ювеналдық әділет жүйесі толық дамыған жоқ - жасөспірімдер жасаған қылмыстар жалпы соттарда қаралып, тек арнайы тәрбие мекемелері арқылы түзетуге мән берілді. Тек тәуелсіздікпен бірге елімізде балалардың құқықтық жағдайын халықаралық стандарттарға сай жаңаша қарастыру басталды.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін нығайту жолында маңызды қадамдар жасалды: еліміздің Негізгі Заңы - Конституцияда отбасы мен балалық шақ мемлекеттің қорғауында екені бекітіліп, ата-аналардың бала тәрбиелеу мен қамқорлық жасау міндеті конституциялық норма дәрежесінде айқындалды Баланың құқықтарын қорғау туралы ұлттық заңнама да қалыптасты: 2002 жылы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» арнайы Заң қабылданып, онда баланың негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға байланысты қатынастар реттелді [16]. Бұл заң Балалар құқықтары туралы

конвенцияның талаптарын ұлттық деңгейде бекітіп, бала мүддесін бірінші орынға қою принципін жария етті.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде ювеналдық әділет жүйесі кезең-кезеңімен енгізілді. 2005 жылғы Судьялардың IV съезінде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттарды құруды тапсырып, 2007 жылдың 23 тамызында «Кәмелетке толмағандардың істері бойынша мамандандырылған ауданаралық соттарды құру туралы» Жарлыққа қол қойды [17]. Осы жарлық негізінде алғаш рет Астана мен Алматы қалаларында жасөспірімдер істерін қарайтын мамандандырылған соттар өз жұмысын бастады. Бастапқыда пилоттық жоба ретінде екі ірі қалада құрылған ювеналдық соттар өз тиімділігін көрсеткен соң, кейінірек республика бойынша басқа өңірлерге де таратылды. Нәтижесінде, қазіргі кезде Қазақстанда ювеналдық соттар жүйесі қалыптасып, бала құқықтарын сот арқылы қорғаудың мамандандырылған механизмі жұмыс істеуде.

Ювеналдық соттардың енгізілуі - еліміздің құқықтық дамуының тарихи кезеңі, бұл қадам Қазақстанның халықаралық озық тәжірибелерге үндес екендігін айғақтайды [18, с. 94]. Мысалы, шет мемлекеттерде (АҚШ, Франция, т.б.) ювеналдық әділет өткен ғасыр басынан қолданыс тауып келсе, біздің еліміз де осы сынақтан өткен үлгіні қабылдап, оның тиімді жақтарын іске асырды. Сонымен бірге, кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесінің тарихи эволюциясы тек сот жүйесін құрумен шектелмейді.

Қоғамның балаға көзқарасы, заңнамадағы баланың орны да өзгерді. Бұрын баланың құқығы көбіне отбасылық қатынастар шеңберінде ата-ана құқығының туындысы ретінде қаралса, қазір бала өзіндік құқық иесі, дербес заңды мүдделері бар тұлға ретінде қабылданады. Құқықтық сананың өзгеруі - осы тарихи дамудың жемісі. Баланы «қорғау объектісі» ғана емес, өз құқықтарын белсенді жүзеге асыра алатын субъект деп тану қағидасы орнықты. Қазақстанның «Баланың құқықтары туралы» заңының кіріспесінде де мемлекет баланың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуді өз саясатының басым бағыты деп жариялады [19, с. 22].

Расында да, бүгінгі таңда кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайын нығайту, әсіресе оларды құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі саналады [19, с. 23]. Мұны 2021 жылғы Президент Жолдауында балаларды зорлық-зомбылықтан, соның ішінде киберкеңістіктегі буллингтен қорғау жөнінде заңнамалық шаралар қабылдау туралы тапсырма берілгенінен де байқауға болады.

Жас ерекшеліктерінің құқықтық жауапкершілікке әсері. Кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесінің маңызды қыры - олардың құқықтық жауапкершілік ерекшеліктері мен жас шамасына байланысты жеңілдіктері. Көптеген елдердің заңнамасы сияқты, Қазақстанда да жеке адамның құқықтық қабілеті мен жауаптылығы оның жасына тікелей тәуелді. ҚР заңдары 18 жасқа толмаған азаматтарды кәмелетке толмаған деп таниды және олар үшін арнайы жеңілдікті режимдер қарастырған. Мәселен ,қылмыстық жауаптылық жасына қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жалпы тәртіп бойынша 16 жасты белгілейді, ал аса ауыр және ауыр

санаттағы кейбір қылмыстар бойынша 14 жастан бастап қылмыстық жауапқа тарту мүмкіндігін көздейді. Әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық та, негізінен, 16 жастан басталады, алайда ұсақ бұзақылық жасаған ерекше жағдайларда 14 жастан әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін [16]. Яғни, заңнамамыз балаға 14 жасқа толғаннан бастап кейбір құқықтық әрекеттеріне санаулы дәрежеде жауап беруді жүктейді, бірақ толық көлемдегі жауаптылық 16-18 жастан бастап қана туындайды.

Жастың толмауына байланысты жауаптылықтың шектеулі болуы - құқық жүйесінің кәмелетке толмағандарды психологиялық, физиологиялық жетілмеуіне орай ересектермен бірдей жауапқа тартуға болмайтынын мойындауы. Сондықтан қылмыстық саясатта кәмелетке толмағандарға арналған ерекше ережелер бар: жеңілдететін жағдайлар, жаза тағайындауда төменгі шектердің аз болуы, бас бостандығынан айырудың ерекше тәртіптері (арнайы тәрбиелеу мекемелерінде өтеу және т.б.), сондай-ақ жаза мен жауапкершіліктен босатудың кең мүмкіндіктері. Мысалы, еліміздің қылмыстық заңнамасында тәрбие ықпалы бар мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, жасөспірімді қылмыстық жауаптылықтан босату, жазаны өтеуден шартты босату, т.б. кеңінен қолданылады. Мұның бәрі - мемлекеттің өсіп келе жатқан жас буынды қоғамға қайта бейімдеуге, жазалау емес, тәрбиелеу мақсатына басымдық беруінің көрінісі. Дегенмен, соңғы жылдары жасөспірімдер қылмысының алдын алу мәселесі өткір қойылуда: сот практикасы көрсеткендей, көптеген жағдайда жасөспірімнің қылмысқа баруына ата-анасының тарапынан бақылаудың болмауы түрткі болады.

Павлодар облыстық полициясының дерегі бойынша, 2023 жылдың алғашқы 7 айында өңірде кәмелетке толмағандар 17 қылмыс жасаған, талдау нәтижесінде олардың көбінде ата-ана назарынан тыс қалу себеп болғаны анықталды. Осыған орай, ата-анаға жүктелетін заңи жауапкершілік те күшейтілуде: ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 127-бабы бала тәрбиелеу міндеттерін орындамау не тиісінше орындамау (оның құқық бұзушылық жасауына жол беру) үшін ата-ананы жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Мысалы, 2023 жылы елімізде осы бап бойынша жүздеген ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны тіркелген [16].

Жас ерекшеліктеріне байланысты тағы бір маңызды аспект - құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілік шектері. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша 18 жасқа толмағандар толық әрекет қабілетті емес деп танылады: 14-18 жастағы жеткіншектердің әрекет қабілеті ішінара (ата-анасының келісімімен мәмілелер жасауға құқылы), ал 14 жасқа толмаған балалардың көпшілік мәмілелерді өздігінен жасауға құқығы жоқ, олар үшін ата-анасы немесе заңды өкілдері әрекет етеді. Бұл шектеулер де жасөспірімдерді өздері толық түсінбейтін құқықтық мәмілелерден сақтап, мүдделерін қорғауға бағытталған. Алайда қазіргі цифрлық дәуірде бұл классикалық нормалар жаңа сынақтарға тап болуда: балалар интернет арқылы түрлі келісімдерге келе алады, онлайн сервис шарттарын «қабылдай» салады, яғни іс жүзінде құқықтық сипаттағы әрекеттерді жеңіл жүзеге асырады. Бірақ олардың көпшілігінің заң тұрғысынан күші күмәнді, өйткені

жастағы шектеулер бар. Автордың байқауынша, кәмелетке толмағандардың құқықтық жауаптылығының жас шектері қазіргі уақытта қайта зерделеуді қажет етеді: бір жағынан, ауыр қылмыстардың «жасарып» бара жатқаны жауаптылық жасын төмендету мәселесін туындатса, екінші жағынан, тұрмыс-тіршілік ерте есейтіп отырған бүгінгі заманда кейбір азаматтық-құқықтық әрекеттерде балалардың дербестігін тану жайын қарастыруға болады. Бұл күрделі дилеммалар заңнамалық реформаларда, ғылыми ортада талқыға түсіп жүрген өзекті мәселелер санатына жатады.

Киберкеңістіктегі құқықтық субъектілік трансформациясы. XXI ғасырдың цифрлық дәуірі балалардың өміріне бұрын-соңды болмаған жаңа мүмкіндіктер мен қатерлер әкелді. Кәмелетке толмағандардың құқықтық субъектілігі киберкеңістікте айтарлықтай өзгереді, тіпті кей тұста қайта түзіледі деуге болады. Ең алдымен, интернет пен цифрлық технологиялар баланың әлеуметтік өмірге еркін араласуын жеңілдетті: қазірдің өзінде балалардың басым көпшілігі ғаламторды күнделікті пайдаланады. Зерттеулерге қарағанда, Ресейде 12-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің 99%-ы күн сайын интернетке кірсе, 7-11 жастағы балалардың 83%-ы, тіпті 3-6 жастағы сәбилердің өзінде 68%-ы ғаламторды пайдалануға тартылған [20].

Қазақстанда да ұқсас жағдай: мектеп жасындағы балалардың басым бөлігі - оқу, ойын-сауық, коммуникация үшін онлайн кеңістікті пайдаланады. Цифрлық буынның өкілдері технология тілін ерте меңгеріп, киберкеңістікте «виртуалды азаматтық» танытып отыр. Алайда баланың цифрлық әлемге бұлай кеңінен енуі оның құқықтық жағдайын күрделендіре түсуде. Нақтылай айтқанда, кәмелетке толмаған интернетте бола тұрып әдеттегі офлайн өмірінде кездеспейтін жаңа құқықтық қатынастарға тап болады. Біріншіден, баланың жеке басының дербестігі мен қауіпсіздігіне қатысты тәуекелдер артады: интернетте бала өз бетінше тіркелгі жасайды, түрлі сервиске жазылады, келісім шарттарын белгілейді - бұлардың бәрінде шын өмірдегідей ата-ананың немесе мемлекеттік органның тікелей бақылауы жоқ.

Номиналды түрде көптеген веб-платформаларпайдаланушы келісімінде жас шектеулерін көрсетіп, «13 жастан асқан болуы керек», «ата-ана рұқсаты қажет» деген талаптар қояды. Алайда іс жүзінде мұны айналып өту оп-оңай: кез келген бала жасын үлкенірек етіп көрсете салады. Нәтижесінде құқықтық рұқсат пен тыйым механизмдері толық іске аспай, балалар өздерін ересектерше ұстай алатын ортада қалады.

Екіншіден, цифрлық кеңістікте баланың құқықтық субъектілігі шекараларды бұзады - ғаламтор глобалдық болғандықтан, баланың құқықтары мен міндеттері тек өз елінің заңдарымен шектелмейді, трансшекаралық сипат алады. Мысалы, Қазақстанда бала құқықтарын қорғайтын белгілі бір тыйым немесе фильтр болса, басқа мемлекетте ондай шектеу жоқ болуы мүмкін, ал интернетте ол шекпен қамтамасыз етілмейді.

Бұл баланың құқықтық қорғалуын әлсіретеді: ұлттық құқықтық жүйе балаға офлайн кепілдік берген көп нормалар онлайн кеңістікте орындалмай қалуы мүмкін. Басқаша айтқанда, киберкеңістікте бала тек Қазақстан

заңдарының «қамқорында» емес, сонымен бірге халықаралық, шетелдік құқықтық режимдердің ықпалына түседі.

Үшіншіден, баланың цифрлық ортадағы мінез-құлқы жаңа құқықтық жауаптылық түрлерін туындатуда. Бұрын бала үйінде отырып, бүкіл әлемге жария мәлімдеме жасай алмайтын, қазір әлеуметтік желіде кез келген пікірді ашық тарата алады. Бұл – сөз бостандығы құқығын жүзеге асырудың бір көрінісі, бірақ онымен қоса баланың өз айтқан сөзі үшін жауап беру мәселесі туындайды. Мысалы, бала желіде басқа адамды қорласа немесе жалған ақпарат таратса, формальды түрде бұл әрекеттер заңға қайшы, бірақ баланың жасы кіші болса, оған қандай шара қолдану қажет? Осы сұрақтар құқық қолдану практикасына қиындық тудырып отыр: бала біреуге жала жапса не кибербуллинг жасаса, жасы жетпегендіктен қылмыстық жауапқа тартылмайды, алайда жәбірленуші тарап әділдік іздейді. Демек, цифрлық әлемде баланың құқықтық мәртебесі жаңа балама механизмдерді талап етеді - дәстүрлі жауапкершілік жүйесін (қылмыстық, әкімшілік жаза) педагогикалық, психологиялық шаралармен толықтыру немесе интернет-платформалардың өзін-өзі реттеуін пайдалану қажет болады.

Сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен мәдениеті де цифрлық ортада сынға түседі. Жасөспірімдер онлайн кеңістікте өзін еркін сезінгенімен, құқықтық сауаты жетіспесе, опық жеп қалуы оңай. Мысалы, жеке мәліметтерін бөтен адамдарға бере салу, фишингтік алдауға түсу, күмәнді «челлендждерге» қатысу - мұның бәрі құқықтық және моральдық тұрғыдан қауіпті нәрселер. Интернеттегі ақпараттың ықпалы туралы ресейлік зерттеуші Н.М. Хромованың еңбегінде: «Интернетте таратылатын ақпарат балаларды кейде қоғамға қарсы мінез-құлыққа итермелейді, олардың құрбан болуына және қылмысқа тартылуына ықпал етеді» деп атап көрсетілген.

Шынында да, онлайн ортада бала теріс бағыттағы әсерлерге көбірек ұшырайды: экстремизм мен зорлық-зомбылықты насихаттайтын контент, өзін өзі зақымдауға немесе суицидке шақыратын «сынақтар» (мысалы, бір кездері қоғамды шошытқан «Көк кит» ойыны), порнографиялық материалдарға қолжетімділік - осындай ақпараттар жасөспірімнің психикасына, әлеуметтену үрдісіне зиян келтіреді. Бұл баланың құқықтық мәртебесінің жаңа аспектісі - ақпараттық қауіпсіздік құқығын алдыңғы қатарға шығарды. Қазақстандық зерттеушілер М.Т. Акимжанова мен Т.С. Тілеп атап өткендей, баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін немесе дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғалуға құқығы - балалардың басымдықпен қорғалатын құқықтарының бірі [20]. Демек, баланың ақпараттық қауіпсіздігі бүгінде оның құқықтық мәртебесінің өзекті құрамдас бөлігіне айналды.

Цифрлық ортадағы нақты проблемалар және құқықтық практика. Бүгінгі күні баланың құқықтық жағдайын цифрлық кеңістікте сипаттайтын бірқатар өзекті проблемалар бар. Олардың қатарында мыналарды атап өтуге болады:

- Ата-ана жауаптылығының ауқымы. Жоғарыда айтылғандай, заң бойынша ата-ана баланы тәрбиелеуге және қорғауға міндетті [16], ал бала теріс қылық жасаса, көбіне ата-ана жауап береді (материалдық шығынды өтеу, әкімшілік айыппұл төлеу және т.б.). Цифрлық кеңістікте бұл қағидатты

қолдану оңай емес. Мысалы, бала әлеуметтік желіде басқа біреуге тіл тигізіп, абыройына нұқсан келтірсе (яғни, интернет арқылы құқық бұзса), жәбірленуші сотқа шағымданған жағдайда зиянды өтеуді ата-анасынан талап етуі мүмкін. Азаматтық заңнама бойынша, он төрт жасқа толмаған жасөспірімдердің жасаған мәмілелері мен келтірген зияны үшін ата-анасы жауап береді, ал 14-18 жас аралығында жауаптылықты бала өзі және ата-ана бірге бөліседі деп шартты түрде айтуға болады [21]. Дегенмен, интернеттегі құқық бұзушылықтар көбіне жасырын немесе трансшекаралық сипатта болғандықтан, ата-ананың да баласының барлық ісінен хабардар болуы қиын.

Мемлекеттік органдар осы мәселені шешу үшін ата-аналардың цифрлық сауатын көтеру, балалардың интернеттегі белсенділігін қадағалауын заңмен міндеттеу бағытында қадамдар жасауда. Мысалы, ҚР ӘҚБтК-нің 435-бабы бойынша ата-ана кәмелетке толмаған баласының түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде жүруіне жол бергені үшін жауапқа тартылады [16]. Сол сияқты, 2021 жылы қабылданған бала құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамалық түзетулерге сәйкес, елімізде шетелдік онлайн-платформалар балаларға зиян контентті бақылау шараларын күшейтуге міндеттелді [22].

Ата-ананың цифрлық ортадағы жауапкершілігі жөнінде қоғамда да пікірталастар жүріп жатыр: «Баланың онлайн іс-әрекеті үшін ата-ананы жазалау қаншалықты әділ?» деген сұрақ жиі көтеріледі. Біздіңше, бұл жерде тепе-теңдік қажет: бір жағынан, ата-ана өз баласының интернеттегі жүріс-тұрысына белгілі бір дәрежеде жауапты болуы тиіс (тәрбиелік бақылау міндеті), екінші жағынан, баланың жеке кеңістігі мен құпиясына шамадан тыс қол сұғуға да болмайды. Осы мәселенің шешімін табуда кей мемлекеттер заңнамалық ерекше жолдарды таңдауда - мысалы, АҚШ-та кейбір штаттарда балалардың әлеуметтік желіге тіркелуі тек ата-ана келісімімен мүмкін болатынын бекітетін заңдар. Флорида штаты 2023 жылы 14 жасқа дейінгі балалардың әлеуметтік желі аккаунттарын мүлде жауып тастауды, ал 14-15 жастағылар үшін ата-анасының рұқсаты міндетті болуын заңмен енгізді.

Джорджия, Теннесси сынды штаттар да кәмелетке толмағандардың аккаунттарына ата-аналық верификация және келісім шарттарын енгізуді талап етті [23]. Бұл шаралар ата-ананың жауапкершілігін заң арқылы бекіту әрекеті болса, Еуропада балама жолдар қарастырылуда - ата-аналарға арналған бала қауіпсіздігі туралы нұсқаулықтар, ата-ана бақылауы (parental control) бағдарламаларын пайдалану ынталандырылуда. Қазақстан үшін де цифрлық дәуірдегі ата-ана жауапкершілігінің шегін нақтылап, қажет болса заңнаманы жетілдіру өзекті. Баланың «цифрлық келісімі» (онлайн келісім беру мәселесі). Кәмелетке толмаған адамның заңды мәмілелерге келісім беру қабілеті шектеулі екенін айттық. Бірақ іс жүзінде балалар күн сайын интернетте түрлі келісімдерге қатысып жатыр: әлеуметтік желілердің пайдалану шарттарын қабылдайды, мобильді қосымшаларды орнатқанда шығатын лицензиялық келісімдерді «оқыдым, келісемін» деп белгілейді, кейде электрондық саудада төлем операцияларын жасайды. Заң тұрғысынан алып қарағанда, мұндай келісімдердің көпшілігі күмәнді - себебі бала ресми әрекет қабілетті емес, демек оның келісімі жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Алайда платформа иелері бұған назар аудармайды, ал бала өз құқығының бұзылғанын аңғармайды. Нәтижесінде, баланың дербес деректерінің жиналуы, оларды жарнамалық мақсатта пайдалану, тіпті үшінші тұлғаларға берілуі ата-ана келісімінсіз жүре береді. Бұл – баланың құпиясына, жеке деректеріне қол сұғылмау құқығына қатер. Халықаралық деңгейде балалардың дербес деректерін қорғау ерекше маңызға ие болып отыр. 2018 жылы күшіне енген Еуропалық Одақтың Жалпы деректерді қорғау регламенті (GDPR) бойынша, 16 жасқа дейінгі балалардың дербес ақпаратын өңдеуге тек ата-ана рұқсатымен жол беріледі (кейбір елдер бұл шекті 13 жасқа төмендетті). Америка Құрама Штаттарында 1998 жылдан бері Балалардың онлайн құпиялылығын қорғау туралы заң (COPPA) қолданыста, ол 13 жасқа толмаған балалардың жеке ақпаратын ата-анасының верификацияланған келісімінсіз жинауға тыйым салады. Қазір көптеген елдерде осы үлгіге ұқсас заңдар пайда болуда: 2024 жылы Вирджиния мен Нью-Йорк штаттары 13-17 жас аралығындағы жасөспірімдердің деректерін жинауды өз юрисдикцияларында реттейтін құқықтық актілер қабылдап, ата-ананың келісімі мен баланың саналы келісімін талап етуде [23]. Қазақстанда да дербес деректерді қорғау туралы заңнама бар, алайда ол балалардың цифрлық келісімінің ерекшеліктерін жекелей қарастырмаған. Осыған байланысты, автордың пікірінше, болашақта елімізде «цифрлық келісім» ұғымын заңнамалық тұрғыда айқындап, белгілі бір жасқа дейінгі балаларға қатысты онлайн мәмілелер мен келісімдердің құқықтық күшін конкретизациялау қажет. Бұл баланың цифрлық ортадағы құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болмақ.

Әлеуметтік желідегі буллинг (кибербуллинг). Соңғы жылдары балалар арасында өзекті мәселеге айналған құбылыс - буллинг, оның ішінде интернеттегі қудалау, зорлық-зомбылық сипатындағы қысым. Кибербуллинг деп цифрлық технологияны қолдана отырып қорқыту, мазалау, қорлау әрекеттерін айтады [24]. Ол әлеуметтік желілерде, хабарлама алмасу қосымшаларында, онлайн ойындарда, жалпы интернеттің кез келген интерактивті алаңында көрініс табуы мүмкін. Кибербуллингтің дәстүрлі (мектептегі) буллингтен айырмашылығы - оның кең ауқымдылығы, тәуліктің кез келген уақытында жалғасуы және көпшілік алдында масқаралау ықтималының жоғарылығы. Қазақстан қоғамында буллинг мәселесі өте өзекті: зерттеулер көрсеткендей, жасөспірімдердің 17%-ы кемінде айына бір рет мектептегі немесе онлайн буллингтің құрбаны болады екен.

Ал 11-15 жастағы балалардың 12%-ы өмірінде бір рет болсын кибербуллингке ұшырағанын, 11%-ы өздері де басқаға қоқан-лоқы көрсетіп, кибербуллингке қатысқанын мойындаған. Бұл деректер кибербуллингтің кең таралғанын және оның құқықтық шараларды қажет ететінін айғақтайды.

Кибербуллинг баланың психикалық және эмоционалдық саулығына зор зиян келтіреді, оны шарасыздық пен үмітсіздік күйіне түсіреді, тіпті кей жағдайда өзіне қол жұмсауға итермелеуі мүмкін. Мұндай трагедиялар әлемде де, елімізде де орын алғаны белгілі. Осы себепті Қазақстан билігі балаларды буллингтен қорғау бағытында кешенді қадамдарға баруда. 2020 жылы

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Жолдауында кибербуллингтің алдын алу үшін заңнамалық негіз қажеттігін атап өтіп. соның нәтижесінде 2021-2022 жылдары Парламент «Балаларды буллинг пен кибербуллингтен қорғау туралы» заңнамалық түзетулерді мақұлдады [25]. Аталған өзгерістер бойынша, Интернет желісіндегі заңға қайшы ақпаратты (баланы қорлайтын, зорлық-зомбылыққа шақыратын және т.б.) анықтау және жою тетіктері қарастырылды, сонымен бірге халықаралық платформаларды Қазақстан заңнамасын сақтауға міндеттеу шаралары енгізілді [22]. Бұл құқық қолдану тәжірибесінде алғашқы қадамдар ғана; кибербуллинг үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі де талқылануда. Әзірге Қылмыстық кодекстің 131-бабындағы «қорлау» немесе 147-баптағы «жеке өмірге қол сұғу» сынды нормаларды пайдаланып, кей жағдайда кибербуллерлерді жауапқа тартуға әрекет жасалады, бірақ бала әрекет етсе, жасыңа байланысты жауапкершілік туындамай қалатынын жоғарыда айттық. Осы орайда құқық қорғау органдары көбіне тәрбиелік және сақтандыру шараларына жүгінуде: мектептерде буллингтің алдын алу бағдарламаларын енгізу, оқушылар мен ата-аналарға тренингтер өткізу, жұртшылықты ақпараттандыру.

Сарапшылардың пікірінше, буллингпен күресте ең бастысы - жазалау ғана емес, балаларды мейірімділікке, өзара құрметке баулу, агрессияны бейбіт жолмен өңдеуге үйрету. Мәселен, әлеуметтанушы М. Бектенованың айтуынша, буллинг мәселесін шешу үшін заң қабылдау жеткіліксіз, сонымен бірге «бала тәрбиесі, буллингтің алдын алу бойынша бағдарламаларды енгізу, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру жөнінде жүйелі жұмыс қажет». Бұл – маңызды тұжырым. Шынында да, кибербуллингтің түп-тамыры әлеуметтік ортада жатыр, оны тек құқықтық тетіктермен түбегейлі жою қиын. Сондықтан Қазақстан Үкіметі соңғы жылдары балалардың бос уақытын қамту, спорт және өнер үйірмелерін қолжетімді ету, психологиялық қызметтер желісін дамыту сияқты кешенді қадамдар жасауда [25]. 2023 жылғы жаңа заң бойынша мектептерде буллингтің алдын алу ережелері енгізіліп, әр білім беру ұйымында буллинг жағдайларын қарастыратын кеңестер құру міндеттелді. Осылайша, баланы цифрлық ортадағы қатігездік пен зорлықтан қорғау бағытында құқықтық практика да, әлеуметтік шаралар да қатар іске асуда.

Балаларды зиянды контенттен қорғау. Жоғарыдағы мәселелермен үндес тағы бір күрделі проблема - интернет кеңістігіндегі балаларға зиянды ақпарат. Бұл порнография, экстремизм, суицидтік бағыттағы материалдар, құмар ойынға тарту, есірткіні насихаттау және т.б. ақпарат түрлері. Мұндай контентке тосқауыл қою – баланың ақпараттық қауіпсіздік құқығын қамтамасыз етудің бір бөлігі. Қазақстан 2018 жылы «Балаларды денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» заң қабылдауға талпынғанымен, ол жоба күйінде қалды; дегенмен еліміздің қолданыстағы бірқатар заңнамалық актілерінде (БАҚ туралы заң, Білім туралы заң, Ақпараттандыру туралы заң, т.б.) балаларды зиянды ақпараттан қорғауға қатысты нормалар бар. Мысалы, ҚР «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңына енгізілген түзетулерге сәйкес, теле-радио өнімдерге жас

Аталған 127-2-бап Қазақстанда буллинг пен кибербуллингке қарсы күрестегі маңызды қадам болды. Президент Қ.Тоқаевтың 2024 жылғы бастамасымен әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған заңнама пакеті аясында буллинг үшін әкімшілік жауаптылық алғаш рет енгізіліп, кәмелетке толмағандарды қорлау (соның ішінде кибербуллинг) заңмен тыйым салынғаны жарияланды Осылайша, бұрын ҚР заңнамасында болмаған «кибербуллинг» термині мен оған қарсы санкциялар бекітілді. Бұған дейін буллинг оқиғалары құқықтық статистикада жеке санат ретінде бөлінбейтін, кейде төбелес, ұсақ бұзақылық сияқты басқа баптармен дәрежеленіп келді, ал біразы тіпті есепке алынбайтын еді. 127-2-баптың енгізілуі мұндай істерді даралап қарастыруға және ресми тіркеуге мүмкіндік берді. Кибер құқық бұзушылықтарға байланысты тағы бір маңызды норма - ӘҚБтК 73-3-бабы («Жала жабу»). Бұл бап 2020 жылы қабылданған өзгерістермен Қылмыстық кодекстен әкімшілікке ауыстырылған [43]. Жала жабу - басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе беделін түсіретін көрінеу жалған мәлімет тарату - әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады. 73-3-бап бойынша: жеке тұлғаға жасалған жала үшін 160 АЕК айыппұл салуға немесе 15 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алуға болады; егер бұл әрекет көпшілік алдында не БАҚ немесе телекоммуникация желілерін пайдаланып жасалса - айыппұл 180 АЕК-ке дейін, қамақ 20 тәулікке дейін ұзартылады. Адамды ауыр қылмыс жасады деп жалған айыптау сияқты ауыр формалары үшін 200 АЕК айыппұл не 25 тәулік қамақ тағайындалуы мүмкін [42]. Бұл норманың маңызы - интернет арқылы

жалған ақпарат, өсек тарату, әсіресе біреудің беделіне нұқсан келтіретін фейк жаңалықтар, әлеуметтік желілердегі өсектер үшін жедел шара қолдануға жол ашады. Егер мұндай әрекеттер қылмыстық дәрежеге жетпесе (ҚР Қылмыстық кодексінде жала жабу қылмысы алынып тасталған), әкімшілік тәртіпте айыппұл салынып немесе қысқа мерзімге қамауға алу мүмкіндігі бар.

Мысалы, көпшілікке жалған ақпарат таратып, жеке тұлғаны масқаралауға тырысқан анонимді аккаунт иесі анықталған жағдайда, 73-3-бап бойынша 15 тәулікке дейін абақтыға жіберілуі ықтимал - бұл киберкеңістіктегі жалған ақпарат пен абыройға қол сұғушылыққа елеулі тоқтау салатын норма.

Интернетте тіл тигізу және балағаттау жағдайлары әкімшілік және қылмыстық заңның тоғысында орналасқан. Қорлау (жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту) қазіргі кезде ҚР Қылмыстық кодексінің 131-бабы бойынша қылмыстық теріс қылық саналады. Оны жасағаны үшін 100 АЕК-ке дейін айыппұл не 120 сағатқа дейін түзеу жұмыстары немесе қоғамдық жұмыстар белгіленген. Алайда қорлау қылмыстық ісі жәбірленушінің жеке айыптау тәртібімен (арызы бойынша) қозғалады және көп жағдайда ауыр процедураны талап етеді. Сол себепті интернеттегі бір реттік қорлау фактілері көбіне әкімшілік деңгейде қаралады. Егер балағаттау қоғамдық орын деңгейінде немесе айналасындағыларға анық сыйламаушылық танытып, жұрттың тыныштығын бұзса - онда ол ӘҚБтК 434-бабы («Ұсақ бұзақылық») ретінде жіктеледі. Ұсақ бұзақылық деп қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, айналадағы адамдарды сыйламау белгіленген әрекеттер түсініледі.

Мысалы, әлеуметтік желідегі ашық топта немесе көпшілікке көрінетін пікірде біреуді ауыр балағат сөздермен қорлау - айналадағы оқырмандарға да әсер ететін, қоғамдық тәртіпті бұзатын әрекет ретінде танылып, 434-баппен қаралуы мүмкін. Бұл бап бойынша жаза сот тәртібімен ескерту не 5-15 тәулікке дейін әкімшілік қамақ түрінде тағайындалады. 2023 жылғы өзгерістермен ұсақ бұзақылық үшін айыппұл мөлшері 20 АЕК-ке (69 мың теңге) дейін өсіріліп, қамау мерзімі 15 тәулікке дейін ұзартылды [40]. Демек, интернетте көпшілікке балағат сөздер айту, төбелеске шақыру, кемсіту фактілері қазір қатаңырақ жазаға тартылуда.

Интернеттегі отбасылық-тұрмыстық қатынастағы қорлау әрекеттері бөлек қарастырылады. Мысалы, егер құқық бұзушы жәбірленушімен отбасы тұрмыстық қатынаста (туыс, бірге тұратын адам) болып, оған балағат сөздер айтып, дөрекілік танытса, бұл іс ӘҚБтК 73-бабына (отбасылық зорлық-зомбылық белгілері бар әрекеттер) жатқызылып, сот тәртібімен ескерту не 5 тәулікке дейін қамауға алуға әкеп соғады [40]. Бұл бап ең алдымен тұрмыстағы психологиялық зорлық-зомбылықтың (соның ішінде отбасындағы киберқорқыту - мысалы, жұбайының телефон арқылы үздіксіз қорқытуы) алдын алуға бағытталған. Сонымен бірге, Ақпараттық кеңістіктегі кейбір заң бұзушылықтар да әкімшілік құқық нормаларымен реттеледі. Мысалы, 2022 жылы қабылданған заңға сәйкес, ірі әлеуметтік желілер Қазақстан аумағында балаларға қатысты буллинг сипатындағы контент анықталса, оны тәулік ішінде бұғаттауға міндетті [39].

Әлеуметтік желі операторлары Қазақстанда өздерінің заңды өкілдерін тағайындап, олар Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен өзара іс-қимыл жасауға тиіс деп заңда белгіленді [39]. Ата-ана министрлікке баласына қатысты кибербуллинг жөнінде шағым түсірсе, уәкілетті орган 3 жұмыс күні ішінде жағдайды қарап, әлеуметтік желі өкіліне хабарлайды, ал өкіл 24 сағат ішінде буллинг мазмұндағы жазбаны өшіруге міндетті [39]. Орындамаған жағдайда, платформаға қатысты шаралар қолданылуы мүмкін (Қазақстан заңдары толық блоктауға жол бермегенімен, әкімшілік ықпал ету тетіктері қарастырылған). Бұл норма балаларды интернеттегі зорлық-зомбылықтан жедел қорғауға арналған әкімшілік-құқықтық тетік ретінде бағаланады. Ұқсас шаралар әлемде Германияның NetzDG заңында және Ұлыбританияның Online Safety Act заңында да бар (төменде халықаралық бөлімде қаралады).

Жалпы, Қазақстан ӘҚБтК-нің жоғарыдағы баптары кибер құқық бұзушылықтардың әртүрлі түрлерін қамтиды: буллинг пен қорлау - 127-2 және 73-3 баптар; балағаттау, анайы әрекеттер - 73 және 434-баптар; ата-ана мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі - 127 және 127-1 баптар; сондай-ақ ақпараттық кеңістіктегі өзге де заң бұзушылықтар тиісті салалық баптармен (мысалы, экстремистік материалдар тарату ҚК-ке жатса, заңсыз онлайн жарнама, авторлық құқықты бұзу және т.б. арнайы нормалармен) реттеледі. Ендігі кезекте кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығының ерекшеліктері мен практикасына тоқталайық.

*Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілік ерекшеліктері.* Қазақстан заңнамасында кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы ерекше ережелермен айқындалған. ӘҚБтК-нің 66-бабы «Кәмелетке толмағандарға әкімшілік жаза қолданудың ерекшеліктері» деп аталады және 16 жасқа толмаған құқық бұзушыларға қатысты бірқатар шектеулер қояды. Жалпы ереже бойынша, әкімшілік жауаптылыққа тарту жасы - 16 жас. Яғни 16 жастан төмен тұлға әкімшілік құқық бұзушылық субъектісі бола алмайды, оларға тікелей айыппұл не өзге жаза салынбайды. Дегенмен, 2024 жылғы өзгерістер кәмелетке толмағандар жасаған кейбір әрекеттер үшін жанама жауаптылық тетігін енгізді - буллинг жасаған 12-15 жастағылардың ата-аналарына айыппұл салу (жоғарыда 127-2-бап) осы мақсатты көздейді.

ӘҚБтК 66-бабына сәйкес, кәмелетке толмаған адамға салынатын айыппұл мөлшері қандай жағдай болмасын 10 АЕК-тен аспауға тиіс. Яғни, 16 немесе 17 жастағы жасөспірім әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, егер тиісті баптың санкциясында әлдеқайда ірі айыппұл көзделсе де, оған ең көп дегенде 10 АЕК (шамамен 2025 жылға 35 мың теңге айналасында) айыппұл салынады. Мысалы, 73-3-бап бойынша жалған ақпарат таратуға жалпы 160 АЕК айыппұл жазылса да, егер оны 17 жасар бозбала жасаса, оған 10 АЕК-тен артық айыппұл берілмейді. Сонымен қатар, 66-бап 16-17 жастағы адамның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаса, айыппұлды оның ата-анасына немесе қамқоршысына салу қарастырылған [42]. Яғни, жасөспірімде табыс немесе мүлік жоқ болуы табиғи жағдай, сондықтан әкімшілік айыпты ата-ана өтейді (ата-ана бұл жағдайда субсидиарлық жауапты). Заң кәмелетке толмағандарға кейбір жаза түрлерін қолдануға тыйым салады.

Атап айтқанда, әкімшілік қамаққа алу (қамауға алу) 18 жасқа толмаған адамдарға қолданылмайды деп ұғындырылады. 66-баптың 3-бөлігіне сәйкес, әкімшілік жазалардың басқа түрлері (қамақтан басқа) жалпы негіздерде қолданылуы мүмкін, ал қамаққа алу кәмелетке толмағандарға тағайындалмайды [42]. Сондықтан, жасөспірім қандай да бір құқық бұзушылық жасаса, оны тек ескерту немесе айыппұлмен шектеу қарастырылған; әкімшілік тәртіпте түрмеге жабу шарасы қолданылмайды. Бұл халықаралық стандарттарға (БҰҰ Балалар құқықтары туралы конвенциясына) сай келеді, яғни бостандығынан айыру ең соңғы шара ретінде ғана және қысқа мерзімге қолданылуы керек, ал әкімшілік деңгейде ондай жаза мүлде жоқ.

ӘҚБтК 67, 68-баптарында кәмелетке толмағандарға жаза қолдану тәртібі мен мерзімдері көрсетілген. Мысалы, 16-17 жастағы жасөспірімге әкімшілік жаза қолданылса, ол 6 айдан кейін жауапқа тартылды деп есептелмейді (сотталғандық мерзімі қысқа) [42], бұл да олардың құқықтық жағдайын жеңілдететін нормалардың бірі.

Кәмелетке толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылықтарының алдын алу және оларға тәрбиелік ықпал ету үшін заңда қосымша шаралар қарастырылған. ӘҚБтК-нің 66-бабының 1-бөлігінде «кәмелетке толмаған адамға әкімшілік жаза қолданғанда тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін» делінген. Яғни жасөспірім заң бұзса, тек айыппұл салып қана қоймай, оған қоса ескерту-профилактикалық әңгіме, мінез-құлқын түзетуге бағытталған шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай тәрбиелік ықпалдың нақты түрлері ӘҚБтК-де ашық жазылмағанымен, тәжірибеде мектептегі педагогикалық кеңестер, ювеналдық полиция инспекторларының алдын алу әңгімелері, психологтың жұмысы сияқты тәсілдер қолданылады. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың рөлі зор. Аталған комиссиялар әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылмайтын (жасы толмауына байланысты) құқық бұзған балалардың ісін қарап, оларға түрлі тәрбиелік ықпал шараларын қолданады (ескерту, арнайы есепке қою, мінез-құлқына бақылау белгілеу, қажетті жағдайда арнайы тәрбиелеу мекемесіне жолдау). Мысалы, «Бала құқықтары туралы» ҚР Заңының 26-бабына сай кәмелетке толмаған балаға қатысты профилактикалық шара ретінде оны мінез-құлқы қиын балаларға арналған арнайы білім беру ұйымына жіберу сот тәртібімен мүмкін. Бұл көбіне 11 жас пен 18 жас арасындағы бірнеше рет тәртіп бұзған немесе қолайсыз отбасынан шыққан балаларға қолданылатын тәрбие шарасы.

Ата-аналардың әкімшілік жауапкершілігі - кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу мен олар үшін жауаптылық тағайындаудағы негізгі механизмнің бірі. ӘҚБтК-нің 127-бабы осыған арналған. 127-баптың атауы 2024 жылы өзгеріп, «Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу, оқыту, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамау» деп аталады [42]. Бұл баптың мазмұнына сәйкес:

- Ата-аналар немесе заңды өкілдер балаларын тәрбиелеу, оқыту, олардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттерін тиісінше орындамаса - 10 АЕК айыппұл салынады [42]. Мысалы, баласының мінез-құлқын қадағаламай, оның құқық бұзушылық жасауына жол берген ата-ана осы негізде жауапқа тартылуы мүмкін.

- Егер бұл әрекет бір жыл ішінде қайталанса - 15 АЕК айыппұл не 5 тәулікке дейін қамақ қарастырылған [42].

- 127-баптың 3-бөлігі ерекше мән-жайды көрсетеді: ата-ана (не оны алмастыратын адам) немесе тәрбиеші, педагог баланың алкоголь, есірткі пайдалануы немесе қаңғыбастықпен айналысуына, не қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауына әкеп соқса, яғни соған жол берсе - 20 АЕК айыппұл не 10 тәулікке дейін қамақ тағайындалады [42]. Бұл тармақ баланың ауыр құқық бұзушылыққа баруына тікелей себепкер немесе жағдай жасаған ересектерді жазалауға мүмкіндік береді.

2024 жылғы заңнамалық өзгерістер ата-аналардың бала қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілігін де күшейтті. Мысалы, кішкентай балалардың терезеден құлап кету оқиғалары, баланы көлікте қараусыз қалдыру сияқты жағдайлар жиілеген соң, 127-бапқа «қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындамау» қосылды [42]. Енді балаға қауіп төндіретін салғырттық - әкімшілік жауапқа тартудың негізі. ІІМ мәліметінше, баланы терезеден құлауынан сақтау үшін жағдай жасамау, автокөлікте жалғыз қалдыру сынды оқиғалар орын алса, ата-ана 127-бап бойынша жауап береді [40]. Бұл өзгерістер қоғамда балалар қауіпсіздігіне ата-ананың немқұрайдылығын азайтуға бағытталған маңызды қадам деп бағаланды.

Ата-аналардың жауапкершілігі тек өз баласын қадағаламағаны үшін емес, бала басқа біреудің құрбаны болған жағдайда да туындайды. 2024 жылғы заңнамада білім беру ұйымдарына жаңа міндет жүктелді: егер мектепте не балабақшада балаға қатысты буллинг немесе өзге құқыққа қарсы әрекет орын алса, оқу орны дереу құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті. Бұрын кей жағдайда мектеп әкімшілігі «өзіміз шешеміз» деп, буллинг фактілерін жабуға тырысатын. Енді ондай әрекет 127-1-бап бойынша қарастырылуы мүмкін. 2019 жылы енгізілген 127-1-бап «Кәмелетке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламау» деп аталады. Бұл бап бойынша білім беру, денсаулық сақтау немесе әлеуметтік қорғау ұйымдарының қызметкерлері жұмысы барысында балаға қатысты құқық бұзушылық туралы белгілі болса, оны құқық қорғау органдарына хабарламағаны үшін жауапқа тартылады. Жеке тұлғаға - 5 АЕК, лауазымды адамға - 10 АЕК айыппұл салу көзделген; жыл ішінде қайталаса тиісінше 20 және 30 АЕК айыппұлға дейін өседі [42]. Бұл норма мектеп мұғалімдерін, директорларын, дәрігерлерді, әлеуметтік қызметкерлерді қамтиды. Мысалы, мектепте оқушы ұзақ уақыт буллингке ұшырап жүргенін біле тұра, мектеп әкімшілігі полицияға хабарламаса - ол үшін 127-1-баппен айыппұл салынуы ықтимал. Батыс Қазақстан облысының сот практикасы осы бапты қолданудың нақты мысалын көрсетті: 2024 жылы. Орал қаласында 13 жасар оқушыны екі жыл бойы қорлап келген жағдайды мектеп басшылығы мен

сынып жетекшісі дер кезінде ашып, тәртіп комиссиясына шығармаған. Тергеу барысында бұл дерек анықталып, жауапты тұлғаларға 127-1-баппен іс қозғауға негіз болғаны хабарланды (іс материалдары қоғамға толық ашылмағанмен, аталған бап қолданылғанын көруге болады). Мұндай тәжірибе білім беру саласының қызметкерлерін оқушылар арасындағы зорлық-зомбылыққа бей-жай қарамауға ынталандырады. Сонымен, Қазақстан кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы саласында «қосақталған жауапкершілік» принципін жүзеге асырып отыр: жас бала заң бұзса - ата-ана жауап береді, ал бала жәбір көрсе - тағы да сол баланың қауіпсіздігіне жауапты ересектер (мектеп, ата-ана) жауапкершілікке тартылады. Бұл жүйе кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу мен оларды ерекше қорғау мақсатына негізделген.

Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қатысты профилактикалық жұмыс көпвекторлы жүргізіледі. ІІМ Жергілікті полиция қызметі құрамында ювеналды полиция инспекторлары мектептерге бекітіліп, тәуекел тобындағы балалармен жұмыс істейді. Әкімдіктер жанындағы комиссиялар ай сайын құқық бұзған немесе қиын балаларға қатысты отырыстар өткізіп, жеке іс жоспарларын бекітеді. Мысалы, Астана қаласында 2025 жылдың басынан бері «Қауіпсіз жол» және «Назар аударыңыз - балалар!» сияқты рейдтік іс-шаралар өткізіліп, мыңдаған әкімшілік құқық бұзушылық анықталды (оның ішінде комендантты сағатты бұзу, көше кезу фактілері). Мұндай шаралар жасөспірімдердің құқық бұзуға бейім мінез-құлқын ерте кезеңде түзетуді көздейді. Қорыта айтқанда, Қазақстанның әкімшілік заңнамасы кәмелетке толмағандарға қатысты бала-ата-ана-мектеп желісі бойынша кешенді жауапкершілік жүйесін орнатқан. Баланың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етпегені үшін ата-анаға айыппұл салынады, баланы буллингке ұшыратқан жасөспірімнің ата-анасы жазаланады, ал балаға жасалған зорлық-зомбылықты жасырған мұғалім де жазасыз қалмайды [42]. Мұның бәрі кәмелетке толмағандарды зиянды контент пен қатыгез әрекеттерден қорғауға, сондай-ақ олардың өздерінің құқық бұзушылық жасауының алдын алуға бағытталған әкімшілік-құқықтық тетіктер.

*Кибербуллинг және онлайн құқық бұзушылықтар бойынша құқық қолдану тәжірибесі (Қазақстан).* Қазақстанда кибербуллингке қарсы әкімшілік жауапкершілік енгізілген 2024 жылдан бері осы бағыттағы құқық қолдану тәжірибесі қалыптаса бастады. ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің дерегіне сәйкес, 2024 жылдың екінші жартысында (маусымнан желтоқсанға дейін) елімізде ресми түрде 149 буллинг фактісі тіркеліп, барлығына әкімшілік іс қозғалып, сотқа жолданған [44]. Бұрын мұндай оқиғалар жеке есепке алынбайтындықтан, бұл статистика заңнаманың тиімді іске асып жатқанын көрсетеді. Мысалы, 2024 жылғы желтоқсанда жарияланған ресми ақпаратта: «Жаз айларында балаларға қарсы кез келген зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған заңнамалық түзетулер қабылданғаннан бері буллинг үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді. Қазіргі жылдың өзінде 149 буллинг фактісі тіркелді. Олардың барлығына әкімшілік хаттама толтырылып, сотқа процессуалдық шешім қабылдауға жіберілді»

делінген [45]. Бұл - жарты жыл ішінде жүзден астам іс сот қарауына жолданды деген сөз. Салыстыру үшін, 2023 жылға дейін буллинг оқиғалары көбіне «төбелес», «әлімжеттік» деп ішінара тіркелсе, көп бөлігі бейресми түрде қалатын еді [44]. Енді жаңа бап оларды ашық статистикаға шығарып, әрқайсысын қарауға мүмкіндік берді.

Тіркелген істер бойынша соттар алғашқы шешімдерін шығаруда. 2024 жылғы қарашада Батыс Қазақстан облысының соты ата-анаға 127-2-бап бойынша алғашқылардың бірі болып жаза тағайындады. Орал қалалық сотында 13 жасар жасөспірімнің 10 жастағы баланы екі жыл бойы бопсалап, ақша тартып алып келгені туралы әкімшілік іс қаралды. Сотта агрессордың анасы баласына түсіндіру жүргізгенін айтса да, буллинг фактісін мойындағысы келмеді, ал жәбірленушінің анасы екі жыл бойы ұлының қорқып, үндемей келгенін, енді татуласудан бас тартатынын айтты. Іс материалдары буллингтің болғанын - хаттама, жәбірленуші арызы, куәгерлердің жазбаша түсініктемелері арқылы дәлелдеді. Сот 127-2-баптың 1-бөлігі бойынша жазаның шегі ескерту немесе 10 АЕК айыппұл екенін атап өтті. Жасөспірімнің анасының үш баласы бар, тұрақты жұмысы және табысы жоқ екені, бұрын баласының тәртібі үшін жауапкершілікке тартылмағаны ескеріліп, оған ескерту түрінде әкімшілік жаза тағайындалды [46]. Яғни алғашқы іс бойынша сот ең жеңіл санкцияны таңдады, бұл да тәрбиелік ықпалдың бір әдісі - анасына ресми ескерту берілді.

Дегенмен, сол жылдың қарашасында Қостанай облысында ұқсас істі қараған сот ата-анаға айыппұл салды. Б.Майлин аудандық соты 9-сынып оқушысының 8-сыныптағы қыз балаға жүйелі буллинг (күнделікті қорлау, қорқыту, намысына тию) жасағаны үшін оның әкесін жауапқа тартты. Сотта ата-ана кінәсін толық мойындап, баласымен тәрбие жұмысын жүргізгенін айтты; жәбірленуші қыздың анасы қызының жүрегі ауыратындығын, буллингтен соң депрессияға түскенін баяндады. Анықталғаны - осы ата-анаға бұған дейін баласының теріс қылықтары үшін бейресми түрде ескерту жасалған, мектептен шағымдар болған. Сондықтан сот бұл жолы жеңілдік қолданбай, 25 800 теңге көлемінде айыппұл салды [46]. Бұл сома шамамен 7 АЕК-ке тең (сол жылы 1 АЕК ~3 450 тг болса). Негізі 10 АЕК (36 920 тг) айыппұл салу мүмкін еді, алайда сот істің жағдайына қарай мөлшерді азайтқан сыңайлы. Әрине, ӘҚБтК санкциясы 10 АЕК деп нақты көрсеткендіктен, сот неге 25 800 тг тағайындағаны белгісіз: мүмкін, төлемді жыл соңындағы АЕК мәнімен есептегенде айырма шыққан, немесе ата-ана кінәсін мойындап, шығын өтегені ескерілген шығар. Қалай болғанда да, бұл іс - ата-анаға айыппұл салынған алғашқы прецеденттердің бірі. Кейіннен ІІМ өкілдері буллинг үшін ата-аналарға негізінен ескерту берілетінін, бірақ қайталанса және алдын алу шараларынан нәтиже шықпаса, айыппұл салынатынын түсіндірді.

2024 жылы елді дүрліктірген резонансты жағдай - Риддер қаласындағы буллинг оқиғасы. Мектепте оқитын қызды сыныптастары аяусыз қорлап, соққыға жыққаны туралы видео әлеуметтік желіге шығып, қоғам назарына ілікті. Ата-ана полиция мен мектепке бірнеше рет шағымданса да, шара

қолданылмағаны белгілі болды. Бұл дерек бойынша құқық қорғаушылар дабыл қағып, мәселені жариялады. Жергілікті полиция тек қоғамдық резонанстан кейін буллинг жасаған оқушыларды анықтап, оларды есепке қойды, мектеп басшылығы мен сынып жетекшісіне тәртіптік шара қолданылды. Облыстық білім басқармасы мен ювеналды полиция өкілдері сол мектепте жиналыс өткізіп, барлық жауапты тұлғаларды тәртіпке шақырды. Аталған іс бойынша 127-1-баппен (хабарламау) де тексеру жүрген болуы мүмкін, себебі мектеп әкімшілігінің әрекетсіздігі байқалған. Ақпарат құралдарының хабарлауынша, бұл оқиғадан соң өңірде бірде-бір буллинг фактісі назардан тыс қалмайтыны жөнінде уәде берілді [44]. Риддер оқиғасы - жаңа заң қабылданса да, бастапқыда құқық қолданушылардың (полиция, мектеп) енжарлығы кездескенін көрсетті. Дегенмен, қоғамның қысымымен жергілікті атқарушы органдар тез арада іске кірісіп, кінәлілерді жазалап, олқылықты түзетті. Бұл мысал буллингпен күресте тек заң қабылдау аз, оны нақты орындау және бақылау маңызды екенін айқын көрсетті.

Жалпы, 2024 жылдың екінші жартысында Қазақстан мектептерінде 1800 - ден астам «бейресми лидер» анықталды - бұлар сыныптастарына теріс әсер ететін, әлімжеттік жасаушы балалар. Сондай-ақ мектеп оқушылары арасында 70-тей бопсалау фактісі жолы кесілді [45]. Бұл көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда жоғары. ІІМ өкілінің айтуынша, бопсалау деректерінің көбеюі бір жағынан профилактикалық жұмыстың жақсаруынан - яғни бұрын көлеңкеде қалып келген көптеген жағдайлар енді анықталып отыр. Екінші жағынан, мектептегі агрессия мәселесі расымен ушығып тұрғанын да жоққа шығаруға болмайды. Ұлттық ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда оқушылардың шамамен 17,5%-ы кейде буллингке ұшырайтынын, 6,8%-ы айына бірнеше рет қатерлі мазаққа, қысымға тап болатынын көрсеткен. Әрбір жетінші оқушы (14%) өзгеге буллинг жасауға қатысқанын мойындайды екен [44]. Бұл деректер де мектеп ортасындағы буллингтің қаншалықты кең таралғанын растайды және енгізілген әкімшілік шаралардың өзектілігін дәлелдейді.

Кибербуллингтің салдары кейде орны толмас қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Мысалы, 2023 жылдың 10 айында Қазақстанда 169 кәмелетке толмаған өз-өзіне қол жұмсаған, бұл өткен жылға қарағанда 30%-ға көп. 15-17 жас аралығында суицид өсімі 45%-ға жетті. Әрине, әрбір суицидтің себебі сан алуан, бірақ мамандар көбіне мұндай жасөспірімдердің мектептегі немесе интернеттегі буллингтен соң күйзеліске ұшырағанын анықтайды. Буллинг баланың психикасына ауыр зардап әкеліп, депрессия, оқуға ынтасының төмендеуі, өз-өзіне қол жұмсауға бейімділікке итермелеуі мүмкін. Сондықтан мемлекет үшін буллингтің алдын алу - стратегиялық маңызы бар міндет.

Президент Тоқаев 2023 жылы буллинг мәселесін ерекше бақылауға алып, әрбір сигналға әрекет етуді тапсырды. Соның арқасында, әсіресе 2024 жылғы заңнамалық қатайтулардан кейін, жергілікті жерлерде әрбір анықталған буллинг оқиғасы бойынша іс қозғалып, кінәлілер жазаланып жатыр [44].

Интернет кеңістігінде онлайн тіл тигізу, қорлау бойынша да тәжірибені қарастырсақ: ҚР ІІМ өкілдері 2023 жылы әлеуметтік желілерде балағат

сөздер айту және қоғамдық тәртіпті бұзу фактілері бойынша полицияға шағымдар көбейгенін атап өтті. Мысалы, желіде ашық түрде біреуді қорлайтын сөз жазылса, жәбірленуші полицияға арыздана алады. Полиция ондай жағдайларда скриншот, видео сияқты дәлелдерді жинайды, қажет болса сараптама тағайындап, істі сотқа жолдайды. Егер әрекет жеке тұрғыда болса және жариялылық болмаса (біреуге жеке хатта балағаттау), онда Қылмыстық кодекстің 131-бабы бойынша іс қозғау мәселесі қаралуы мүмкін.

Ал әлеуметтік желідегі ашық жазбада тіл тигізу - қоғамдық тәртіпке әсер етсе - 434-баппен қаралып, айыппұл не қамау сұралады. 2023 жылғы наурыздан бастап ұсақ бұзақылық бойынша айыппұл 20 АЕК-ке көтерілгенін ескерсек, интернетте көпшілікті сыйламаушылықпен балағаттау қазір ~69 000 теңге айыппұл немесе 5-15 тәулік қамауға апарады. ІІМ өкілі Ш.Тұрлыбек 2023 ж. қаңтарда берген сұхбатында: «Егер әлеуметтік желіде балағат сөздер айтылса, айналадағы адамдарға сыйламаушылық танытып, тыныштығын бұзса, ол ұсақ бұзақылық ретінде қаралады» деп түсіндірді [40]. Демек, анонимді аккаунт арқылы болсын, шынайы атпен болсын, интернетте жұртты қорлап, боқауыз жазған адам жазасыз қалмайтынын полиция ресми мәлімдеуде. Дегенмен, анонимді аккаунттармен жұмыс істеу - құқық қорғау органдары үшін күрделі мәселе. Тәжірибеде көптеген қорлау, бопсалау фактілерінде құқық бұзушы жасырын атымен тіркеліп, жалған профиль қолданады. Мұндайда оны анықтау - техникалық күрделі процесс.

Заңгер Альбина Бахтиярқызы бұл туралы: «Интернетте жасалатын қылмыстарды ашу, оларды кім жасағанын білу өте қиын. Интернет - бүкіләлемдік желі. Қылмыскер басқа мекенжай, жалған аккаунт қолдануы мүмкін. Оларды анықтау тіптен қиын» деген [47]. Тергеушілерге IP-мекенжайлар, провайдер арқылы ақпарат алу қажет болады, ал егер құқық бұзушы шетелдік VPN, прокси пайдаланса, ізін кесу қиынға соғады. Соған қарамастан, қазақстандық полиция соңғы жылдары киберқылмыспен күрес бөлімшелерін күшейтіп, әлеуметтік желілермен байланыс орнатуда. Мысалы, 2022 жылы қабылданған заң негізінде Facebook, Instagram сияқты ірі платформалар Қазақстан тарапымен кибербуллинг бойынша жұмыс істеуге келісім берді - олар Гонконгтағы кеңселері арқылы қазақстандық уәкілетті органның өтініштерін қабылдап, 24 сағат ішінде қарауға дайын екенін мәлімдеген. Бұл да белгілі бір дәрежеде анонимдікпен күресуге, ең болмағанда зиянды контентті жоюға мүмкіндік береді. Бірақ толық шешім емес: халықаралық ынтымақтастық пен техникалық мамандану ауадай қажет.

Мәселені шешудің бір жолы ретінде кейбір елдер онлайн тіркеудің міндетті жүйесін енгізуге талпыныс жасаған. Оңтүстік Корея 2007 жылы «интернетті шын есіммен пайдалану» заңын енгізді - ірі сайттарда пікір жазу үшін азаматтар ЖСН (RRN) арқылы тіркелуі тиіс еді. Алайда бұл жүйе 2012 жылы Конституциялық сотта сөз бостандығын шектейді деп танылып, күшін жойды. Кореялық тәжірибе көрсеткендей, пайдаланушылар жай ғана шетелдік платформаларға көшіп кетіп, анонимділікті сақтап қала береді екен [48]. Сондықтан Қазақстан тікелей «барлығын құжатпен тіркеу» талабын қоймай, балама жолдарды таңдады: балаға қатысты буллинг контентін тез

өшіруді міндеттеу және платформалардың өкілдік ашуын талап ету (жоғарыда айтылғандай) [39]. Қазіргі таңда Қазақстанда барлық ұялы байланыс нөмірлері де жеке ЖСН-ға тіркеледі, бұл да белгілі дәрежеде анонимділікті азайтады (мысалы, WhatsApp нөмірі арқылы адамның иесін анықтау жеңіл). Алайда Telegram сияқты қызметтерде бұл механизм жүрмейді. Сондықтан құқық қорғау органдары анонимді буллингпен күресте көбіне цифрлық іздер мен халықаралық провайдерлерге сұрау салуға сүйенеді.

Қазақстан тәжірибесін тұжырымдай келе айтарымыз: кибербуллингке қатысты әкімшілік істер саны 2024 жылы айтарлықтай тіркелген (бірнеше айда 149 іс) [45], соттар алғашқы шешімдерін шығарды (ескерту, айыппұл түрінде) [46], ал кейбір жағдайларда жергілікті органдар әрекетсіздік танытса, қоғамдық бақылау оның орнын толтыруда [40]. Полиция тұрғындарға киберқорқытуға қарсы белсенді болуды насихаттауда: мысалы, желіде балағатталған азаматтар міндетті түрде скриншоттарды нотариус арқылы бекітіп қоюға кеңес беріледі, өйткені бұл кейін сотта айғақ болады [47]. Сонымен бірге, профилактика бойынша да жаңа жобалар іске қосылуда. 2024 жылы Астана мектептерінде финнің KiVa бағдарламасы пилоттық негізде іске асты, 9 өңірде отандық «DosbolLIKE» бағдарламасы сынақтан өтуде - бұлардың мақсаты мектепте достық атмосфера қалыптастырып, буллингтің алдын алу [40]. Яғни мемлекеттің күш-жігері тек жазалау емес, тәрбиелеу, мәдениет қалыптастыру бағытына да жұмсалып отыр.

Халықаралық әкімшілік-құқықтық реттеу тәжірибесі (Германия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея). Киберкеңістіктегі құқық бұзушылықтармен күресу - әлемнің көптеген елдері бетпе-бет келіп отырған ортақ мәселе. Қазақстан үшін шетелдердің тиімді тәжірибесін зерттеп, оны өз жағдайымызға бейімдеу маңызды. Әсіресе Германия, Ұлыбритания және Оңтүстік Корея соңғы жылдары заңнамалық тұрғыда бірқатар жаңашыл қадамдарымен танылды. Бұл елдерде кибербуллинг, онлайн жала жабу, желідегі жеккөрушілік секілді құбылыстарға қарсы құқықтық тетіктер енгізілген. Алайда әр елдің құқықтық жүйесіне қарай - бірі әкімшілік-құқықтық шараларға, бірі қылмыстық жазалауға, енді бірі аралас (реттеушілік) тәсілдерге жүгінеді. Төменде аталған үш елдің тәжірибесін қысқаша талдап, Қазақстанмен салыстырамыз.

Германия тәжірибесі. Германияда кибер құқық бұзушылықтармен күресте әкімшілік құқық пен реттеуші шаралар ерекше орын алады. Бұл ел жалпы Еуропадағы ең қатаң интернет-заңдардың бірі - 2017 жылы қабылданған «Әлеуметтік желілерді құқықтық қолдану туралы заң» (NetzDG) - арқылы белгілі. Бұл заң тікелей жеке тұлғаларды емес, ірі әлеуметтік желі компанияларын жауапкершілікке тартуға бағытталған. NetzDG талабы бойынша Германия аумағында 2 миллионнан астам қолданушысы бар кез келген әлеуметтік платформа (Facebook, YouTube, Twitter және т.б.) егер өз желісінде «айқын заңға қайшы контентті» анықтаса, оны 24 сағат ішінде өшіруге міндетті. Ал анық-қанығы бірден білінбейтін, даулы заңсыз контентті 7 күн ішінде тексеріп, шара қолдануы тиіс. Орындамаған жағдайда

компанияға өлшемді айыппұлдар салынады: бастапқыда 5 миллион еуро, ал жүйелі түрде бұзса - 50 миллион еуроға дейін өседі [48]. Бұл - әлемдегі ең ірі айыппұл көзделген нормалардың бірі. Мысалы, 2019 жылы Facebook Германияда заң бұзушылықтарды дұрыс есепке алмағаны үшін 2 миллион еуро айыппұл төлегені белгілі [49]. Германия осындай қатаң шара арқылы әлеуметтік желі компанияларын өз алаңдарындағы жеккөрушілік тілді, заңсыз зорлық-зомбылық шақырған жазбаларды, экстремистік материалдарды жедел жоюға мәжбүрлеуде. Германия әділет министрі Хайко Маас бұл заңға қолдау білдіре отырып: «Үлкен платформалар саяси қысымсыз өз міндеттерін орындамайтынын тәжірибе көрсетті» деп айтқан.

Расында, Facebook сияқты алпауыт компаниялар ұзақ уақыт бойы пайдаланушылардың шағымдарын жеткілікті қарамай, өшпенді контенттің кең таралуына жол беріп келген. Енді NetzDG заңынан соң, Германияда жүздеген модераторларды жұмысқа алып, тәулік бойы неміс сегментін сүзуге тура келді. Бұл заң кейбір құқық қорғау ұйымдарының сынына да ұшырады (шамадан тыс цензураға әкеледі деп алаңдаушылық білдіргендер болды) [48]. Дегенмен, Германия тәжірибесі басқа мемлекеттерге үлгі болды - Франция, Аустралия сияқты елдер ұқсас заң жобаларын қарастыра бастады.

Жеке адамдарға келсек, Германияда кибербуллинг жасаған тұлға тікелей әкімшілік жазаға тартылмайды, бірақ қылмыстық кодекстегі баптармен жауап береді. Мысалы, біреуді қорлап, намысына тигендерге «Қорлау» (§185 StGB) бабы бойынша айыппұл не бас бостандығын шектеу тағайындалуы мүмкін. Немесе интернет арқылы жүйелі қудалау жасағандар «Киберсталкинг» (§238 StGB) бабымен қылмыстық жауапқа тартылады [50]. Германия құқық жүйесінде буллингтің өзі жеке қылмыс ретінде бөлінбесе де, оның құрамына кіретін әрекеттер - қорлау, жала, қоқан-лоқы - түгел қылмыстық кодекспен жазаланады. Алайда Германияда кәмелетке толмағандар арасындағы буллингке әкімшілік-құқықтық сипатта мектепішілік, әлеуметтік шаралар көбірек қолданылады. Мысалы, федералдық Жастар ісі қызметі мектептерде медиация, кеңес беру жобаларын жүзеге асырады. Егер буллинг ауыр сипат алып, дене жарақатына не суицидке әкелсе, қылмыстық іс қозғалады (балалар қылмыстық жауапқа 14 жастан тартылады, 14-18 жаста арнайы ювеналдық соттар қарайды). Сонымен, Германия үлгісінің негізгі ерекшелігі - платформалардың әкімшілік жауапкершілігін қатаңдату. Бұл мемлекеттің көзқарасы бойынша, интернеттегі қауіпті контентпен күресте тек жеке тролльдерді қудалай бермей, оның таралу алаңын да тізгіндеу қажет.

Қазақстан да 2022 жылғы балаларды қорғау заңында осындай принципті ішінара енгізді (платформалар өкілдік ашып, зиянды жазбаларды жоюға міндетті) [39]. Алайда біздің елде әзірге ірі айыппұлдар салынған жоқ, көбіне ескертумен шектелуде. Болашақта, Германиядағыдай, орындамағандарға миллиондаған айыппұл салу мәселесі туындауы мүмкін.

Ұлыбритания тәжірибесі. Ұлыбританияда кибер құқық бұзушылықтарға қарсы құқықтық шаралар соңғы жылдары едәуір жаңарды. Бұрын Ұлыбританияда арнайы «кибербуллинг» деген заң болмады, бірақ интернеттегі көптеген зиянды әрекеттерге қолданылатын жалпы заңдар бар

еді. Мысалы, 1997 жылғы Құдалау және қорғау заңына (Protection from Harassment Act) сәйкес, қайталанған қорқыту, хабарламалар арқылы мазалау - қылмыстық теріс қылық. 1988 жылғы Зиянды коммуникациялар туралы заң (Malicious Communications Act) бойынша, электрондық байланыс құралдары арқылы қорлайтын, үрей туғызатын хабар жіберу - заңсыз, ол үшін 6 айға дейінгі түрме жазасы не айыппұл қарастырылған [51]. Сондай-ақ 2003 жылғы Байланыс туралы заңның 127-бабы қоғамдық электрондық желілерде «өте дөрекі, әдепсіз немесе жалған ақпарат таратуға» тыйым салады - бұл да тікелей интернеттегі троллингке қарсы қолданылып келген норма. Осындай әртүрлі баптарды пайдалана отырып, британ полициясы талай желі бұзақыларын, әсіресе Twitter, Facebook-та жеккөрушілік тіліне жол бергендерді жауапқа тартып келді. Бірақ құқық қорғаушылар мұндай заңдардың шашыраңқы екенін, кешенді шешім жоқтығын айтып сынаған.

Осы олқылықтың орнын толтыру үшін Ұлыбритания 2023 жылы кешенді «Online Safety Act 2023» (Интернеттегі қауіпсіздік туралы заң) қабылдады. Бұл заң интернет платформаларына қатысты «қамқорлық міндетін» (duty of care) бекітіп, Ofcom реттеушісіне кең өкілеттік берді. Енді ірі әлеуметтік желілер балаларды зиянды контенттен қорғау және жалпы заңсыз контентті алып тастау бойынша проактивті шаралар атқаруға міндетті. Егер олар осы міндеттерді орындамаса, Ofcom оларға өте ірі әкімшілік айыппұлдар сала алады - £18 миллион немесе жаһандық жылдық айналымының 10% мөлшеріне дейін, қайсысы көбірек болса. Мысалы, егер көпмиллиардтық табысы бар Meta (Facebook) заңды бұзса, онда 10% айналымы - ондаған миллион фунт айыпқа кесілмек. Заң тіпті ең қатерлі жағдайларда платформаларды Ұлыбритания аумағында бұғаттау құзыретін Ofcom-ға береді [52]. Бұл акт сондай-ақ жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтарды енгізді: киберфлешинг (ұятсыз суреттерді рұқсатсыз тарату), эпилепсия троллингі (эпилепсиясы бар адамдарға жарқылдар жіберіп, ұстамасын қоздыру) сияқты заманауи теріс әрекеттерге тыйым салынып, олар үшін қылмыстық жауаптылық енгізілді. Заңда «Балаларға зиянды контент» ұғымы айқындалып, оған порнография, зорлықты насихаттау, қауіпті челендждерге үгіттеу, сондай-ақ буллинг және жеккөрушілік мазмұн жатқызылды. Платформалар балаларды осындай контенттен барынша қорғауға тиіс.

Практикада бұл не деген сөз? Мысалы, Instagram алгоритмдері буллинг немесе өзіне қол жұмсауға итермелеу белгілері бар жазбаларды балаларға көрсетпеуі керек; ал YouTube балалар үшін қауіпті челлендж-видеоларды жоюы тиіс. Заң талаптарын орындамаған платформалар жоғарыда айтылған миллиондық айыппұлдарға тап болады. 2024 жылдың басынан бастап бұл талаптар кезең-кезеңімен күшіне ене бастады. Ofcom алғашқы мониторингтер жүргізіп, Twitter (X) сияқты кейбір желілердің дайындықтарына ескерту жасады. Ұлыбритания тәжірибесінің ерекшелігі - реттеуші мен компаниялардың ынтымақтастығына мән беруі. Ofcom кодекстер әзірлеп, платформаларға нақты қандай шаралар керек екенін көрсетеді. Мысалы, жас ерекшелігіне сай верификация (балалар мен ересектерді ажырату), мазмұнды сүзу, қолданушыларға шағым беру оңай

жолдарын жасау. Сондай-ақ заң журналистік және саяси пікірлерге тым қатты цензура болмауын да ескерген (платформалар маңызды қоғамдық мазмұнды өшіріп тастамауы керек деген ережелер бар) [52].

Осылайша, Ұлыбритания да Германияға ұқсап, платформалардың жауапкершілігін күшейтіп отыр. Алайда, әкімшілік жауапкершілікпен бірге кейбір қылмыстық баптарды да жаңартты. Мысалы, «кібербуллинг» деген атаумен арнайы бап енгізілмесе де, зорлық-зомбылыққа шақырғандар, қорқытқан комментарий жазғандар бұрынғыдай қылмыстық жазаға тартылуда. 2022 жылы Лондон соты 18 жастағы жасөспірімді Instagram арқылы басқа бір қызды өліммен қорқытқаны үшін 6 ай түрме жазасына кесті - бұл Malicious Communications Act бойынша өткен іс. Сол сияқты танымал тұлғаларды Twitter-де қорлаған бір қолданушыға сот ірі көлемде айыппұл салды (Public Order Act аясында).

Қазақстан Ұлыбританиядан үйренетін тұстар - балаларға зиянды контентті құқықтық анықтау және реттеу. Бізде де қазіргі кезде порнография, суицидті насихаттау сияқты нәрселерге тыйым бар, бірақ «балаларға психологиялық зиянды контент» түсінігі нақты емес. Ұлыбритания заңында буллинг сол зиянды контенттің түрі ретінде көрсетіліп, платформаларға онымен күресу міндеттелген. Қазақстан да 2022 жылғы талабында әлеуметтік желілерге балаларға қатысты буллинг жазбаларын жоюға 24 сағат берді [39].

Бұл жағынан заңнамамыз UK Online Safety Act нормаларына жақын деуге болады, тек бізде оны орындау механизмі әлсіздеу (Ofcom секілді дербес реттеуші орган жоқ, тек министрлікке шағымдану қарастырылған).

Оңтүстік Корея тәжірибесі. Оңтүстік Корея - кибербуллинг және интернеттегі зиянды контент мәселесін ерте көтерген елдердің бірі. Әсіресе жұлдыздардың өз-өзіне қол жұмсау оқиғалары қоғамда үлкен дүмпу туғызып, билікті шаралар қабылдауға итермелеген. 2007 жылы атышулы Чхве Чжинсильдің (танымал актриса) суицидінен кейін үкімет «Интернетте нақты есіммен тіркелу» жүйесін енгізді [52]. Бұл жүйе бойынша үлкен портал-сайттарда пікір жазу үшін азамат өзінің шын аты-жөнін және ұлттық ID нөмірін растауы керек болды. Сол кезде үкімет өкілдері «бұл анонимдердің жалған өсек таратып, қорлауын азайтады» деп үміт артты. Алайда, жоғарыда атап өткендей, бұл шара тек уақытша нәтиже берді де, кейіннен теріс әсерлері анықталды. Пайдаланушылар анонимділікті сақтау үшін Yahoo, Facebook сияқты шетелдік платформаларға ауысып кетті. ал жергілікті сайттар оқырманын жоғалтты. Сонымен бірге, нақты есіммен кіру талаптары дербес деректердің ұрлануына әкелді - хакерлер 35 миллион корей қолданушысының жеке мәліметтерін ұрлап алған оқиға болды. Ақыры, 2012 жылы Оңтүстік Корея Конституциялық соты бұл заңды «демократияға зиян, сөз бостандығын шектейді» деп танып, күші жойылды [48].

Дегенмен, Оңтүстік Корея басқа бағытта заңдарын күшейтті. Онда «Ақпарат және коммуникация желілерін пайдалану туралы заң» бар (бұл заң коммуникация саласын реттейді). Соған 2008 жылы енгізілген түзетулер бойынша онлайн қорлау мен жала жабу қылмыстарының жазасы қатайтылды. Корей заңында ерекшелік - егер біреуді шындыққа сәйкес ақпаратпен

масқараласа да, ол қылмыс болып саналады. «Кибер жала (арандату)» үшін шын болса 3 жылға дейін, жалған болса 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген [52]. Бұл - әлемдік стандарттардан қатты жоғары жаза, сондықтан кейде сынға да ұшырайды. Алайда, корей қоғамы интернеттегі жалған өсек-аяңның зиянын көріп отырғандықтан, мұндай қатаңдықты қолдаушылар да көп. Мысалы, 2019 жылы K-pop жұлдызы Суллидің трагедиясынан соң (ол интернеттегі ұзақ мерзімді қудалаудан соң өмірімен қоштасты деп айтылады), қоғам талаптарынан кейін «Сулли заңы» деп аталған заңнамалық өзгерістер пакеті дайындалды. 2020 жылы Ұлттық Ассамблея сол өзгерістерді қабылдап, медиа және коммуникация заңдарына түзетулер енгізді. Олардың бірі - портал сайттардағы анонимді комментарийлерді басқару тәртібін күшейту. Кейбір ірі порталдар (Daum, Naver) жаңалықтарға пікір жазу функциясын уақытша жауып тастады немесе тек расталған аккаунттарға рұқсат берді. Мектептерде де өзгерістер болды: 2019 жылдан бастап барлық орта мектептерде кибербуллингтің алдын алу бойынша білім беру бағдарламасы енгізілді. Яғни оқу жоспарына кибермәдениет, онлайн этика тақырыптары кіріктірілді.

Оңтүстік Кореяда буллингті тоқтатудың әлеуметтік тетіктері жақсы дамыған. Мектептерде 2004 жылдан бері «Мектептегі зорлық-зомбылыққа қарсы заң» қолданыста (School Violence Prevention Act). Сол заңға сәйкес әр мектепте зорлық-зомбылықты алдын алу комитеті бар. Қандай да бір буллинг оқиғасы болса, бұл комитет оны жан-жақты қарап, шешім қабылдайды: буллер оқушыға кеңес беру, тәртіп жазасын беру (мектептен уақытша шығару, басқа мектепке ауыстыруға дейін), ал жәбірленушіге қажет болса психологиялық көмек ұйымдастырады [53]. Комитетте мұғалімдермен бірге міндетті түрде полиция және ата-аналар өкілдері қатысады. Полиция тек ең ауыр, қылмыстық сипат алған істерге араласады (мысалы, ақша бопсалау, дене жарақатын салу). Корея жүйесі - буллингті көбіне оқу орны деңгейінде шешуге тырысады, сотқа жеткізбеуге мән береді. Тек егер тараптар келісімге келмей, жәбірленуші отбасы қатаң жаза талап етсе немесе оқушы 14 жастан асқан, әрекеті қылмыс құрамына кірсе - ювеналдық сотқа жібереді.

Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяда онлайн-платформалардың да міндеті күшейтілген. Мысалы, жергілікті ең ірі іздеу порталы Naver мен Kakao компаниясы өз ресурстарында қолданушыларды псевдониммен де, шын есіммен де пікір жазу мүмкіндігін қалдырғанымен, агрессивті сөздер мен тіл тигізуді автоматты сүзгіден өткізіп, өшіріп отыратын жүйе енгізді. Сондай-ақ 2021 жылы Кореяда Адам құқықтары комиссиясы ұсынысымен ірі әлеуметтік желілерге «дислайк» батырмасын алып тастау немесе аноним пікірлерді шектеу жөнінде кеңес берілді - бұл да кибербуллингтің психологиялық қысымын азайту шарасы ретінде. Кейбір телебағдарламалар өз сайттарында көрермендер пікір қалдыра алмауы үшін комментарий функциясын өшірді (телеарна жаңалықтары сайтында тек оқуға болады, пікір жазу жоқ). Мұның бәрі Сулли және өзге жұлдыздардың қайғылы оқиғаларынан соң іске асқан өзгерістер. Қазақстан Оңтүстік Кореяның тәжірибесінен мыналарды үлгі ете алады: комплексді тәсіл - тек заңмен жазалау емес, бүкіл қоғам болып қарсы

тұру. Мәселен, Кореяда «Sunfull» деген қозғалыс бар, еріктілер интернетте көңілсіз, өзіне қол жұмсағысы келетін адамдарға жылы сөздер қалдыруды мақсат етеді (Sunfull - «күншуақ комментарий» дегенді білдіреді). Мыңдаған студент, мектеп оқушысы осы қозғалысқа қатысып, арнайы сайттарда қолдау сөздерін жазып отырады. Бұл сияқты бастамалар да буллингке қарсы күресте маңызды рөл ойнайды - ортада мейірім мәдениетін қалыптастыру.

Үш елдің (Германия, Ұлыбритания, Оңт.Корея) тәжірибесін қорытсақ, барлығында ортақ тренд - интернет компаниялардың жауапкершілігін көтеру және балаларды қорғауды заңдастыру. Германия мен Ұлыбритания мұны әкімшілік айыппұл арқылы жүзеге асырса, Корея нақты есім ережесі сынды эксперименттер жасап, кейін басқа тәсілдерге көшті. Ал кибербуллингтің өзін қылмыстық жазалау мәселесінде айырмашылықтар бар: Еуропада негізінен жазалаудың қажеті жоқ деп, оны әлеуметтік мәселе ретінде қарау басым (бірақ ауыр жағдайларда қорлау, зорлық, суицидке итермелеу баптарымен қылмыстық іс қозғайды). Кореяда керісінше, ауыр жала және қорлау үшін бірден қатал жаза беріледі (жоғарыда айтылған 7 жылға дейін түрме жазасы мысалы) [52]. Қазақстан қазіргі таңда осы екі аралық позицияда: буллингті жеке құрам ретінде әкімшілік құқық бұзушылыққа жатқызды (яғни қылмыс деңгейіне көтерген жоқ, керісінше оны жеңіл құқық бұзушылық деп санап, ата-аналар арқылы шара қолданады) [42]. Бұл Батыс Еуропа үлгісіне жақынырақ. Сонымен бірге, қорлау, бопсалау, суицидке итермелеу сияқты ауыр түрлері бұрынғыша қылмыстық жазада қалып отыр.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, кибербуллингпен күресте тек заң жазасы нәтиже бермейді, оған қоса міндетті түрде білім беру, қоғамдағы сана өзгерісі, платформалармен әріптестік керек. Сол себепті Қазақстан да қазірден бастап мектептерде буллингтің зияны туралы сабақтар өткізіп, ата-аналарға семинарлар ұйымдастыруда [54]. Ұлыбританияда әр мектепте мінез-құлық саясатына буллингтің барлық формасын (соның ішінде онлайн) болдырмау шаралары қосылуы заң талабына айналған [55]. Бізде де Білім министрлігінің 2023 жылғы бұйрығымен мектеп ішкі тәртіп ережелеріне буллингтің алдын алу пункттері енгізілді.

Авторлық көзқарас және ұсыныстар. Жоғарыда талданған материалдар негізінде, Қазақстанда Кибер құқық бұзушылықтардың әкімшілік-құқықтық салдары бойынша заңнамалық база құрылып, алғашқы практикалық қадамдар жасалғанын көреміз. Дегенмен, бұл бағытта әлі жетілдіретін тұстар бар. Өзімнің авторлық көзқарасымды білдіре отырып, бірнеше ұсыныста алға тартқым келеді. Біріншіден, кибербуллингке қарсы жауапкершілікті кеңейту мәселесі. Қазіргі 127-2-бап тек кәмелетке толмағандарды буллингтен қорғайды, яғни жәбірленуші бала болғанда қолданылады. Ал егер онлайн буллингтің құрбаны ересек азамат болса, оған заң тікелей қорған болып тұрған жоқ. Мұндайда жәбірленуші Қылмыстық кодекстегі 131-бап (қорлау) бойынша жеке тәртіпте шағымдануы қажет немесе азаматтық тәртіпте моральдық зиян өндіруі мүмкін. Автордың ойынша, Қазақстан болашақта кибербуллингтің жас ерекшелігін алып тастап, жалпы құрамын енгізуді қарастыруы керек. Яғни кез келген адамға (жасына қарамастан) қатысты

жүйелі кибербуллинг жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілік белгілеу орынды. Әрине, бұл белгілі бір дәрежеде қорлау бабымен қабаттасады, бірақ айырмасы - буллинг жүйелі, көп мәрте жасалатын әрекет екенін ескеру.

Мысалы, топ болып бір азаматты онлайн түрде ұзақ уақыт бойы қорлау жағдайлары кездесіп жатады (кейде жұмыс орнында, кейде көршілер арасында және т.б.). Осындай оқиғаларда 127-2-бапты аналогиямен қолданып, жәбірленуші жасы кәмелетке толса да іске тартуға болатындай өзгеріс ұсынылады. Бұл әлемдік трендке сай: кей елдерде «кішігірім агрессия» ұғымдары пайда болып, workplace bullying, cyber harassment бойынша ересектер де қорғалуда.

Екіншіден, 127-2-бап санкцияларын қайта қарау. Бапта қайталама бұзушылық үшін тек айыппұл (30 АЕК) көзделген, ал әкімшілік қамақ қарастырылмаған [42]. Бұл гуманды қадам, әрине - ата-ананы 20 тәулікке қамау баласының буллингін тоқтатпауы мүмкін. Дегенмен, кей жағдайларда буллинг аса ауыр зардапқа (мысалы, жәбірленушінің өзіне қол салуына әрекеттенуіне) соқтырса, ата-анаға немесе тікелей кінәлі адамға (18 жас болса) қамау жазасын беру мүмкіндігін заңда қалдырған дұрыс деп есептеймін. Мүмкін оны бірден бапта емес, жалпы ӘҚБтК-нің «ажыратушы бабында» көрсетуге болады: егер әкімшілік құқық бұзушылықтың зардабы ауыр болса, судья айыппұлды қамақпен алмастыра алады деген секілді.

Бүгінгі редакция бұл мүмкіндікке жол бермейді. Әрине, ауыр зардап болса - іс қылмыстық бапқа ауысады деуге болады (ҚК-тің 105-бабы - өзін-өзі өлтіруге жеткізу, 3 жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздейді). Бірақ 105-бапты дәлелдеу қиын: тікелей себеп-салдар байланысын анықтау күрделі. Сондықтан әкімшілік деңгейде ондай жайттарды қамаумен жазалау (қысқа мерзімді болса да) әділдік орнатуға сеп болар еді.

Үшіншіден, кәмелетке толмаған буллерлермен жұмыс жөнінде. Қазіргі үлгі - 12-15 жастағы буллер үшін ата-ана жазаланумен шектеледі [42]. Бұл жағдайда бала өзі жауапкершіліктің дәмін сезбеуі мүмкін. Ата-анасы айыппұл төлегенін түсінбеуі де ықтимал. Сондықтан әкімшілік жазадан бөлек, тәрбиелік мәжбүрлеу шараларын енгізу маңызды. Мысалы, сот 127-2-баппен істі қарағанда, буллинг жасаған жасөспірімді міндетті психологиялық түзету курсынан өтуге немесе қоғамдық жұмыс (volunteering) атқаруға бағыттай алуы керек. Қазір заңнамада ондай тетік қаралмаған. Бірақ отандық соттар кейде ұқсас практика қолдануда: мысалы, Қостанай соты шешімінде ата-ана бұрын «ауызша ескертілген» деп жазылғанын көрдік, яғни профилактикалық әңгіме жүргізілгенін сот хаттамаға кіргізген. Сол сияқты баламен психологтың жұмыс істеуі, оның мінез-құлқына мониторинг жүргізу жағын заңдастыру артық емес. Ювеналды соттар мектеппен, ювеналды полициямен тізе қоса отырып, балаға екінші мүмкіндік беру үшін оны түзетуге тырысуы керек. АҚШ, Канада сияқты елдерде «restorative justice» деген ұғым бар - кәмелетке толмаған құқық бұзушы жәбірленушімен бірге арнайы сессияларға қатысып, кесірін түсінуге және кешірім сұрауға ынталандырылады. Қазақстанда да осындай медиация элементтерін буллинг істерінде қолдану өте орынды болар еді. Мысалы, Оралдағы істе жәбірленуші

отбасы татуласудан бас тартты [46], себебі екі жыл бойы жиналған реніш бар. Егер мектеп басында-ақ медиация жасалып, конфликт шешілгенде, мүмкін созылмас еді. Сондықтан, автор ретінде мектеп медиациясын күшейту, әр буллинг фактісін сотқа жеткізбей тараптарды татуластыру жұмыстарын жүйелеу керектігін ұсынар едім.

Төртіншіден, анонимділікпен күрестің техникалық мүмкіндіктері. Дүниежүзінде түбегейлі шешім табу қиын болса да, Қазақстан кемінде барлық отандық интернет-форумдар мен сайттарда тіркелу үшін ЭЦҚ немесе SMS-верификацияны міндеттеуді енгізе алады. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілердің көбі шетелдік, оларға дәті бармай отырмыз. Бірақ өзіміздің ақпараттық алаңда (мысалы, Nur.kz, Massaget.kz сияқты ірі порталдарда) пікір жазуға бірыңғай Egov жүйесі арқылы кіру талабы қойылса, фейктер саны күрт азаяр еді. Бұл үшін «Интернеттегі анонимді пікір қалдыру шарттары» деген арнайы Ұлттық қауіпсіздік комитеті немесе Ақпарат министрінің бұйрығын шығаруға болар еді. Алайда, бұл қадам сөз бостандығын шектейді деп сыналуы да ықтимал (Корея тәжірибесін еске алсақ). Сондықтан оны өте сақтықпен, кезеңдеп қарастыру керек. Бәлкім, тек балаларға қатысы бар платформаларда (Балаларға арналған форумдар, BalaHub т.б.) заңды өкіл рұқсатымен ғана жазу деген ереже енгізсе дұрыс па деп ойлаймын. Қайткен күнде де, анонимділіктің артында тығылған құқық бұзушыларды анықтау үшін полицияның материалдық-техникалық базасын нығайтып, кибертергеушілерді көбейту қажет. Мысалы, әр облыста Цифрлық даму министрлігі, ІІМ және ҰҚК бірлесіп «киберпатруль» топтарын құрса - олар TOR, VPN қолданса да, қазақстандық сегменттегі буллерлерді анықтаумен айналысса деймін. Бұл өз кезегінде бюджетті талап етеді, бірақ балаларын буллингтен қорғау - мемлекеттің стратегиялық міндеті, сондықтан қаржы аямауға тұрарлық.

Бесіншіден, қоғамдық сана және білім беру. Кибербуллинг түбінде - құқықтық емес, әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Онымен күресте заң қанша күшті болса да, ең басты рөлді мектеп пен отбасы атқарады. Сондықтан, ұсыныс: барлық орта білім беру бағдарламасына «Интернет мәдениеті және этика» атты арнайы курс енгізу. Онда оқушыларға кибербуллингтің зардаптары, басқаға зиян келтірмеу, желідегі қауіпсіздік туралы түсіндірілсе. Қазір информатика сабақтарында қауіпсіздік тақырыбы қозғалатыны рас, бірақ негізінен вирустар мен пароль қоюдан аспайды.

Мысалы, кәмелетке толмағанның смартфонынан оның құқық бұзушылық жасағанын дәлелдейтін деректер табылса (хат алмасуы, бейнежазбасы, т.б.), полиция қызметкері оны заттай айғақ ретінде іске қосып, тиісті хаттамаға тіркейді. Заң бойынша алынған заттар мен құжаттар бағаланғаннан кейін іске тігілуге тиіс және бұл жөнінде хаттамаға белгі жазылады. Яғни, әрбір цифрлық айғақ (мысалы, телефондағы скриншот немесе электронды журнал жазбасы) алдымен сарапталып, шынайылығы расталған соң ғана іске қосылады; ол туралы хаттама толтырылып, айғақтың түпнұсқасы не куәландырылған көшірмесі іс материалдарына тіркеледі. Әкімшілік іс жүргізуге қатысушылар - жәбірленуші, куә, құқық бұзушы немесе оның заңды өкілі - өздеріндегі заттар мен құжаттарды дәлелдеме ретінде іске ұсынуға құқылы, ол үшін уәкілетті органға өтінішхат береді [78].

Кибер құқық бұзушылық істері бойынша дәлелдеме жинауда арнайы ғылыми-техникалық құралдардың маңызы зор. ӘҚБтК-нің 759-бабы тергеуші, судья немесе іс жүргізуге қатысушылар ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану арқылы алынған нақты деректерді пайдалануға құқылы екенін бекітеді. Мұндай құралдарды қолдануға заң тікелей рұқсат етсе немесе тыйым салмаса, ғылыми тұрғыдан негізді болса және істі жылдам әрі қауіпсіз шешуге септессе ғана жол беріледі [78]. Электрондық дәлелдер көбіне арнайы сандық криминалистика тәсілдерімен алынады: құрылғының жадынан өшірілген файлдарды қалпына келтіру, IP-мекенжай арқылы пайдаланушыны анықтау, лог-файлдарды талдау, зиянды бағдарлама

іздерін табу сияқты әрекеттерді кәсіби сарапшылар жүзеге асырады. ӘҚБтК-нің 753-бабына сай, қажетті жағдайда іс жүргізуші орган сараптама тағайындауы мүмкін, яғни білікті сарапшыға дәлелдемелерді зерттеу тапсырылып, ол жазбаша қорытынды береді. Мысалы, жасөспірімнің компьютерінен алынған деректердің рас екендігін не жалған өзгертілгендігін анықтау үшін компьютерлік-техникалық сараптама жүргізілуі ықтимал.

Сарапшы қорытындысы да құжат түріндегі дәлелдеме болып саналады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар арқылы жасалған құқық бұзушылықтарды ашу үшін полиция құрылымында арнайы бөлімшелер құрылған. ІІМ жанындағы Киберқылмысқа қарсы күрес департаменті және оның өңірлердегі бөлімдері электрондық дәлелдерді жинақтау мен зерттеу ісінде озық техникалық құралдарды қолданады. Мысалы, «Киберпол» арнайы топтары әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде жасырын жүргізілген хат-хабарларды қадағалап, қажет болса, провайдерлермен ынтымақтаса отырып, күдікті аккаунттардың иелерін анықтайды [77]. Көп жағдайда кибербуллинг, фишинг сияқты заң бұзушылықтарды дәлелдеу үшін интернет-провайдерлерден, ұялы байланыс операторларынан ресми мәліметтер сұратуға тура келеді. ӘҚБтК-нің 761-бабы дәлелдемелер жеткіліксіз болғанда, іске қатысушы судья немесе орган ұйымдар мен бірлестіктерден қосымша мәліметтер талап етіп алдыруға құқылы екенін көздейді [78].

Осы норма шеңберінде тергеуші немесе сот істі дұрыс шешу үшін, мысалы, әлеуметтік желі әкімшілігіне сұрау салып, кәмелетке толмаған құқық бұзушының нақты аккаунтына қатысты тіркеу деректерін, жазбаларын алуы мүмкін. Алайда, қазіргі күні көптеген шетелдік интернет-платформалар Қазақстанның құқық қорғау органдарына онша ынтымақтаса қоймайтыны белгілі. Бұл салада халықаралық келісімдердің тиімділігі айқын көрінеді.

Өкінішке қарай, Қазақстан әлі де болса Будапешт киберқылмыс конвенциясына қосылмаған мемлекеттердің қатарында, бұл біздің органдардың жаһандық тергеу тетіктеріне толыққанды кірігу мүмкіндігін шектейді. Дегенмен 2023 жылғы сәуірде елімізге осы конвенцияға қосылу жөнінде ресми шақыру келді. Сарапшылардың пайымдауынша, Конвенция ережелерін қабылдау - біріншіден, цифрлық дәлелдемелерді жинау мен алмасудың бірыңғай стандарттарын енгізуге, екіншіден, шетелдік әріптестермен өзара құқықтық көмек арнасын кеңейтуге жол ашып, трансұлттық киберқылмыспен күресті тиімдірек етеді [29]. Расында да, киберқылмыстардың басым бөлігі шекарааралық сипатқа ие, құқық бұзушы мен жәбірленуші әр елде орналасуы мүмкін, ал қылмыс іздері тағы бір мемлекетте сақталатын электрондық жүйелерде тұрады [70]. Сондықтан Қазақстанның халықаралық ынтымақтастық тетіктерін (соның ішінде Будапешт конвенциясын) толық пайдалануын қамтамасыз ету - дәлелдеме жинаудың алғышарттарының бірі. Осыған байланысты ұлттық заңнамада цифрлық дәлелдемелерді алу және бекіту тәртібін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажеттігі туындап отыр. Зерттеушілер Қазақстан заңдарында «киберқылмыс» ұғымының анықтамасы, электрондық дәлелдерді жинау рәсімдері және шетелдік органдармен ынтымақтастық мәселелері әлі

де жүйеленбегенін атап көрсетеді [29]. Бұл олқылықтарды жою үшін ұлттық заңнамаға тиісті толықтырулар енгізіп, жаңа цифрлық реалияларға бейімделген құқық қолдану тәжірибесін қалыптастыру қажет.

Дәлелдемелерді жинау кезінде кәмелетке толмағандардың құқықтары ерекше назарды талап етеді. Әкімшілік іс бойынша жасөспірімдер тек 16 жастан жауаптылыққа тартылатыны белгілі (ҚР ӘҚБтК 63-бабы). Ал 16 жасқа толмаған бала қандай да бір әкімшілік теріс қылық жасаса, ол үшін жауапкершілік оның ата-анасына немесе заңды өкілдеріне жүктеледі (ҚР ӘҚБтК 127-бабы). Мәселен, ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабына сәйкес, 17 жасқа толмаған баланың түнгі уақытта үлкендерсіз ойын-сауық орындарында немесе үй-жайлардан тыс жерде болуы - алғашында ата-анасына ескерту жасауға, ал бір жылдың ішінде қайталанса - 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Аталған норма баланы қараусыз жібергені үшін ата-ананың тікелей жауаптылығын бекітеді. Сол сияқты, егер 14-15 жастағы жеткіншек ұсақ бұзақылық жасаса (қоғамдық орындарды былғап, тәртіп бұзса), оған қатысты әкімшілік іс қозғалмайды, бірақ ата-анасы ҚР ӘҚБтК 127-бабы бойынша «ата-ана міндетін орындамау» бабымен жауапқа тартылады. Яғни дәлелдеме жинау барысында құқық бұзушылықты нақты кім жасағаны анықталса да, бала жасы кіші болғандықтан жаза тікелей оған емес, оның тәрбиешілеріне қолданылады. Мұндай жағдайларда уәкілетті орган баланың әрекетін және ата-анасының оған тиісті деңгейде бақылау жасамағанын дәлелдеуге тиіс. Сондай-ақ құқық бұзушылық жасаған баланың мінез-құлқын түзеу мақсатында оған қатысты тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдану мәселесі қаралады. 16-17 жастағы құқық бұзушылар әкімшілік жауаптылыққа тартылғанымен, оларға тағайындалатын айыппұл мөлшері заңмен шектелген (10 АЕК-тен аспауға тиіс), әкімшілік қамау жазасы мүлде қолданылмайды (ӘҚБтК 50-бабы 2-б.), яғни заң кәмелетке толмағандарды ересектермен бірдей жазалауды көздейді.

ӘҚБтК 64-бабы бойынша, жасөспірімге тағайындалатын айыппұлды төлеуге мүлкі немесе қаражаты жетпесе, оны өтеу міндеті ата-анасына жүктеледі [78]. Бұл ережелер мемлекеттің жазалаудан гөрі тәрбиелеуге басымдық беретінін көрсетеді. Әкімшілік іс шеңберінде кәмелетке толмаған адамнан жауап алу, түсініктеме жинау кезінде де оның процессуалдық құқықтары сақталуы керек. Жасөспірімдер өмірлік тәжірибесінің аздығы, психологиялық ерекшеліктері себепті өз әрекеттерінің мәнін толық түсінбеуі мүмкін, сондықтан олардың ісін қарау кезінде заң қосымша кепілдіктер белгілеген. Атап айтқанда, ҚР ӘҚБтК 727-бабына сәйкес, іс жүріп жатқан жеке адамның 18-ге толмауы немесе денсаулығына, психикасына байланысты өз құқықтарын өзі қорғай алмауы жағдайында оның құқықтары мен мүдделерін заңды өкілдері қорғайды. Яғни, кәмелетке толмаған құқық бұзушыға ата-анасы, қорғаншысы не қамқоршысы өкілдік ете алады. Мұндай заңды өкіл ретінде танылатын тұлғалардың туыстық қатынасы тиісті құжаттармен расталуы шарт. Ең бастысы - заңды өкілді іске қатыстыру мерзімі анық белгіленген: бала әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған кезден немесе істің хаттамасы толтырылған сәттен бастап оның

заңды өкілі процеске жіберілуге тиіс. Демек, полиция бөлімшесіне жеткізілген сәттен бастап ата-анасына хабар беріліп, олар істің басынан қатысуға мүмкіндігі болуы керек. Іс жүзінде де, кәмелетке толмағанды әкімшілік тәртіппен ұстаған жағдайда, ішкі істер органы бұл туралы оның ата-анасына дереу хабарлауға міндетті. Ал іс сотқа жетіп, іс қаралатын кезде жасөспірімнің заңды өкілінің қатысуы міндетті деп тікелей көрсетілген. Егер ата-ана немесе өкіл сот отырысына келуден жалтарса, оларды полиция арқылы мәжбүрлеп алып келуге болады [78]. Бұл талаптар жасөспірімнің құқығын қорғауды қамтамасыз етуге арналған. Бұдан бөлек, кәмелетке толмаған адамның өзі де қорғаушы (адвокат) қатыстыруға құқылы, ал кей жағдайларда (мысалы, ата-анасы болмаған кезде) тергеуші оған адвокатты міндетті түрде тағайындауы мүмкін. Мысалы, Қылмыстық-процестік кодексте 18 жасқа толмаған күдіктіні тергеу кезінде қорғаушының қатысуы міндетті деп белгіленген (ҚР ҚПК 535-бап). Әкімшілік іс жүргізуде бұл талап тікелей қарастырылмағанмен, ауыр немесе күрделі істерде жасөспірімге кәсіби құқықтық көмек көрсету әділеттілік үшін маңызды. Сонымен бірге, ҚПК нормалары бойынша кәмелетке толмағанды жауаптау кезінде педагог немесе психолог қатысуы қажет (жасына қарай) [79]. Әкімшілік іс жүргізуде мұндай арнайы маман қатыстыру міндетті емес, бірақ тергеу практикасы күрделі киберқылмыстарда (әсіресе жәбірленуші бала болса) педагог-психологтың кеңесін пайдалану керектігін көрсетеді.

Мысалы, балаға түсініксіз техникалық жайттарды дұрыс жеткізу, оның психикасына зақым келмеуін қадағалау үшін педагогтың қатысқаны абзал. Осының барлығы дәлелдемелер жинаудың заңдылығы мен этикалық стандартына қатысты талаптар болып табылады. Егер дәлелдеме заңсыз әдіспен алынғаны анықталса (мысалы, полиция қызметкері балаға қысым көрсету арқылы мойындатса немесе рұқсатсыз жеке хат-хабарын жарияласа), ондай айғақ іске қолданылмауы тиіс. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс істерді қарау кезінде азаматтардың құқықтарын бұзатын өрескел іс жүргізу заңбұзушылықтарына жол берілмейтінін бекітеді.

Тіпті дәлелдемелерді бұрмалау (өзгерту) фактісінің өзі жеке әкімшілік құқық бұзушылық ретінде қаралады (ҚР ӘҚБтК 637-бабы) [78]. Бұл нормалар тергеу органдары мен процеске қатысушыларды адал және заңға сай әрекет етуге міндеттейді. Дәлелдемелерді тексеру (сараптау) - әкімшілік іс жүргізудің маңызды кезеңдерінің бірі. ӘҚБтК-нің 764-бабына сәйкес, жинақталған барлық дәлелдемелер толық, жан-жақты және объективті тексерілуге тиіс. Тергеуші не судья әрбір дәлелдің мазмұнын жан-жақты талдап, оны өзге деректермен салыстырып, қажет болса қосымша дәлелдер жинайды және дәлелдемелердің алыну көздерін тексереді. Бұл қағида, әсіресе, киберкеңістіктегі істерде өзекті, өйткені электрондық іздер көбіне оңай бұрмалануы немесе жойылуы мүмкін. Мәселен, жасөспірімнің компьютерінен алынған файлдың расында сол компьютерде жасалғанын немесе әдейі «отқізілгенін» анықтау керек. Ол үшін файлдың метадеректерін, жасалған уақытын, құрылғының IP-мекенжайын сараптау қажет болады. Егер күдік туса, тергеуші басқа да дәлелдерді іздейді: мысалы, куәгерлердің

жауаптарын, бейнебақылау жазбаларын және т.б. салыстырып қарайды. ӘҚБтК талап ететін «жан-жақтылық» принципі бойынша, істің мән-жайына ықпал етуі мүмкін кез келген факті назардан тыс қалмауы тиіс. Кибербуллинг бойынша істі тексергенде, тек бала жазған хабарламаларды ғана емес, оған қандай реакция болғанын, басқа қолданушылардың пікірлерін де қарастыру маңызды болуы мүмкін - бұл оның іс-әрекетінің ықтимал зардабын бағалауға септігін тигізеді. Дәлелдемелерді тексеру барысында олардың шынайылығына ерекше көңіл бөлінеді: электрондық жазбалардың түпнұсқалығын растау үшін мамандардың қорытындысы қажет болуы ықтимал. Заңнамаға сай, «дәлелдеменің жол берілетіндігі» деген ұғым бар - бұл дәлелдеменің заңды тәсілмен алынғанын және іске қолдануға болатынын білдіреді. Егер цифрлық дәлелдеме күмәнді жолмен алынған болса (мысалы, жеке өмірге қол сұғу арқылы не құжатсыз тексеру арқылы), қорғаушы тарап оның жарамсыз деп танылуын талап ете алады. Сондай-ақ дәлелдеменің тиістілігі (істің қатысты мән-жайын дәлелдеуге қабілеттілігі) және дұрыстығы (шындыққа сәйкестігі) тексеріледі. Тергеу органдары цифрлық айғақтардың көзін, пайда болу жолын, өзгертілмегенін мұқият зерделеуі тиіс.

Мысалы, ВКонтакте желісіндегі жазба балаға тиесілі аккаунттан жасалғанын растау үшін провайдерден ресми жауап алынса, ол дәлелдің дұрыстығын күшейтеді. Ал егер тек скриншот қана бар болса, оның қолдан өзгертілмегенін сараптама арқылы тексеру керек. Дәлелдеме көздерінің бір-біріне сай келуі де бағаланады: егер баланың мойындауы басқа объективтік айғақтармен (басқа адамдардың куәлігі, техникалық жазбалар) үйлеспесе, тергеуші қосымша тексеріс жүргізуі қажет. ӘҚБтК 764-бабы дәлелдемелерді тексеру құрамына оларды талдау, өзге деректермен салыстыру, қосымша дәлелдемелер жинау және көздерді тексеру кіретінін анықтап берген [78].

Жасөспірімдердің істері бойынша дәлелдемелерді тексеру кезінде олардың жеке басының ерекшеліктері де ескеріледі. ӘҚБтК-нің 65-бабына сай, жасөспірімге шара қолданғанда оның өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары, психикалық даму деңгейі, мінез-құлқының ерекшеліктері және оған үлкендердің ықпалы сияқты факторлар міндетті түрде назарға алынуы керек [78]. Бұл деректер көп жағдайда іске тікелей қатысы жоқтай көрінгенімен, іс жүзінде олардың да дәлелдемелік мәні бар. Мысалы, баланың тұрмыстық жағдайы, отбасы ахуалы туралы әлеуметтік педагогтың қорытындысы оның тәртіп бұзу себептерін түсінуге көмектеседі. Егер бала қиын жағдайда өссе немесе оны қылмысқа ересек адам итермелесе, бұл жайттар жауаптылық шарасын таңдағанда ескерілмек. Сондықтан сот пен полиция органдары мектептен, қамқоршылық кеңестен немесе кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссиядан арнайы мінездеме, акт сияқты құжаттар талап ете алады. Мұндай құжаттар да іс материалдарына қосылып, жан-жақты тексерілуге тиіс. Сол арқылы құқық бұзушылықтың түпкі себептері мен мән-жайлары толығырақ анықталады.

Дәлелдемелерді бағалау - әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі шешудегі соңғы әрі шешуші этап. ӘҚБтК-нің 765-бабы дәлелдемелерді бағалау логикалық ойлау қызметі екенін, ол талдау мен синтез арқылы әр

дәлелдің қатыстылығы, жол берілетіндігі, дәйектілігі (шынайылығы) және әрбір дәлелдің маңыздылығы, сондай-ақ барлық дәлелдемелер жиынтығының қабылданатын шешімді негіздеуге жеткіліктілігі туралы қорытынды жасаумен аяқталатынын атап көрсетеді. Басқаша айтқанда, дәлелдемелерді бағалау кезінде судья немесе істі жүргізуші орган әрбір айғақтың істегі орны мен құндылығын саралап, олардың біріккен жиынтығы істің мән-жайын толық ашуға жеткілікті ме - соны шешеді. ӘҚБтК 765-бабы 2-бөлігі бойынша судья (немесе уәкілетті лауазымды адам) дәлелдемелерді заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып, өз ішкі сенімі бойынша бағалайды. Ешбір дәлелдеменің алдын ала белгіленген күші болмайды деп тура жазылған. Бұл - қылмыстық процестегі «дәлелдердің еркін бағалануы» қағидасымен ұқсас норма. Яғни электрондық не жазбаша айғақ болсын, куә сөзі болсын - олардың бәріне сот дербес талдау жасап, өзіне қаншалықты сенімді екеніне қарай баға береді. Дәлелдемелерді бағалауда судья олардың заңдылық шарттарын, шынайылығын және өзара үйлесімділігін ескеріп, ақиқатты жан-жақты анықтауға тырысады. Атап айтқанда, 765-бап 3-бөлігі әрбір дәлелдеме істің мән-жайларына қатыстылығы, жол берілетіндігі, дұрыстығы тұрғысынан, ал барлық жиналған дәлелдемелер іс бойынша шешім қабылдауға жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс екенін бекітеді.

Мысалы, киберқылмыс ісінде жасөспірімнің кінәсін айқындайтын бір ғана айғақ (айталық, оның желідегі жазбасы) болса, сот оның шынайылығын жан-жақты талдап қана қоймай, сол бір айғақтың өзін кінәлі деп тануға жеткілікті ме, әлде қосымша дәлел қажет пе - соны таразылайды. Егер бір ғана дәлелмен шешім шығару әділдікке күмән келтірсе, сот қосымша материалдар талап етуі мүмкін (мұны жоғарыда атап өткен 761-баптың тәртібімен істі қарау барысында да жасауы ықтимал [78]. Дәлелдемелер жиынтығы кәмелетке толмағанның кінәсін бұлтартпай дәлелдейтін деңгейге жеткенде ғана сот шешім қабылдауға құқылы.

Әкімшілік іс жүргізуде дәлелдемелерді бағалау процесінде судьяның ішкі сенімі шешуші рөл атқарады. Бұл ұстаным жасөспірімдерге қатысты істерде ерекше маңызды, өйткені сот баланың әрекетіне құқықтық баға беріп қана қоймай, оған қолданылатын шараның түрін де таңдауы керек. Мысалы, 17 жастағы құқық бұзушының әрекеті Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік кодекс шегінде баланса тұрса, сот оның тұлғасын, түзелу белгілерін бағалай отырып, қылмыстық жауаптылыққа тартпастан әкімшілік жаза тағайындаумен шектелуі мүмкін. Сол сияқты, әкімшілік жауаптылыққа тарту кезінде сот жасөспірімнің болашағына оң ықпал етер жолды таңдауға тырысады - айыппұл салып қоя беру ме, жоқ әлде тәрбиелік ықпал шараларын қолдану ма - осындай таңдау да дәлелдемелерді жан-жақты бағалаудың нәтижесінде орындалады. Егер дәлелдемелер баланың түзелу мүмкіндігін, оның өкініш білдіргенін, ата-анасының тиісті бақылау орнатуға келісетінін көрсетсе, сот оны әкімшілік жазадан босатып, орнына тәрбиелік ықпалдың мәжбүрлеу шараларын қолдануы ықтимал. Мысалы, ӘҚБтК-нің 67-бабына сәйкес, сот кәмелетке толмағанға заңды түсіндіру, ата-ана қарауына беру, келтірілген зиянды өтеуді міндеттеу, бос уақытын шектеу сияқты тәрбиелік ықпал

шараларын жеке немесе кешенді түрде белгілей алады [78]. Мұндай шешімге келуде сот істегі барлық деректерді - баланың мінез-құлқын, қателігін түсіну деңгейін, отбасының ахуалын - түгел бағалайды. Егер іс материалдарында бұл жайттар толық ашылмаса, сот оларды өз бастамасымен зерттеуге құқылы (атап айтқанда, қосымша әлеуметтік тексеріс жүргізуді сұратуы мүмкін). Осылайша, дәлелдемелерді жан-жақты бағалау тек кінәні анықтап қана қоймай, тиісті ықпал ету шарасын әділ таңдауға мүмкіндік береді. Бұл - әкімшілік-құқықтық реттеудің тәрбиелік мақсатына сай келеді.

Жасөспірімдердің Кибер құқық бұзушылықтарын қарау тәжірибесін талдай отырып, сындарлы тұрғыдан бірқатар мәселелерді атап өтуге болады. Біріншіден, жоғарыда айтылғандай, цифрлық дәлелдемелерді алу және қолдану саласында ұлттық заңнамада бірыңғай стандарттар жетіспейді. Мәселен, ӘҚБтК-де электрондық ақпаратты алу, сақтау, шифрын шешу тәртібін нақтылайтын нормалар жоқ. Практикада әр тергеуші әрқилы әдіске жүгінуі мүмкін, бұл сотта дәлелдеменің жарамдылығына қатысты дау тудыруы ықтимал. Сол себепті мамандар цифрлық дәлелдемелерге қатысты процессуалдық нормаларды егжей-тегжейлі реттеуді ұсынады [29].

Екіншіден, халықаралық ынтымақтастық арнасын кеңейту қажеттігі туындап отыр. Киберқылмыспен жалғыз ел болып күресу мүмкін емес екенін әлемдік тәжірибе көрсетуде [70]. Жасөспірімдер қатысқан көптеген интернет-қылмыстар трансұлттық желілерде жасалады - мысалы, шетелдік онлайн-алаяқтар қазақстандық оқушыларды алдап ақша аудартуы мүмкін немесе керісінше, біздің елдегі жасөспірімдер бөтен мемлекеттердегі адамдардың аккаунттарын бұзып, зиян келтіруі ғажап емес. Мұндай жағдайларда дәлелдеме жинау мен құқықтық жауаптылыққа тарту үшін өзара көмек керек. Қазақстан ТМД аясында киберқылмыспен күрес туралы келісімге қосылған (2019 ж. ратификацияланған), алайда оның ауқымы шектеулі. Ал Будапешт конвенциясына қосылу - әлемнің 80-нен астам елімен тікелей үйлесімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді [58]. Ондағы бірқатар озық құралдар (шұғыл сақтап қою, транскордондық қолжетімділік, бірлескен тергеу топтары т.б.) электрондық дәлелдемелерді жедел алмасуға жол ашады [29].

ЕҚЫҰ сарапшылары Орталық Азияда киберқылмыспен күресте құқық қолданушыларды оқыту, техникалық жарақтандыру және халықаралық кооперацияны арттыру бойынша құрылымдық шаралар қажет екенін баса айтады [70]. Бұл ұсынымдар Қазақстан үшін де өзекті. Үшіншіден, құқық қорғау органдарының кадрлық әлеуетін нығайту мәселесі тұр. Киберқылмыстарды тергеу - жаңашыл әрі күрделі іс, онда классикалық жедел әдістер (бақылау, беттестіру және т.б.) көбіне жеткіліксіз, тергеушілерге программалау, желілер мен криптография негіздерін білуге тура келеді.

Сондықтан полиция академияларында кибертергеу бойынша мамандандыруды енгізу, судьяларды да цифрлық сауаттылық тұрғысынан оқыту маңызды. ЮНИСЕФ Қазақстандағы интернеттегі балаға қарсы зорлық-зомбылықпен күресу үшін ең алдымен құқық қорғаушылардың әлеуетін күшейту қажеттігін атап өтті. Ішкі істер органдары соңғы жылдары бұл бағытта шетелдік әріптестермен бірлескен семинарлар, оқу-жаттығулар

өткізуде [80]. Мысалы, ЕҚЫҰ-ның қолдауымен Қазақстанда киберқылмыс пен электрондық дәлелдемелер бойынша тренингтер ұйымдастырылғаны мәлім [70]. Мұның бәрі оң үрдіс және алдағы уақытта да жалғасуға тиіс.

Тағы бір маңызды жайт - кәмелетке толмағандарды қайта әлеуметтендіру, тәрбиелік ықпал шараларының тиімділігі тікелей дәлелдемелердің сапалы бағалануы мен істің мән-жайының толық ашылуына байланысты. Жасөспірімдердің кейбірі білместіктен, әуестікпен құқық бұзса, кейбірі отбасындағы бақылаудың жоқтығынан қылмысқа барады. Мысалы, мамандар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың өсуіне ата-аналардың балаларын қараусыз қалдыруы, олардың компьютерлік ойындарға шамадан тыс әуестенуі және құқықтық сауаттың төмендігі әсер ететінін айтады. Мұндай себептерді әр істің материалдарынан байқауға болады: бірінде ата-ана баласының желідегі іс-әрекеттеріне мүлде мән бермеген, екіншісінде бала зорлық-зомбылық мазмұнды ойындарға салынып, шын өмір мен виртуалдың айырмасын сезбей қалған, т.б. Сол үшін әкімшілік іс жүргізу барысында баланың мінез-құлқын түзетуге ықпал ететін жағдайлар да анықталуы қажет. Сот немесе комиссия шешім қабылдағанда жасөспірімге жай айыппұл салып қою жеткілікті ме, әлде оны психологтің бақылауына беру керек пе - осындай мәселелер көтеріледі. ҚР ӘҚБтК тәрбиелік ықпал шараларын қолданудың нақты тетіктерін бекіткен (67-68-баптар), алайда олардың іске асуын қамтамасыз ету де оңай жұмыс емес. Мысалы, бос уақытын шектеу шарасы үш айға дейін ғана белгіленеді; егер бала белгіленген тәртіпті бірнеше рет өрескел бұзса, онда іс қайта қаралып, әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін [78]. Яғни әрбір істің материалдарына сүйеніп, сот балаға ықпал етудің тиімді жолын таңдайды.

Қорыта айтқанда, кәмелетке толмағандардың Кибер құқық бұзушылықтарын әкімшілік-құқықтық реттеу саласында дәлелдемелерді жинау, сараптау және бағалау процестері шешуші рөл атқарады. Дәлелдемелер неғұрлым толық және заңды жолмен жиналып, мұқият тексеріліп, әділ бағаланса - соғұрлым істің ақиқаты анықталып, кінәлі жасөспірімге қатысты әділ шара қолданылмақ. Қазақстандық заңнама мен құқық қолдану тәжірибесі осы бағытта дамуын жалғастыруда: цифрлық дәлелдемелермен жұмыс істеу бойынша жаңа құралдар енгізілуде, халықаралық тәжірибеге ұмтылыс бар [29], мамандар даярлығы жетілдірілуде. 2020-2025 жылдар аралығындағы сот тәжірибесі көрсеткендей, көптеген істерде жасөспірімдердің кінәсі электрондық айғақтар арқылы дәлелденіп, оларға қатысты тәрбие шаралары қолданылған. Мысалы, әлеуметтік желіде буллинг жасағаны үшін бірнеше оқушы ата-анасының қатысуымен комиссияға шақырылып, ресми ескерту алды; ал кейбір интернет-алаяқтыққа ұрынған жасөспірімдер сотта кінәсін мойындап, ата-анасының қарауына берілу тәртібімен ерекше бақылауға қойылды. Әрине, бұл нәтижелер - дәлелдемелерді дұрыс жинап, жан-жақты бағалаудың арқасы. Алдағы уақытта әкімшілік іс жүргізу тетіктерін заман талабына сай жетілдіру жалғасады деп сенеміз. Цифрлық технологиялар дамыған сайын жаңа құқық бұзушылық тәсілдері шығуы мүмкін, демек дәлелдемелерді

жинаудың да жаңа әдістері қажет болады. Заңнаманы халықаралық стандарттарға үйлестіру, әсіресе Будапешт конвенциясының құралдарын пайдалану - электрондық дәлелдерді алудағы кедергілерді азайтары сөзсіз [29]. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың істерін қарауда балаларға қолайлы әділсот қағидаттарын күшейткен жөн: бұл тергеу мен сотта баланың құқықтарын сақтауды, оның психологиялық ерекшеліктерін ескеруді білдіреді. ЮНИСЕФ және өзге ұйымдардың бастамасымен енгізіліп жатқан бала-достық әдістер (сұрақ қоюдың арнайы тактикасы, психологиялық сүйемелдеу, т.б.) дәлелдемелерді объективті бағалауға да септігін тигізеді. Өйткені бала өзіне түсінікті және қауіпсіз жағдайда ғана шынайы айғақ бере алады. Сондықтан полиция мен сот қызметкерлерін балалармен жұмыс істеудің заманауи тәсілдеріне оқыту - дәлелдемелердің сапасын арттыруға қызмет ететін маңызды қадам.

Қорыта келе, дәлелдемелерді жинау, сараптау және бағалау әкімшілік құқық бұзушылық істерінде әділеттіліктің негізі болып табылады. Кәмелетке толмағандардың цифрлық әлемде жасаған құқық бұзушылықтарын тиімді ашып, оған заңды реакция беру дәлелдемелік процестің нәтижелілігіне тікелей тәуелді. Мұны заң шығарушы да ескере отырып, ҚР ӘҚБтК-де дәлелдемелермен жұмыс істеудің негізгі қағидаларын бекітті: барлық дәлелдемелер заңды жолмен алынуға, мұқият тексеріліп, объективті бағалануға тиіс. Осы қағидаттар қатаң сақталғанда ғана кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты әділ шешім қабылданып, оларды түзелуге бағыттау мүмкін болады. Мемлекетіміздің бүгінгі басым бағыты да - жазалау шараларын балаларға тәрбиелік, оңалту ықпалымен ұштастыру. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін әрбір әкімшілік іс бойынша шындықты ашатын сапалы дәлелдемелік базаның маңызы зор. Құқық қолдану тәжірибесін терең талдау және 2020-2025 жылдардағы сот практикасының нәтижелері көрсеткендей, дәлелдемелерді жинау, сараптау және бағалау тетіктерін одан әрі жетілдіру - кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау әрі олардың құқық бұзушылықтарының алдын алу жолындағы маңызды қадам болмақ. Деректер мен әділ талдауға негізделген шешім ғана - заң үстемдігін қамтамасыз етеді [78].

### 2.3 Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау: алдын алу мен жауапкершіліктің өзара байланысы

Цифрлық дәуірдегі ақпараттық кеңістіктің кеңеюі кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына жаңа әсерлер мен қатерлер әкелді. Бүгінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық құрылымы дәстүрлі ұрлық не бұзақылықпен ғана шектелмей, кибербуллинг, интернет-алаяқтық, желіде құқыққа қарсы контент тарату сияқты «Кибер құқық бұзушылықтармен» толығуда. Ресми деректерге сүйенсек, Қазақстанда соңғы бес жылда жалпы жасөспірімдер қылмысы төмендегенімен, 2023 жылы кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтар саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 11%-ға өскен [81]. 2023 жылдың жеті айы ішінде 944 жасөспірім қылмыстық

жауаптылыққа тартылып, бұл өткен жылғыдан 11,5% артық көрсеткішті құрады [74]. Мұның себебін құқық қорғау органдары көбіне ата-аналардың бала тәрбиесіндегі бақылауының жеткіліксіздігімен байланыстырады, әсіресе қолайсыз отбасыларда. Мысалы, 2024 жылы түнгі уақытта көшеде немесе көңіл көтеру орындарында болғаны үшін 100 мыңнан астам ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны тіркелді. Жасөспірімдердің қылмысқа баруына тез ақша табуға құмарлық, «қызық үшін» бұзақылық, немесе интернет арқылы тарайтын тұрпайы зорлық-зомбылық насихаты әсер етуі мүмкін екені атап өтілуде. Расында да, полиция өкілдері агрессия мен зорлық-жанжалға толы контенттің кәмелетке толмағандардың адамгершілік дамуына кері әсер ететінін, сол себепті мұндай материалдарға қолжетімділікті шектеу қажеттігін алға тартады [81]. Балалар арасында кең тараған бұзақылықтың бір түрі - буллинг пен кибербуллинг. 2023 жылғы «Қазақстандық балалардың интернеттегі қауіпсіздігі» зерттеуі еліміздегі әр бесінші баланың (шамамен 21%) кибербуллингтің құрбаны болғанын көрсетті [82]. Осы орайда мемлекет кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауда бір мезетте алдын алу шараларын күшейтуге және құқық бұзған жағдайда жауаптылық тетіктерін қолдануға көңіл бөліп отыр. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев атап өткендей, қазіргі қоғамдағы бес үлкен қатердің бірі - «кез келген формадағы буллинг» екенін мойындап, оны жоюға бағытталған кешенді саясат қажет [83]. Демек, кәмелетке толмағандарды киберортадағы құқық бұзушылықтардан қорғау - тек жазалау емес, ең алдымен олардың құқықтары мен заңды мүдделерін уақтылы қорғауға арналған жүйелі алдын алу жұмыстары мен жауапкершілік шараларын ұштастыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының бала құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық негізі халықаралық стандарттар мен ұлттық заңнаманың талаптарына сай қалыптасқан. Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ БҰҰ-ның «Баланың құқықтары туралы» конвенциясына қосылды [81], сол арқылы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша халықаралық міндеттемелерді мойнына алды. Аталмыш Конвенцияда әрбір баланың аман-есен өсіп-жетілуі, білім алып дамуы және зорлық-зомбылықтан қорғалуы мемлекет қамқорлығында болуы керектігі баса айтылған. Конвенцияның басты қағидаттарына сәйкес, балалардың жоғарғы мүддесін қамтамасыз ету - кез келген саясат пен шешімнің түпқазығы болуға тиіс. Бұл Қазақстан заңдарына да елеулі түрде ықпал етті. 2002 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заң кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайын жан-жақты регламенттейді. Аталған Заңның 3-бабында мемлекет баланың негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдық-құқықтық жағдайларды жасауға, баланың жан-жақты дамуына ықпал етуге міндетті екені бекітілген. Заңда балалардың дене, интеллектуалдық, рухани және адамгершілік дамуына жәрдемдесу, оларға патриоттық тәрбие беру, баланың жеке тұлғасын қоғам игілігіне сай ашуға жағдай жасау - мемлекеттің басым мақсаттарының бірі ретінде аталады. Сондай-ақ балалардың

құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру, осы мақсатта арнаулы органдар мен ұйымдар құру мемлекет міндеті екендігі белгіленген. Бұл заң бала құқығын қорғаудың институционалдық негіздерін қалыптастырды: Қазақстанда Балалар омбудсманы лауазымы енгізіліп, бала құқықтарын іске асыру және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін бақылау механизмі орнатылды [84]. Балалар омбудсманы және бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органдар мемлекет атынан кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғайды.

Сонымен бірге, Қазақстан Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс және жоғарыда аталған Бала құқықтары туралы заң ата-аналарды өз балаларын тәрбиелеуге және олардың қамын жасауға міндеттейді. Ата-ана құқықтары мен міндеттері баланың мүддесіне сай жүзеге асырылуға тиіс: ҚР Конституциясына сәйкес, балаларын күтіп-бағу және өсіріп-жеткізу - ата-аналардың табиғи құқығы ғана емес, заңдық парызы [85]. Осылайша, ұлттық заңнамада кәмелетке толмағандардың құқықтары арнайы қорғауға алынған және олардың құқықбұзушылық жасауының алдын алу мен олардың өздерінің құқықтары бұзылуының жолын кесу - мемлекет пен қоғам үшін екіжақты міндет.

Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы іс-әрекеттері үшін жауаптылық мәселесі - балаға ерекше әлеуметтік-құқықтық статусқа ие субъект ретінде қарауға негізделген. Қазақстанның әкімшілік және қылмыстық заңнамасы кәмелетке толмағандарға қатысты ізгілендірілген, ерекше ережелерді қамтиды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс бойынша жалпы ереже - әкімшілік жауаптылық 16 жасқа толғаннан бастап туындайды. Яғни 16 жасқа толмаған бала әкімшілік жазаға тартылмайды. Тек ерекше жағдай ретінде ұсақ бұзақылық жасаған 14-15 жасар жеткіншектерге әкімшілік шара қолданылуы мүмкін екені Кодексте көзделген (ҚР ӘҚБтК 435-бабында) [85]. Бұдан бөлек, заң кәмелетке толмағандарды әкімшілік қамауға алуға тыйым салады - 18 жасқа толмаған тұлғаларға қамау түріндегі жаза тағайындалмайды [86]. Қылмыстық жауаптылық шегі де жеңілдетілген: жалпы қылмыстық жауаптылық 16 жастан басталса, ерекше ауыр немесе ауыр санаттағы қылмыстар бойынша ғана 14 жастан бастап жауаптылық қарастырылған [85]. Демек, заң жүзінде балаға жаза тағайындауда оның жас ерекшелігі ескеріліп, неғұрлым ізгі ықпал ету шараларын қолдану басым.

Мысалы, Қылмыстық кодекстің арнайы ережелеріне сәйкес, кәмелетке толмағандарды бас бостандығынан айыру тек ең соңғы шара ретінде әрі мүмкіндігінше қысқа мерзімге тағайындалады; өлім жазасы мен өмір бойы бас бостандығынан айыруға олар мүлдем тартылмайды. 2024 жылдың сәуір айында қабылданған заңнамалық өзгерістер кәмелетке толмағандарды қорғау мақсатында жаза саясатында бірқатар қатаңдатулар енгізді: енді балаға қатысты адам өлтіру, зорлау сияқты аса ауыр қылмыстар үшін өмір бойы қамауға алу жазасы тікелей белгіленді; 16 жасқа толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы кез келген әрекеттер қылмыстық жазаланатын болды. Сонымен бірге дәл осы жаңа заң арқылы әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексіне «буллинг және кибербуллинг үшін әкімшілік жауаптылық» деген норма қосылды [83]. Яғни бұдан былай біреуді жүйелі түрде қорлау, тиісу,

қудалау әрекеттері (оның ішінде интернет немесе әлеуметтік желі арқылы) үшін құқық бұзушыға заң жүзінде айыппұл немесе басқа да шара қарастырылады. Мұндай жаңалық Қазақстанда алғаш рет буллинг ұғымын құқықтық деңгейде бекітіп, оның алдын алу мен жолын кесуге мүмкіндік береді. 2024 жылғы заңда, сондай-ақ, кәмелетке толмағандарды автобус сияқты қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіріп кетуге тыйым салу туралы норма енді [87] - бұның өзі олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейтін жауапкершілік шарасы. Бұдан бөлек, енді білім беру ұйымдары баланың құқықтарына қарсы кез келген әрекет туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті [83]. Жалпы, соңғы жылдары Қазақстан заңнамасы балаға қарсы жасалған заңбұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейтуге бағыт алып отыр: балаларға зорлық көрсеткені үшін жазаны ауырлату, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстарға қатаң жаза белгілеу, суицидке итермелеу әрекеттерін қылмыстандыру және т.б. нормалар қабылданды [81]. Мысалы, балаларға қарсы зорлық-зомбылық жасағаны үшін тараптардың татуласуына жол бермеу (қайталанған жағдайда) туралы ереже қабылданды [87], ата-ана міндетін орындамай, баласына қатыгездік көрсеткендерге сот арқылы үйден шығару, мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу сияқты шаралар енгізілді [81]. Бұл өзгерістер бір жағынан баланы қорғауға арналса, екінші жағынан - кәмелетке толмағандардың өздерінің құқық бұзушылық жасауына тосқауыл қою, жасаған жағдайда тиісті жауапкершілікке тарту жүйесін қалыптастырады.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы үшін тікелей өздерін жауапқа тартумен қатар, олардың ата-аналары мен заңды өкілдерінің жауаптылығы мәселесі де өте маңызды орын алады. Бала тәрбиелеу міндетін тиісінше орындамағаны үшін ата-аналарды жазалау - әкімшілік құқықтық ықпал етудің пәрменді тетігі. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабына сәйкес, ата-аналар немесе балаға жауапты адамдар кәмелетке толмаған жасөспірімнің құқық бұзушылық жасауына жол бергені үшін жауапқа тартылады. Айталық, егер бала әкімшілік теріс қылық жасаса, оның ата-анасына 127-бап бойынша айыппұл салынады; бала түнгі уақытта үлкендердің қарауынсыз көңіл көтеру орнында жүрсе, ата-анасына айыппұл көзделген (442-бап). Полиция деректері бойынша тек 2023 жылдың алғашқы жеті айында Павлодар облысында ата-ана міндетін орындамағаны үшін 178 ата-ана, ал кәмелетке толмаған баласын түнде ойын-сауық мекемелерінде қараусыз қалдырғаны үшін 1610 ата-ана әкімшілік жазаға тартылған.

Бұл сандар ата-ана жауапкершілігінің қаншалықты қатаң бақылауда екенін көрсетеді. Мұндай істер бойынша көбіне ата-анаға ескерту беріледі немесе айыппұл салынады, бірақ қажет жағдайда балалардың құқығын қорғау комиссиялары арқылы ата-ана құқығынан айыру мәселесі де көтерілуі мүмкін. Бұдан бөлек, ҚР ӘҚБтК 409-бабында ата-ананың балаларды оқыту міндетінен жалтаруы да құқық бұзушылық ретінде танылып, жауаптылық қарастырылған. Яғни баласын мектепке жібермей, білім алуына жағдай жасамаған ата-ана да заң алдында жауап береді. Отбасы - баланың алғашқы әлеуметтік ортасы болғандықтан, мемлекет отбасындағы қолайсыз ахуалдың

баланың құқық бұзушылық жасауына әсерін азайтуға тырысады. Профилактикалық рейдтер барысында полицейлер тұрмысы нашар, антисанитарлық жағдайда өмір сүріп жатқан балаларды анықтаса, ондай ата-аналарға да шара қолданылады. 2023 жылы Павлодар облысында осындай жағдайлары бар 40 кәсіпкер (ойын-сауық орны иелері) мен 40-тан астам ата-анаға айыппұл салыныпты. Ал жасөспірімдердің өздерін тәрбиелеу мақсатында ішкі істер органдарының есебіне қою тетігі қолданылады: егер жеткіншек екі немесе одан көп әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, ол полицияның профилактикалық есебіне алынады. Бұл есепте тұрған балалар ерекше бақылауда болып, олардың мінез-құлқын түзетуге бағытталған әңгімелер, инспекторлық қадағалау жүзеге асады. Одан бөлек, егер кәмелетке толмаған бала екі рет қылмыс жасап, бірақ жасы кіші болуына байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартылмаса, онда тиісті комиссияның өтініші бойынша сот шешімімен оны арнайы білім беру ұйымына жолдау мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелері девиантты мінез-құлықты балаларға арналған интернат үлгісіндегі жабық ұйымдар болып табылады. Соңғы үш жылда республика бойынша осындай арнайы мектеп-интернаттарға 36 жасөспірім жіберілген, оның 2-еуі ерекше режимді мекемеге орналастырылған [85]. Мысалы, елордада бұзақылық жасап, үйінен қашып кету әдеті қайталанған бірнеше жасөспірімнің ісі комиссияда қаралып, екеуін арнайы мектепке жіберу туралы шешім қабылданған еді.

Мамандардың айтуынша, мұндай арнайы білім беру ұйымдарында қатаң күн тәртібі мен тәртіп ережелері арқылы мінез-құлқы қиын балаларды қоғамға бейімдеу, тәртібін түзеу жұмыстары жүргізіледі. Арнайы мектептер қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысының Серебрянск қаласында, сондай-ақ Ақтөбе, Алматы және Тараз қалаларында орналасқан [88]. Әрине, балаларды еркінен тыс арнайы мекемеге жіберу - шекті шара, және әрбір жағдайда сотпен өте мұқият қаралады. Бірақ қайталанған құқық бұзушылықтар кезінде, әсіресе қылмыстық әрекет белгілері байқалса, баланың өзіне де, қоғамға да қауіп төндірмеу үшін осындай тәрбиелік шараларды қолдану қажеттігі туындайды. Жалпы алғанда, Қазақстанның әкімшілік-құқықтық реттеу жүйесі кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтарға екі жақты ықпал етуді көздейді: бір жағынан, 16-17 жастағы жасөспірімдер заң алдында жауап беруге тартылады (жасына сай жеңілдетілген түрде), екінші жағынан - олардың ата-аналары мен қоршаған ортаға бақылау күшейтіліп, профилактикалық әсер ету шаралары бірге қолданылады. Бұл өзара байланыс баланың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың кешенді тәсілі ретінде қарастырылады.

Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарының алдын алу - олардың құқықтарын қорғаудың ең тиімді жолы. «Ауруды емдегеннен, алдын алған жеңіл» демекші, бала құқықтарын бұзатын жағдай мүлдем туындамауы үшін мемлекет пен қоғам бірлесіп жұмыс атқаруы қажет. Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында институционалдық көпдеңгейлі жүйе қалыптасқан. Оның басты элементтерінің бірі - кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын

қорғау жөніндегі комиссиялар (КДН). Мұндай комиссиялар әрбір аймақ пен ауданда құрылып, құрамына білім беру ұйымдарының өкілдері, ішкі істер органдарының қызметкерлері (ювеналды полиция), денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласының мамандары, прокуратура және қоғам өкілдері кіреді. Мәселен, елордадағы Есіл ауданының ювеналды полиция бөлімшесінің бастығы А. Кожахметованың айтуынша, комиссия отырысына шамамен 30 түрлі мекеме мамандары жиналады, онда полиция девиантты мінез-құлық көрсеткен баланың ісін баяндап, қажетті шаралар туралы ұсыныс енгізеді. Комиссия әр істі жеке қарап, баланы оңалтуға көмектесу жолдарын қарастырады: егер бала ерекше көмекке мұқтаж деп танылса, оны арнайы бағдарламаға, психологиялық қолдауға немесе жоғарыда аталған арнайы мектеп-интернатқа жіберу туралы сотқа материалдар әзірлейді [88].

Бұдан бөлек, комиссия отырыстарында ата-анасы баласына дұрыс бақылау жасамаған жағдайлар, отбасындағы зорлық-зомбылық фактілері де қаралып, тиісті органдарға ата-анаға ықпал ету жөнінде ұсыныстар беріледі. Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау комиссиялары осылайша әр баланың мүддесін ескеріп, түрлі ведомстволардың күшін біріктіретін үйлестіруші орган болып табылады.

Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарының алдын алудағы тағы бір маңызды институт - полицияның ювеналды бөлімшелері. Ішкі істер органдары құрамында мамандандырылған инспекторлар мен бөлімдер балалармен жұмыс істеуге бейімделген. Ювеналды полиция қызметкерлері мектептермен, ата-аналар комитеттерімен тығыз байланыста жұмыс істеп, «қолайсыз» балаларды дер кезінде анықтауға, олармен профилактикалық әңгімелер жүргізуге, қажет болса есепке қоюға тырысады [85, с. 37]. Мысалы, Астана қаласы Есіл ауданының ювеналды полициясы күн сайын ата-аналар чаттарына бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кеңестер жіберіп отырады, сынып жетекшілеріне оқушылардың мектепке барар және қайтар жолының қауіпсіз маршрутын жасау туралы жадынамалар таратады.

Мұның мақсаты - балалардың хабарсыз жоғалып кетуінің алдын алу, себебі практика көрсеткендей, кейде оқушылар ата-анасына ескертпей үйден шығып кетіп, іздеу салуға дейін барады. Полиция қызметкерлері жоғалған балаларды іздеу алгоритмін де жетілдірген: алғашқы сағат ішінде бала табылмаса, бірден криминалдық полиция мен волонтерлер жұмылдырылады, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы баланың суреті таратылып, жаппай іздестіру жүргізіледі. Ювеналды инспекторлардың айтуынша, көбіне жасөспірімдер ата-анасынан «жасырынып қалу» мақсатында досының үйінде немесе туыстарын паналап жүреді екен; сондықтан полиция таныстары арқылы ақпарат жинайды, осылайша балалардың басым көпшілігі тез арада табылады [88]. Дегенмен, бала үйден екінші рет қашып кетсе немесе бірнеше мәрте тәртіп бұзса, бұл - отбасы деңгейінде де, балаға қатысты мемлекеттік бақылау деңгейінде де дабыл белгісі. Мұндайда жоғарыда айтылған комиссияның араласуы, қажет болса арнайы мекемеге жіберу шешімдері қарастырылады. Осы ретте ювеналды полиция мен комиссиялардың бірлесе атқаратын жұмысы маңызды рөл атқарады. Жасөспірімдерді теріс

қылықтардан сақтандыру үшін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар түрлі әлеуметтік-білім беру шараларын жүзеге асырады. Балаларды сабақтан тыс уақытында пайдалы іспен айналыстыру - құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді тәсілі ретінде танылған. Сондықтан елімізде соңғы жылдары тегін үйірмелер мен спорт секциялары желісі кеңейтілуде. 2024 жылы, мәселен, Туризм және спорт министрлігі бұйрығымен девиантты мінез-құлықты, ішкі істер органдарының есебінде тұрған балаларды спорт секцияларына қабылдауда басымдық беру тәртібі енгізілді. Бұл - тәртібі нашар балаларды қоғамға бейімдеуге спорт арқылы ықпал ету амалы. Әр өңірде «қиын» жасөспірімдермен мақсатты жұмыс жүргізуге арналған әлеуметтік жобалар іске қосылған: тренингтер, еңбек терапиясы, мәдени шараларға тарту, волонтерлыққа баулу, т.б. Мысалы, кей қалаларда полиция бастамасымен «Қауіп тобындағы жасөспірімдерге арналған лагерьлер» ұйымдастырылып, онда түрлі мамандар балаларға өмірлік дағдыларды үйретеді. Сонымен бірге әр мектепте учаскелік полиция инспекторы бекітілген, олар сол білім ордасындағы ахуалды қадағалап, оқушылармен тұрақты кездесулер өткізеді. Барлық мектептерде сенім телефондары («111» желісі) мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторлардың байланыс нөмірлері ілініп, оқушылар кез келген қауіп немесе зорлық фактісі туралы жасырын хабарлай алатыны насихатталуда. 2023-2024 оқу жылының басында Ішкі істер министрінің тапсырмасымен жергілікті полиция департаменті басшылары мен орталық аппарат өкілдері мектептердің алғашқы қоңырау шараларына қатысып, балаларға жол қауіпсіздігі мен интернеттегі бейтаныс адамдармен байланыс кезіндегі сақтық шараларын түсіндірді. Полицияның осындай ағарту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі: аптасына бір рет кемінде әр мектепте құқық бұзушылықтардың алдын алу тақырыбында дәріс немесе кездесу өтеді, оқушылар арасында жасырын сауалнама жүргізіліп, буллинг, бопсалау, зорлық немесе өзге де мәселелер бар-жоғы анықталады [81].

Мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтері де бұл үрдіске қосылады. Бұған қоса, ішкі істер органдары демалыс кезеңдерінде «Түнгі қаладағы балалар», «Қауіпсіз аула» сияқты жедел-профилактикалық рейдтер жүргізіп, түнгі мезгілде жүрген немесе компьютерлік клубтар мен ойын-сауық орындарында байқалған жасөспірімдерді анықтайды. Мысалы, 2024 жылдың басынан бері Қостанай облысында өткізілген рейдтерде 22:00-ден кейін кафе, кальянхана, компьютер клубтарында жүрген 100-ден астам бала ұсталып, полицияға жеткізілген; олардың ата-аналарына 12 мың теңгеден айыппұл салыныпты. Сол Қостанайлық оқиғада қайталанған жағдайда айыппұл екі еселенетіні және бала полиция есебіне қойылатыны ескертілген [88]. Полиция бұзақылыққа бейім балалардың тізімін жасап, олармен жеке профилактика жүргізеді. Бұл ретте, тек жазалау емес, оларды қоғамға бейімдеу де көзделгенін айту керек: ішкі істер органдары жергілікті билікпен бірлесе отырып, қолайсыз отбасылардан шыққан балаларды жазғы лагерьлерге, кәсіби бағдар беру курстарына, қоғамдық жұмыстарға тарту шараларын ұйымдастырады. Жасөспірімдер арасындағы құқық

бұзушылықтың түп-тамыры көбіне отбасылық қолайсыздық, әлеуметтік теңсіздік, бақылаусыздық секілді мәселелерде жататыны белгілі. Сондықтан да алдын алу жүйесі тек полиция мен мектептің шараларымен шектелмей, кең ауқымды әлеуметтік жұмысты талап етеді. Қазақстанда әлеуметтік қызметтер мен қамқоршылық органдары қиын өмірлік жағдайдағы отбасылармен жұмыс күшейтуде. Мысалы, балалар правасын қорғау комитетінің мәліметінше, 2024 жылы елімізде 5000-нан астам жеткіншек Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына орналастырылып, қажетті көмек көрсетілген. Әр өңірде жергілікті әкімдік жанынан көпсалалы мобильді топтар құрылған: оның құрамында қамқоршылық органдары, полиция, прокуратура, білім және әлеуметтік қорғау мекемелерінің өкілдері бар. Бұл топтар тұрмысы нашар, әлеуметтік қауіпті отбасыларды анықтау үшін 27 мыңнан астам үйді аралап, нәтижесінде 1200 қиын жағдайдағы отбасыны есепке алған. Мұндай отбасыларға арнаулы әлеуметтік қолдау шаралары (атаулы көмек тағайындау, жұмыспен қамтуға жәрдем, ата-аналарды қайта оқыту, психологиялық кеңес беру, т.б.) көрсетілуде.

Бұның барлығы балалардың қылмыс жолына түсіп кетуінің алдын алу үшін жасалып жатыр, себебі «отбасындағы проблемалар шешілмей, баланың құқық бұзушылығын тек полиция күшімен азайту мүмкін емес» екені ресми түрде мойындалуда. Ішкі істер министрлігі өкілінің айтуынша, тек құқық қорғау шараларымен шектелу жеткіліксіз, егер балалардың қылмысқа баруына итермелейтін әлеуметтік ахуал өзгермесе, полицияның күресі өз нәтижесін толық бермеуі мүмкін [81]. Сондықтан қазір мемлекет деңгейінде ерте превенцияға мән берілуде: баланың ортаға бейімделуін қиындататын факторларды (мектептегі үлгермеушілік, үйдегі зорлық-зомбылық, қоршаған ортаның антиәлеуметтік ықпалы) дер кезінде анықтап, жою. Бұл бағытта денсаулық сақтау саласы да тартылуда - әсіресе жасөспірімдердің психикалық саулығын қорғау, суицидтің алдын алу, нашақорлық пен интернетке тәуелділіктің жолын кесу үшін арнайы бағдарламалар бар.

Халықаралық тәжірибе мен стандарттар да кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балалардың құқықтарын қорғаудың ажырамас байланысты екендігін қуаттайды. БҰҰ-ның Балалар құқықтары жөніндегі комитеті мемлекеттерге бала әділетінің басты мақсаты - баланы қайта тәрбиелеу және қоғамға қайта интеграциялау екеніне назар аударып, репрессивті шаралардың орнына тәрбиелік және қалпына келтіруші әдістерді қолдануды ұсынады. [83]. 1985 жылғы Бейжің ережелері (БҰҰ-ның кәмелетке толмағандар жөніндегі сот төрелігінің минималдық стандарттары) мен 1990 жылғы Эр-Рияд жетекші қағидаттары (кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі БҰҰ нұсқаулары) жасөспірімдердің болашағына залал келтірмейтін, оларды қоғамға бейімдеп, әлеуметтендіретін шараларды басым қолдануға шақырады. Айталық, Эр-Рияд нұсқауларында профилактика бірінші кезектегі шара болу керектігі, ол үшін отбасы, мектеп және қауымдастықтың үйлесімді әрекет ететіні айтылған. Қазақстан да әлемдік озық тәжірибелерді зерттеп, ендіруде. Мысалы, ҚР ІІМ жанындағы Ювеналды полиция қызметкерлері шетелдік

әріптестерімен тәжірибе алмасып, медиация, оңалту бағдарламалары, баламалы жаза түрлері бойынша оқытудан өтуде [81]. 2025 жылы мамырда Ташкентте өткен Орталық Азия елдеріне арналған жастар қылмысының алдын алу тренингіне қазақстандық полиция және әлеуметтік қызмет өкілдері қатысып, көпсекторлы әріптестік тәсілдерін үйренді. Онда немістің «Kurve Kriegen» (қылмыстың алдын алу бойынша) жобасы үлгі ретінде талданып, Орталық Азияға бейімдеу жолдары қарастырылды [89]. Мұның барлығы Қазақстанның жастар қылмысына қарсы күресте халықаралық стандарттарға сүйеніп, өз жүйесін жетілдіруге күш салып жатқанын көрсетеді.

Сонымен бірге, киберқылмыстардың өсімі жағдайында халықаралық ынтымақтастықтың маңызы артуда. Қазақстан ғаламдық киберқауіптерге қарсы тұру үшін 2023 жылы Будапешт конвенциясына қосылуға шақыру алды [90]. және осы конвенцияға қосылу бағытында құқықтық базасын үйлестіруде [91]. 2024 жылы ҚР ІІМ жанынан «Киберқылмысқа қарсы іс-қимылдың 2025-2029 жылдарға арналған кешенді жоспарын» дайындау бойынша ведомствоаралық жұмыс тобы құрылып, онда жаңа киберқауіптерге қарсы механизмдер, соның ішінде кәмелетке толмағандарды интернеттегі қауіпті контент пен қылмыстық іс-әрекеттен қорғау шаралары әзірленді.

ОССЕ ұйымы бұл процеске сараптамалық қолдау көрсетіп, «қоғамның барлық жігін жұмылдыру» («whole-of-society approach») қағидатын басшылыққа алуды ұсынуда [91]. Яғни киберқауіптермен тиімді күресу үшін мемлекеттік органдар, жеке сектор, үкіметтік емес ұйымдар және азаматтардың бірлескен күш-жігері қажет. Бұның бір көрінісі - Қазақстанның цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша технология компанияларымен ынтымақтасып, балаларға арналған «қауіпсіз цифрлық өнімдер» жасауға тырысуы. Мысалы, Австралияның «eSafety Commissioner» моделіне ұқсас түрде, Қазақстанда интернеттегі буллинг пен зиянды контентке шағым қабылдап, оны жедел жоятын арнайы құрылым қалыптастыру идеясы талқылануда. UNICEF және өзге халықаралық ұйымдар Қазақстандағы балалардың онлайн қауіпсіздігін нығайту үшін медиа сауаттылықты арттыру бағдарламаларын енгізуді қолдайды.

UNICEF-тің мәліметінше, балаларды интернеттің зиянды әсерінен қорғау әрекеті ұлттық және жаһандық деңгейде қатар жүруі керек: бір жағынан мемлекет цифрлық сауаттылықты көтеріп, балаларға интернет қауіп-қатерлерін ажыратуды үйретуі тиіс, екінші жағынан - балаларға зиянды ақпаратты таратушыларды қадағалап, оларға қарсы құқықтық шараларды күшейту қажет. Осындай кешенді стратегия ғана балаларға арналған қауіпсіз цифрлық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді деп санайды мамандар.

Қазақстан Үкіметі де балаларды интернеттегі зорлық-зомбылықтан сақтау үшін заңнамалық базаны жетілдіруді және ақпараттық-ағартушылық жұмысты күшейтуді бірдей жүргізуде. Жаңадан қабылданған 2022 жылғы «Балалар құқығын қорғау, білім беру, ақпарат және информатизация мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістер туралы» заң арқылы интернеттегі балаларға зиян контенттен қорғау тетіктері нақтыланды. Дегенмен сарапшылар бұл заңнаманың әлі де әлсіз тұстары бар екенін

көрсетеді: мысалы, баланың психикасына зиян келтіретін ақпаратты шектеу тетіктері заңда анық жазылғанымен, оны іс жүзінде іске асыратын нақты механизмдер жоқ деп бағаланады. Яғни провайдерлер мен әлеуметтік желілердің балаларға қауіпті контентті сүзуге жауапкершілігі толық бекітілмеген. Осыған байланысты алдағы уақытта халықаралық озық тәжірибелерге сүйене отырып, заңнаманы жетілдіру жоспарлануда. Мысалы, Ұлыбритания қабылдаған «Интернет қауіпсіздігі» туралы заң үлгісі, Германияның Жастарды онлайн қауіптен қорғау туралы түзетулері Қазақстан үшін қызығушылық тудыруда [92]. Бұл құжаттарда әлеуметтік желі платформаларына балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі, ата-ана бақылауы күшейтіледі және ережелерді сақтамаған компанияларға айыппұл салу тетіктері енгізілген.

Жоғарыда баяндалғандай, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғау алдын алу шаралары мен жауапкершілік арасындағы тығыз байланысты талап етеді. Алдын алу - баланың құқық бұзушылық жасамауы үшін қажетті жағдайларды қалыптастыру, қауіп-қатерді туғызатын себептерді жою болса, жауапкершілік - жасалған құқық бұзушылыққа әділ құқықтық баға беріп, баланы қайта тәрбиелеудің және жәбірленген тараптың құқығын қалпына келтірудің құралы. Екеуі бірін-бірі толықтыратын тетіктер. Қазақстан соңғы жылдары осы екі бағытты қатар күшейту арқылы оң нәтижелерге қол жеткізе бастады. Мәселен, Ішкі істер министрлігінің дерегіне қарағанда, кешенді жоспарлар мен жедел-профилактикалық шаралардың арқасында 2024 жылы жасөспірімдер қылмысы деңгейі өткен жылға қарағанда 6%-ға төмендеді, ал соңғы бес жылда жалпы 30%-ға азайды. Бұл айтарлықтай жетістік, профилактика мен жауапкершілік тетіктерінің үйлесімді іске асып жатқанын көрсетеді.

Дегенмен, қол жеткен табысты бекемдеу үшін жұмысты жалғастыру қажет екені де атап өтілуде - заңнамалық базаны одан әрі жетілдіру, әлеуметтік қолдау аясын кеңейту және алдын алуға қоғамды белсендірек қатыстыру өзекті міндет болып қалуда [81]. Мемлекет тарапынан дәл осы бағыттар бойынша шаралар жоспарланған: бала құқықтарын қорғау заңнамасына заман талабына сай толықтырулар енгізу, ата-аналарға, мектептер мен бизнес қауымдастыққа балалар қауіпсіздігі үшін ортақ жауапкершілік жүктеу, сондай-ақ балалардың өздерін құқықтық сауаттандыруды жалғастыру. Қорытындылай келе, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісі - көпқырлы кешенді процесс.

Онда превентивтік жұмыс пен жауапқа тарту тетіктері ажырамас байланыста қолданылады. Қазақстан тәжірибесі көрсеткендей, тек күштік әдістермен жасөспірімдер қылмысын жеңу мүмкін емес: оған әлеуметтік институттардың (отбасы, мектеп, қоғам) жұмылған күші қажет. Медиация, қалпына келтіру әділеттігі, тәрбиелік ықпал сияқты балама шаралар жазалаудың орнын толтырып, баланы әлеуметтендіруге көмектеседі.

Сонымен бірге, заң алдында бұлжытпай жауаптылық та қарастырылғаны маңызды - бұл баланың өз әрекетіне есеп беруін, қоғамның құқықтық тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді. Халықаралық стандарттар негізінде

Қазақстан балалық шақты қорғаудың және кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алудың үйлестірілген жүйесін қалыптастыруда.

Бұл жүйеде бала құқығының басымдығы, бала істеген ісіне лайықты жауап беруі және ең бастысы - оның қайта тәрбиеленіп, қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуы көзделеді. Алдын алу мен жауапкершіліктің өзара байланысын нығайту арқылы ғана мемлекет өсіп келе жатқан ұрпақтың құқықтары мен мүдделерін толық қорғауға қол жеткізе алады деп қорытынды жасауға болады. Мемлекет пен қоғамның осы ортақ мақсаты - баланың жан-жақты қауіпсіз, қолайлы ортада өсіп, заңға құрметпен қарайтын тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау - еліміздің тұрақты дамуының және адам капиталына салынған ең құнды инвестицияның бірі болмақ [81].

# 3 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

## 3.1 Халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЮНИСЕФ, т.б.) киберқауіпсіздік стандарттары

Қазіргі цифрлық дәуірде кәмелетке толмағандардың онлайн кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету халықаралық қауымдастықтың басты мәселесіне айналды. Балалар мен жасөспірімдер интернетте білім алып, ойын-сауық құрып, әлеуметтік желілерде еркін байланыс орната алады, алайда цифрлық мүмкіндіктермен қатар елеулі қатерлер де туындауда - кибербуллинг (онлайн қорқыту), жыныстық қанау мақсатындағы алдау (груминг), жеке деректердің құпиясын бұзу, заңсыз контентке қолжетімділік және өзге де киберқылмыстық әрекеттер. Киберкеңістіктің шекарасыз сипатта болуы бұл проблемаларды жеке бір мемлекеттің аясында ғана шешуді қиындататыны сөзсіз. Сондықтан БҰҰ, ЮНИСЕФ, ЕҚЫҰ, Еуропа Кеңесі, Еуропалық Одақ, Халықаралық телекоммуникация одағы (ITU) секілді халықаралық ұйымдар балалардың цифрлық құқықтарын қорғауға және киберқауіпсіздік стандарттарын қалыптастыруға бағытталған бірқатар құжаттар мен бастамаларды қабылдауда. Бұл бөлімде кәмелетке толмағандардың онлайн кеңістіктегі құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге арналған аса маңызды халықаралық стандарттар, соның ішінде БҰҰ Конвенциясы мен өзге де көпжақты келісімдер, ЮНИСЕФ пен өзге ұйымдардың ұсынымдары қарастырылып, кибербуллингтің алдын алу, цифрлық ортадағы балалардың құқықтарын қорғау, киберэтика және балаларға қатысты цифрлық әділеттілік саласындағы халықаралық тәжірибелер талданады. Халықаралық актілер мен бастамалардың сыни тұрғыдан сараптамасы жүргізіліп, түрлі ұйымдардың көзқарастары салыстырылады.

Алдымен, балалардың құқықтарын жалпы қорғаудың іргетасы саналатын негізгі құжат – БҰҰ Бас Ассамблеясы 1989 жылы қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенцияға тоқталайық. Бұл Конвенцияда әрбір баланың өмір сүру, даму, қорғалу және қоғам өміріне қатысу құқықтары бекітілген. Конвенцияның 19-бабында баланы барлық формадағы зорлық-зомбылықтан, соның ішінде психологиялық және физикалық зорлықтан қорғау міндеті көзделеді, ал 34-бапта балаларды сексуалдық қанау мен жыныстық зорлықтан қорғау қарастырылған. Аталған жалпы міндеттемелер қазіргі заманның цифрлық кеңістігінде де өзекті: мемлекеттер балаларды интернеттегі қорлау, зорлық-зомбылық пен қудалаудан, олардың ар-намысы мен беделіне қол сұғудан, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктегі заңсыз әрекеттерден қорғауға жауапты. БҰҰ Бас Ассамблеясы өз резолюцияларында «баланың құқықтары - бұл адам құқықтары, және оларды офлайн да, онлайн да толық қорғау және құрметтеу қажет» деп атап көрсетеді [93]. 2021 жылы БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) мәлім еткендей, әлемде шамамен әрбір секунд сайын бір бала алғаш рет интернетке қосылады - бұл цифрлық технологиялардың балалар өміріне енуінің қарқынын аңғартады. Сол себепті балалардың дәстүрлі құқықтарын (ақпарат алу құқығы, ой-пікірін білдіру, жеке өмірінің қол

сұғылмауы, зорлық-зомбылықтан қорғану құқығы және т.б.) виртуалды ортада да пәрменді іске асыру тетіктері қажет.

Баланың құқықтары туралы конвенцияға қатысушы мемлекеттер оның талаптарын цифрлық дәуірдің сын-тегеуріндерін ескере отырып орындауға міндетті. 2016 жылы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесі «Баланың құқықтары: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және балаға қатысты сексуалдық қиянат» атты арнайы резолюция қабылдап, онда барлық мемлекеттерге балалардың АКТ құралдарына **толық, тең, қауіпсіз** қолжетімділігін қамтамасыз етуге және балаларды онлайн және офлайн ортада қорғауды күшейтуге шақырды. Бұл адам құқықтық тұрғыдан маңызды қағидат: бір жағынан, интернетке қолжетімділік - қазіргі заманда баланың ақпарат пен білім алу құқығын жүзеге асыруының шарты; екінші жағынан, цифрлық алшақтық (цифрлық теңсіздік) балалар арасында жаңа теңсіздіктерге әкеп соқпауға тиіс. Сол резолюцияда БҰҰ Кеңесі мемлекеттерді балаларды интернеттегі сексуалдық қанау мен зорлықтан заңнамалық қорғауды қамтамасыз етуге үндеді. Бұдан кейін де БҰҰ аясында балалардың цифрлық құқықтарына қатысты бірқатар қадамдар жасалды. 2021 жылдың наурызында Бала құқықтары жөніндегі комитет (Конвенцияның орындалуын қадағалайтын тәуелсіз орган) №25 Жалпы түсініктеме қабылдады. Онда тұңғыш рет Конвенциядағы мемлекет міндеттемелерін цифрлық ортаға бейімдеп түсіндіретін кешенді нұсқаулық берілді [94]. Аталған түсіндірмеге сәйкес, мемлекеттер білім беру, заңнамалық шаралар, саясат және реттеу арқылы балалардың барлық құқықтарын - сөйлеу бостандығынан бастап жеке өміріне дейін - онлайн кеңістікте қорғауға, сонымен бірге балаларды цифрлық технологиялардың зиянынан сақтау үшін қажетті заңдар мен техникалық шараларды қабылдауға тиіс. Комитет әсіресе балалардың үздік мүддесі қағидатын цифрлық саланың барлық шешімдерінде ескеру керектігін және балалардың өздерін қызықтыратын цифрлық саясат мәселелеріне қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету маңызын атап өтті. Мұндай халықаралық түсіндірмелік құжаттар ұлттық заңнамалар мен саясатқа бағыт-бағдар беріп, жаңа технологиялар жағдайында балалардың құқықтарын қалай сақтауды айқындайды.

Балалардың құқықтарын цифрлық ортада қамтамасыз ету мәселесі БҰҰ Бас Ассамблеясының соңғы жылдардағы қарарларында да көрініс тапты. Мысалы, 2023 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы барлық 193 мүше мемлекеттің келісімімен «Баланың цифрлық ортадағы құқықтары» жөнінде тарихта тұңғыш резолюция қабылдады. Бұл құжат мемлекеттерді Конвенция ережелерін цифрлық кеңістікке толық көлемде іске асыруға шақырады және балалардың жеке өмірі мен дербестігін қорғаудың маңыздылығын ерекше атап өтеді [95]. Бас Ассамблея қарарында үкіметтерге балалардың интернеттегі құпиялылығы мен деректерінің қорғалуын күшейту, олардың цифрлық өнімдер мен қызметтерді пайдаланудағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық заңнаманы жетілдіру ұсынылды [96]. Бұл ретте балалардың цифрлық сауаттылығын арттыру және олардың интернеттегі зиянды контенттен қорғалуы халықаралық күн тәртібінде айрықша орын алды.

Осылайша, Біріккен Ұлттар Ұйымы деңгейінде қалыптасқан нормалар мен ұстанымдар мемлекеттерге кәмелетке толмағандардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуде негізгі бағыт болып табылады.

БҰҰ жүйесінің мамандандырылған агенттіктері мен бағдарламалары да балалардың онлайн қауіпсіздігіне қатысты жаһандық стандарттарды дамытуда маңызды рөл атқарады. Соның бірі - халықаралық телекоммуникация саласын үйлестіретін ITU (International Telecommunication Union - Халықаралық телекоммуникация одағы). ITU 2008 жылы «Балаларды онлайн қорғау» (Child Online Protection) бастамасын қолға алып, 2020 жылы осы бағыттағы жаңартылған нұсқаулықтарды жариялады. ITU-дың 2020 жылғы Балаларды онлайн қорғау бойынша басшылық ұсынымдары балаларға арналған қауіпсіз және өнімді цифрлық ортаны қалыптастыру жолында барлық мүдделі тараптарға - үкіметтерге, компанияларға, ата-аналар мен педагогтерге, сондай-ақ балалардың өздеріне - арналған кешенді ұсыныстар жиынтығын ұсынады. Атап айтқанда, бұл құжатта төрт түрлі мақсатты топқа арнайы әзірленген бөлек нұсқаулық бар: 1) балаларға арналған - өздерін онлайн ортада қауіпсіз ұстауға үйрететін қарапайым тілдегі ережелер; 2) ата-аналар мен тәрбиешілерге - балаларды интернет қатерлерінен қорғау және цифрлық сауаттылығын дамыту бойынша кеңестер; 3) ақпараттық-коммуникациялық индустрияға - балаларға достық цифрлық өнімдер жасау және зиянды контентті шектеу, бала пайдаланушылардың деректерін қорғау жөніндегі стандарттар; 4) саясат жасаушыларға - ұлттық деңгейде балалардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңнамалық және институционалдық шаралар туралы ұсынымдар. ITU бұл нұсқаулықтарды ЮНИСЕФ және салалық сарапшылармен бірлесе дайындаған болатын. Нәтижесінде, бүгінгі күні көптеген елдер ITU ұсынымдарын өздерінің ұлттық стратегияларына негіз етіп алып, балаға қолайлы цифрлық экожүйе құруға талпынуда. Айта кету керек, ITU шеңберіндегі осы бастамалар жаһандық деңгейде балалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған бірыңғай терминология мен әдістемені қалыптастыруға көмектеседі.

Балалардың интернеттегі қауіпсіздігі мәселесін алға жылжытуда БҰҰ балалар қоры - ЮНИСЕФ-тің орны бөлек. ЮНИСЕФ өзінің мандаты бойынша бүкіл әлемде бала құқықтарының сақталуына жұмыс істейтін ұйым және соңғы онжылдықта ол цифрлық кеңістіктегі қатерлерге ерекше назар аударып келеді. ЮНИСЕФ «Балаларды интернетте қорғау» бойынша бағдарламалар жүргізіп, үкіметтер мен технологиялық компанияларға ықпал ету арқылы жаһандық деңгейде стандарттарды ілгерілетуде. 2017 жылы ЮНИСЕФ «Әлем балаларының жағдайы» атты жылдық баяндамасын толықтай балалардың цифрлық әлемдегі өміріне арнап, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдеріне балаларға қауіпсіз әрі пайдалы онлайн мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөнінде үндеу тастады. Аталмыш баяндаманың негізгі тезисі - цифрлық технологиялар балалар үшін зор әлеуетке ие, бірақ егер тиісті саясат пен корпоративтік жауапкершілік болмаса, интернет мүмкіндіктерінің теңсіздігі арттырғыш және қауіпті күшейткіш факторға айналуы мүмкін. Сондықтан ЮНИСЕФ үкіметтерді, IT-секторын және азаматтық қоғамды

балалар үшін цифрлық кеңістікті тең мүмкіндік алаңы етуге, баланың онлайн ортада дамып, білім алуына жағдай жасап, оны зияннан қорғау үшін бірігіп әрекет етуге шақырды [97].

ЮНИСЕФ практикалық деңгейде де көптеген бастамаларды жүзеге асырады. Ұйым әлем елдерінде балаларды кибербуллингтен, онлайн зорлық-зомбылық пен қанаудан қорғау бойынша ұлттық үйлестіру механизмдерін құруға атсалысып, құқық қорғау органдарын, мектептерді, ата-аналарды жұмылдыратын жобаларды қолдайды. Мәселен, ЮНИСЕФ қолдауымен «Global Kids Online» және «Disrupting Harm» атты ғаламдық зерттеулер жүргізіліп, балалардың цифрлық құқықтары мен интернет пайдаланудағы дағдылары зерттелуде. Бұл зерттеулер әр өңірдегі балалардың интернетке қолжетімділігі, кездесетін қауіп-қатері мен мүмкіндіктері туралы деректерді жинақтап, саясаткерлерге ғылыми негізделген ұсыныстар береді. ЮНИСЕФ сонымен бірге үкіметтермен бірлесіп балаларға қатысты киберқылмыстардың алдын алу және ашу бағытында жұмыс істейді. Ұйымның қолдауымен бірқатар елдерде құқық қорғау органдарының кибербала қылмыстарына қарсы арнайы бөлімшелері құрылып, тергеушілер мен полицияға оқыту өткізілуде. ЮНИСЕФ бастамасымен құрылған WePROTECT жаһандық альянсы да айрықша атап өтуге тұрарлық: бұл альянс аясында 90-нан астам мемлекет, халықаралық ұйымдар мен IT-компаниялар бірігіп, балаларға қатысты онлайн сексуалдық зорлық-зомбылықпен күресу үшін озық тәжірибе және технологиялармен алмасуда. Мысалы, ЮНИСЕФ пен технологиялық индустрияның ынтымақтастығы нәтижесінде балаға қауіпті контентті автоматты түрде анықтап, бұғаттайтын жаңа құралдар әзірленіп, бала пайдалушылардың деректерін қорғауға арналған салалық стандарттар енгізілуде [97]. ЮНИСЕФ сондай-ақ білім беру жүйесінде балалардың цифрлық сауаттылығын арттыру және онлайн ортада жауапты өзін-өзі ұстау этикасын сіңіру бағытында әдістемелік ұсынымдар дайындаған.

Ұйымның пікірінше, киберэтика - баланы ерте жастан интернеттегі мінез-құлық мәдениетіне үйрету, өзге адамдардың құқықтарын құрметтеу, цифрлық іздің маңызын түсіну - ақпарат ғасырындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі болуы тиіс. ЮНИСЕФ ұсынған стратегиялар шеңберінде көптеген мемлекеттер мектеп бағдарламаларына «цифрлық азаматтық» пәндерін енгізіп, балалар мен ата-аналарға арналған онлайн қауіпсіздік бойынша тренингтер өткізуде [98]. ЮНИСЕФ-тің мұндай кешенді тәсілі - құқықтық реформалардан бастап ағартушылық пен индустрия ынтымақтастығына дейінгі шараларды қамтуы - халықаралық деңгейде кең қолдау табуда және балалардың киберқауіпсіздігін арттырудың тиімді үлгісі ретінде қарастырылады.

Балаларды киберқылмыстан қорғау саласындағы маңызды халықаралық-құқықтық тетік - Еуропа Кеңесінің конвенциялары. Еуропа Кеңесі шеңберінде 2001 жылы қабылданған Киберқылмыс жөніндегі Будапешт конвенциясы (Cybercrime Convention) киберкеңістіктегі құқық бұзушылықтарды қылмыс деп тануға бағытталған ең алғашқы әмбебап келісім болып табылады. Бұл Конвенцияға қазіргі таңда Еуропа елдерімен

қатар әлемнің өзге де аймақтарынан ондаған мемлекет қосылған, яғни құжат шынымен жаһандық стандарт мәртебесіне ие. Будапешт конвенциясы бойынша қатысушы елдер компьютер жүйелеріне заңсыз қол сұғу, деректерді бұзу сынды дәстүрлі киберқылмыстармен қатар, балалар порнографиясына қатысты онлайн қылмыстарды өз ұлттық заңнамаларында қылмыстық жауаптылыққа тартуға міндеттенеді. Атап айтқанда, Конвенцияның 9-бабы әр мемлекетке кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелерін цифрлық түрде өндіру, тарату, жария ету, иемдену сияқты әрекеттердің барлығын қылмыс деп тануды жүктейді. Ондағы «балалар порнографиясы» ұғымы шынайы балалардың да, кәмелетке толмағанға ұқсас көрінетін тұлғалардың да және бала кейіпіндегі реалистік кескіндердің де бейнелерін қамтиды.

Бұл талаптар мемлекеттердің қылмыстық заңнамасын біріздендіруге және трансұлттық деңгейде ынтымақтаса әрекет етуге мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде Интерполдың халықаралық дерекқорлары мен құқық қорғау органдары арасындағы өзара ақпарат алмасу жеңілдеп, балаларға қатысты зорлық-зомбылық материалдарын таратушылардың жауапкершіліктен жалтаруы күрделене түсті. Қазақстан да 2018 жылы Будапешт конвенциясын ратификациялап, өз Қылмыстық кодексіне тиісті өзгерістер енгізгенін айта кету маңызды: елімізде Конвенция талабына сай «кәмелетке толмағандардың порнографиясы» ұғымы анықталып, оған қатысты әрекеттерге қылмыстық тыйым салынды. Жалпы, Будапешт конвенциясы балаларды киберқылмыстың аса қатерлі түрінен - порноиндустриядан - қорғау бойынша алғашқы әмбебап стандарт орнатты және әлем елдері арасында құқықтық ынтымақтастықтың негізін қалады [99]. Дегенмен, бұл Конвенция негізінен қылмыстық сот төрелігі саласын реттейтіні, яғни профилактикадан гөрі жазалау және тергеу механизмдеріне басымдық беретінімен шектеледі. Сондықтан балаларды интернетте қорғаудың одан да жан-жақты шараларын көздейтін қосымша халықаралық құралдар қажеттігі туды.

Еуропа Кеңесі аясында әзірленген келесі бір маңызды құжат - Балаларды сексуалдық қанаудан және жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғау туралы Ланзароте конвенциясы (2007 ж.). Бұл конвенция баланы сексуалдық сипаттағы барлық қылмыстардан қорғауға арналған кешенді шарт, онда дәстүрлі қиянат түрлерімен қатар интернет арқылы жасалатын жаңа әдістер де ескерілген. Атап айтқанда, Ланзароте конвенциясы балаларды азғыру мақсатында онлайн байланыс орнатуды (кибер грумингті) қылмыс ретінде тікелей танитын ең алғашқы халықаралық-құқықтық акт болып табылады [100]. Конвенцияның 23-бабына сәйкес, кәмелетке толған адамның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, кәмелетке толмағанмен кездесу немесе жыныстық әрекет жасау ниетімен әңгіме бастап, оны өз үйінен тыс жерге кездесуге көндіруге бағытталған кез келген қасақана әрекеті қылмыстық жауаптылыққа жатуға тиіс. Осылайша, ересектердің интернетте балаларды арбау әрекеттері (мысалы, жалған тұлға болып сеніміне кіріп, сексуалдық мақсатта кездесу ұйымдастыру) заң жүзінде жазаланатын қылмысқа айналды. Ланзароте конвенциясы сонымен қатар балаларды жезөкшелікке тарту, балаларды порнографиялық шоуларға

қатыстыру, оларды порнографиялық материалдарға модель ретінде пайдалану секілді ұятты қылмыстарды қамтиды және мемлекеттерге мұндай іс-әрекеттерді де заң арқылы тыюды міндеттейді. Конвенция талаптарына сай, қатысушы елдер балаларға қарсы сексуалдық қылмыстардың алдын алу үшін мектеп бағдарламаларына білім беру компоненттерін енгізу, ата-аналарды хабардар ету, балаларға интернетте өзін-өзі қорғау дағдыларын үйрету бағытында шаралар қабылдауға тиіс. Сондай-ақ, жәбірленген балаларға арнаулы көмектесу қызметтерін (ыстық желі телефондары, психологиялық көмек, оңалту бағдарламалары) ұйымдастыру, қылмыскерлерді анықтау үшін жедел іздестіру шараларын халықаралық үйлестіру көзделген. Демек, Ланзароте конвенциясы өзінің ауқымы бойынша тек жазалаумен шектелмей, кешенді алдын алу мен қорғалу тетіктерін де орнататын көпжақты келісім саналады. Қазіргі күні бұл құжатқа Еуропа мемлекеттері ғана емес, басқа құрлықтардан да елдер қосылуда, ал Қазақстан 2018 жылы қол қойып, 2019 жылы ратификация жасады. Ұлттық заңнамаға Ланзароте талаптарын енгізу мақсатында еліміз «онлайн-платформада балаларды сексуалдық мақсатта азғыру» деген арнайы қылмыс құрамын бекітіп, мұндай әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық белгіледі. Ланзароте конвенциясының орындалуын қадағалау үшін құрылған Тараптар комитеті үнемі мониторинг жасап, қатысушы мемлекеттердің тәжірибесін бағалайды және қосымша ұсынымдар береді. Мысалы, 2015 жылы осы комитет Конвенцияның 23-бабы (онлайн азғыру) бойынша арнайы түсіндірмесін жариялап, онда әлеуметтік желілер мен ойын платформалары арқылы балаларды қорлауды қылмыстық қудалау мәселелерін нақтылады. Бұл халықаралық деңгейде балаларды жаңа қауіптерден қорғау бойынша құқық қолдану тәжірибесін бір ізге түсіруге ықпал етті.

Еуропа Кеңесі балалардың цифрлық құқықтарын ілгерілету мақсатында Конвенциялардан бөлек, жұмсақ құқық (soft law) құралдарын да қабылдап отырады. 2018 жылы Еуропа Кеңесі Министрлер Комитеті «Цифрлық ортада бала құқықтарын қорғау, қолдау және жүзеге асыру бойынша нұсқаулықтар» атты арнайы ұсыным қабылдады (CM/Rec(2018)7). Бұл құжат баланың интернеттегі барлық құқықтарын - ақпарат алу, байланыс бостандығы, жеке деректердің қорғалуы, білім алу, демалыс және ойын, зорлық-зомбылықтан қорғану, әділетті сот кепілдіктері және т.б. - кешенді түрде қарастырып, мемлекеттерге және интернет-провайдерлер, мектептер, ата-аналар сияқты тараптарға арнап нақты ұсыныстар береді. Онда цифрлық қызметтерді әзірлеуде балалардың жастық ерекшеліктерін ескеру (мысалы, «privacy by design» қағидаты - өнімдерді жобалаудан бастап жеке өмірге құрметті негізге алу), онлайн контентті жастағыларға сай жіктеу және зиянды материалдарға жол бермеу, ата-аналық бақылау құралдарын жетілдіру, мектепте цифрлық сауаттылықты оқыту, кибербуллинг пен онлайн-мәжбүрлеуді құқықтық деңгейде тыйым салу мәселелері қамтылған. Еуропа Кеңесі бұл ұсынымды әзірлеуге сарапшылар, үкіметтік емес ұйымдар және тікелей балалардың өзін қатыстыра отырып, кең консультациялар жүргізді; сондықтан құжат балалардың өз пікірін де ескеріп жасалған маңызды халықаралық стандарт

ретінде бағаланады. Бұған қоса, Еуропа Кеңесі 2022-2027 жылдарға арналған Балалар құқықтарын қамтамасыз ету стратегиясында балалардың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігі мен мүмкіндіктерін кеңейту негізгі басымдықтың бірі ретінде айқындалған. Мәселен, стратегияда барлық балалардың цифрлық технологияларға қауіпсіз қолжетімділігін қамтамасыз ету, онлайн ортадағы зорлық-зомбылық пен қорлаудан қорғау және осал санаттағы балаларды цифрлық теңсіздіктен сақтау міндеттері көрсетілген. Еуропа Кеңесінің бұл бағыттағы ұстанымы - «нөлдік төзімділік» принципі, яғни балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың ешбір түріне, оның ішінде интернетте орын алатын кішігірім буллинг не қудалау фактісіне де қоғамда орын болмауға тиіс.

Мұндай қатаң риторика Еуропа елдерінің заңнамасында көрініс тауып отыр: бірқатар мемлекеттер (мысалы, Италия, Франция, Германия) соңғы жылдары кибербуллингтің алдын алу және оған жауап беру туралы арнайы заңдар қабылдап, мектептерде буллингтің жолын кесу үшін жауапты тұлғалар институтын енгізді. Еуропа Кеңесі осы ұлттық тәжірибелерді жинақтап, ортақ платформада тарату үшін «Балаларға қарсы киберзорлықпен күрес бойынша ұлттық стратегиялар» сериясын жариялауда, мұнда әр елдің тәжірбиесі мен табысты шаралары талданып, өзге мемлекеттер үлгі алу үшін ұсынылған. Сол арқылы Еуропада балаларды кибербуллингтен қорғау туралы белгілі бір аймақтық стандарттар қалыптасып үлгерді.

Еуропалық Одақ шеңберінде де балалардың онлайн құқықтарын қорғауға бағытталған кешенді саясат жүзеге асырылып келеді. 2022 жылы Еурокомиссия «Балалар үшін жақсы интернет» (Better Internet for Kids - BIK+) атты жаңартылған стратегияны қабылдады. Бұл стратегия үш негізгі тұғырға негізделген: 1) қауіпсіз цифрлық тәжірибе (балаларға арналған онлайн қызметтердің қауіпсіздігі мен жарамдылығы, жастық шектеулерді сақтау, контенттік рейтингілер және ата-ана бақылауы тетіктері); 2) цифрлық қолдау және мүмкіндік беру (балалардың цифрлық сауатын арттыру, сындарлы әрі сыни тұрғыда интернетті пайдалану дағдыларын үйрету); 3) белсенді қатысу (балалардың цифрлық саясатты қалыптастыруға қатысуы, олардың пікірін ескеру). BIK+ стратегиясы барлық мүше мемлекеттерге осы бағыттар бойынша ұлттық бағдарламаларын жетілдіруді және бірлескен іс-қимылдарды ұсынды. Мысалы, стратегия аясында ЕО деңгейінде балаларға арналған сапалы цифрлық мазмұнды (білім беру, даму контентін) өндірушілерді қолдау, мектеп мұғалімдерін оқыту, ата-аналарға кеңес беру сияқты бастамалар қаржыландырылуда. Бұдан бөлек, Еуропалық Одақ қатарына кіретін елдер үшін міндетті заңнамалық актілер де балалардың онлайн қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Солардың бірі - Жалпы деректерді қорғау регламенті (GDPR, 2016), бұл регламент бойынша ақпараттық қоғам қызметтерін пайдалануға бала келісімінің жас шегі 16 жас деп белгіленген (мүше елдер оны 13 жасқа дейін төмендете алады) және балалардың жеке деректерін өңдеуге ерекше талаптар қойылған. GDPR ережелері әлеуметтік желілер мен интернет-компанияларды 16 жасқа толмаған балаға ата-ана рұқсатынсыз тіркелуге мүмкіндік бермеуге міндеттейді, бұл балалардың жеке өмірінің қол сұғылмаушылығын қорғау

стандарты ретінде танылды. ЕО-ның тағы бір маңызды құжаты - «Аудиовизуалдық медиа қызметтер» директивасы (AVMSD, 2018 ж. жаңартылған), онда видео-платформалар мен стримингтік сервистерге балаларды зиянды контенттен (зорлық, порнография, әдепсіз материалдар) қорғау бойынша міндеттер жүктелген. Атап айтқанда, провайдерлер балаларға арналмаған контентті жас сүзгілерімен белгілеуге әрі оның таралуын шектеуге, ал балаларға арналған бағдарламаларда зорлық-зомбылық немесе алкогольді насихаттау кездеспеуін қамтамасыз етуге тиіс. Еуропалық Одақ 2021 жылы қабылдаған Балалар құқықтары стратегиясында да цифрлық ортадағы балалардың қауіпсіздігі бөлек тарау ретінде қарастырылды [101]. Онда мүше елдерге кибербуллингпен күресу жоспарларын әзірлеу, әр мектепте буллингтің алдын алу бағдарламаларын енгізу, интернет провайдерлерімен өзара ықпалдастықта балаға қауіпті контентті жою тетіктерін жетілдіру тапсырылды.

Еурокомиссия сонымен қатар соңғы жылдары интернеттегі балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық материалдарымен (Child Sexual Abuse Material - CSAM) күрес шараларын күшейтуде. 2020 жылы ЕО «Балаларға зорлық-зомбылық көрсетілген материалдармен күресу стратегиясын» жариялады, ал 2022 жылы мұндай контентті интернеттен автоматты түрде анықтап, құзырлы органдарға хабарлайтын арнайы жүйе құру туралы регламент жобасын ұсынды. Бұл бастама бойынша интернет қызметтеріне балалар порнографиясы мен азғындық материалдарын (соның ішінде «лаңкестік» деп аталатын көріністер) анықтау үшін жасанды интеллект және сканерлеу технологияларын қолдану талабы қойылмақ [96]. Аталмыш ұсыныс ЕО кеңістігінде қызу пікірталас тудырды: бір тарап балаларды қорғаймыз десе, екінші тарап бұны пайдаланушылардың жаппай жеке хат-хабарын тексеруге апарып соғатын құпиялылыққа қол сұғу деп бағалайды.

Бұл мысал халықаралық деңгейде де баланы қорғау мен жеке өмірге құрмет арасында тепе-теңдікті табу оңай еместігін көрсетеді. Дегенмен, Еуропалық Одақ балаларға қатысты онлайн құқық бұзушылықтарға қарсы күресте көптеген елдерге үлгі боларлық жүйелі саясат жүргізуде. ЕО қаржыландыратын Insafe/INHOPE желісі арқылы Еуропада әр мемлекетте балалар үшін қауырт желі (hotline) және кеңес беру желісі (helpline) қызметтері жұмыс істейді - балалар немесе олардың ата-аналары интернеттегі қауіпті жағдайлар жөнінде сол орталықтарға хабарлап, көмек ала алады. Мысалы, кибербуллингке ұшыраған бала тегін психологиялық кеңес алуға, ал желіде байқалған заңсыз контент туралы кез келген азамат арнайы сайтқа шағым жолдауға мүмкіндік бар. Бұл механизмдер ЕО стандарттарының бір бөлігіне айналған және бүгінде басқа аймақтар да Еуропа тәжірибесін қабылдап, ұқсас желілер құруда.

Еуропалық құрылымдардан бөлек, ТМД кеңістігі мен өзге өңірлерде де балалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аймақтық келісімдер мен саясат бар екенін айта кету керек. Мәселен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында 2013 жылы Кәмелетке толмағандардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұжырымдамасы қабылданып, оған

мүше елдер (соның ішінде Қазақстан) балаларды зиянды ақпараттан қорғау бойынша ұлттық заңнамаларын үйлестіруге келісті. Аталмыш құжат негізінде Қазақстан «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» заң (2015 ж.) қабылдап, ақпарат өнімдерін жастық санатқа бөлу жүйесін енгізді. Сол сияқты, Азия-Тынық мұхит өңірінде АСЕАН елдерінің цифрлық даму жоспарларында балалардың онлайн қорғалуы мәселесі қамтылған, Африка одағы да 2020 ж. «Балалардың интернеттегі қауіпсіздігі жөніндегі Африка стратегиясын» бекітті. Бұлар - әрине, біздің зерттеу тақырыбымыз тікелей қамтитын институттар емес, бірақ халықаралық үрдістің ғаламдық сипат алғанын көрсетеді.

Халықаралық ұйымдардың қатарында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ, OSCE) да балаларды киберқылмыстан қорғауға өз үлесін қосуда. ЕҚЫҰ - қауіпсіздік мәселелерімен шұғылданатын кең ауқымды саяси ұйым ретінде - киберқауіпсіздік пен киберқылмысқа қарсы күресті мемлекеттер арасындағы сенім шараларының бірі деп қарайды. Сол себепті ЕҚЫҰ цифрлық саладағы трансұлттық қатерлерге, оның ішінде балалардың онлайн құдалануы мен пайдалануына ерекше көңіл бөледі [102].

2017 жылы ЕҚЫҰ-ға мүше 57 мемлекет Министрлер кеңесінің шешімі №7/17 арқылы балалар саудасы мен сексуалдық қанауға қарсы бірлескен шаралар туралы келісілген декларация қабылдады. Онда қатысушы елдер балаларға қатысты барлық адам саудасы және сексуалдық қылмыстарға қарсы күресте күш біріктіруге, соның ішінде интернетті балаларды азғыру және қанау мақсатында пайдалану әрекеттерін қылмыстық жауаптылыққа тарту жөнінде міндеттемелер алды. Аталмыш шешімде ЕҚЫҰ мемлекеттеріне қылмыскерлерді жазалауды күшейту, қажет болса шетелде жасаған қылмыстары үшін де азаматтарын жауапқа тарту (экстратерриториалдық юрисдикция), құқық қорғау органдары арасында ақпарат алмасуды жолға қою секілді қадамдар ұсынылды. Сонымен бірге, интернетте балаларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу үшін қоғамдық ақпараттандыру және білім беру шараларының маңызы атап өтілді - ЕҚЫҰ құжатында қатысушы елдерге туристік салада, интернет компаниялары мен білім беру ұйымдарында балаларды қорғау мәселелері бойынша кең ауқымды ағартушылық науқандар жүргізу ұсынылды [98].

ЕҚЫҰ шешімі тек ұсынымдық сипатта болғанымен, оған ұйымның барлық мүшелері қолдау білдірді және бұл осы аймақта ортақ ұстаным қалыптасқанының белгісі еді. Қазақстан да ЕҚЫҰ-ның белсенді қатысушысы ретінде бұл шешімді құптады және өз заңнамасында балаларға қатысты қылмыстарға жазаны қатаңдату бойынша бірқатар өзгерістер енгізді (2019-2020 жж. қабылданған қылмыстық-құқықтық реформаларда көрініс тапты).

ЕҚЫҰ хатшылығы мен далалық миссиялары деңгейінде де балалардың цифрлық қауіпсіздігін ілгерілету жұмыстары жүруде. Мысалы, ЕҚЫҰ-ның Алматыдағы бағдарламалар кеңсесі 2018 жылдан бері Қазақстанның мектептерінде кибербуллингтің алдын алу бойынша тренингтер өткізуге қолдау көрсетіп келеді (бұл тренингтерге полиция инспекторлары, психологтер және ұстаздар тартылған). Ал Албаниядағы ЕҚЫҰ өкілдігі 2022

жылы елдің шалғай аймақтарында киберқауіпсіздік бойынша ақпараттық сессиялар ұйымдастырып, 300-ден астам оқушы, мұғалімдер мен ата-аналарды интернеттегі негізгі қатерлер туралы оқытты [98]. Бұл кездесулерде кибербуллинг, онлайн алаяқтық, мәлімет ұрлау, экстремистік үгіт сияқты тақырыптар талқыланып, балаларға өздерін және жеке деректерін қалай қорғау керектігі түсіндірілді. Осындай шаралар нәтижесінде көптеген оқушылар онлайн ортадағы қауіптерді жақсырақ түсініп, критикалық ойлау дағдыларын дамытқандарын мойындады [98]. ЕҚЫҰ бұдан бөлек Кавказ және Орталық Азия елдерінде кибергигиена (cyber hygiene) бағдарламаларын енгізуге жәрдемдесуде - бұл бағдарламалар жасөспірімдерге интернетте қарапайым қауіпсіздік ережелерін (күрделі құпиясөздерді пайдалану, бейтаныс адамдармен сақтық таныту, күмәнді сілтемелерді ашпау, т.б.) үйретуге бағытталған. Қорыта айтқанда, ЕҚЫҰ өз мандаты аясында негізінен алдын алу, оқыту және трансшекаралық ынтымақтастықты нығайту арқылы балалардың киберқауіпсіздік стандарттарын көтермелеуде. Бұл ұйымның артықшылығы - қауіпсіздік саласындағы саяси диалог алаңы бола отырып, полиция, шекара қызметі, сот және білім беру өкілдерін біріктіретін практикалық жобаларды жүзеге асыра алуында. Мұндай кешенді амал балаларға қарсы интернет-қылмыстардың түбірімен жою үшін маңызды.

Халықаралық қауымдастық тарапынан кәмелетке толмағандарды Кибер құқық бұзушылықтардан қорғау бойынша атқарылып жатқан шаралардың тиімділігін бағалай келе, бірнеше ортақ үрдісті аңғаруға болады. Біріншіден, барлық халықаралық ұйымдар балалардың цифрлық әлемдегі қауіпсіздігі мәселесін мойындайды және оны балалардың негізгі құқықтарының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Бала құқықтары туралы Конвенцияның әмбебап қағидаттары - кемсітпеу, баланың мүдделерін басты орынға қою, өмір сүру және даму құқығы, баланың пікірін құрметтеу - бүгінгі күні киберкеңістікте толыққанды қолданыста болуға тиіс деп танылды [93]. Осы тұрғыда БҰҰ, ЮНИСЕФ және өзге институттар балалардың құқықтарын онлайн және офлайн режимде бөлместен тең қорғауды талап етуде.

Екіншіден, халықаралық стандарттар кешені тек құқықтық санкциялармен ғана шектелмейді, онда алдын алу мен ағарту шаралары үлкен орын алады. Мысалы, кибербуллингті қарастыратын болсақ, балалардың бірін-бірі қудалауын қылмыстық жолмен жазалау (әкімшілік айыппұл салу не қылмыстық жауаптылыққа тарту) ешбір елде негізгі шешім деп қабылданған жоқ. Керісінше, халықаралық құжаттар буллингтің алдын алу үшін мектептерде достық ахуалды нығайту, ата-аналардың ролін күшейту, әлеуметтік желі компанияларын қауіпті жазбаларды жоюға міндеттеу, құрбандарға психологиялық қолдау көрсету сияқты кешенді әдістерді ұсынады. Бұл - жазалаудан гөрі тәрбиелеу және қорғалуға басымдық берілетінін көрсетеді. Сол сияқты, киберқылмыс жасаған балаларға келсек (мысалы, ақпарат жүйелеріне бұзып кіру, онлайн алаяқтық, өзгелерді қорлау әрекеттерін кейде жасөспірімдер де жасауы мүмкін), халықаралық құқық оларды ересектермен тең жазалауға қарсы, қайта

баламалы тәрбиелік шаралар, қалпына келтіруші әділеттілік принциптерін қолдануды қуаттайды. БҰҰ-ның «Бейжің ережелері» (1985) және Баланың құқықтары туралы конвенцияның 40-бабы кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға сот төрелігін мейлінше гуманистік және қалпына келтіру бағытында жүргізуді талап етеді. Демек, халықаралық стандарттар бойынша, бала тіпті киберқылмыс жасаса да, онымен жұмыс істеу - жазалау үшін емес, қайта тәрбиелеп, қоғамға бейімдеу үшін болуы тиіс. Цифрлық этикаға баулу, саналы интернет мәдениетін қалыптастыру - құқық бұзушылықтың алдын алудың анағұрлым нәтижелі жолы деп танылуда.

Үшіншіден, халықаралық ынтымақтастық пен көпсалалы әріптестік қағидаты барынша күшейіп келеді. Киберкеңістіктің жаһандық сипаты ұлттық деңгейдегі шаралармен ғана шектелуді мүмкін емес етеді. Сол себепті мемлекеттер өзара құқықтық көмек туралы келісімдер жасасып, полицияның трансшекаралық өзара іс-қимылын жолға қоюда. Интерпол мен Европолдың балаларға қатысты қылмыстармен айналысатын арнайы бөлімдері әлем елдерінің құқық қорғау органдарымен дерек алмасуды үздіксіз жүргізуде [103]. Жеке компаниялар мен үкіметтік емес ұйымдар да баланың қауіпсіздігі ісінде серіктес саналады - көптеген әлеуметтік желі провайдерлері ЮНИСЕФ және WeProtect альянсы кеңестеріне сүйеніп, өз платформаларында балалар үшін зиянды контентті анықтау алгоритмдерін жетілдіріп жатыр. Мысалы, Facebook, YouTube секілді алпауыттар баланың жалаңаш бейнесі бар фото-видеоны жою, кәмелетке толмағандарға бейтаныстардан хабарласу мүмкіндігін шектеу сияқты қосымшаларды ендірді, бұл да халықаралық бастамалардың жемісі.

Дегенмен, сыни тұрғыдан қарағанда, қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, кәмелетке толмағандарға қарсы онлайн құқық бұзушылықтардың ауқымы әлемде азаймай отыр. ЕҚЫҰ мәліметінше, соңғы 15 жылда әлемде анықталған бала саудасы құрбандарының саны үш есе өскен, ал интернет арқылы жасалатын балаларға қатысты сексуалдық қылмыстар үрейлі қарқынмен артуда [103]. ЮНИСЕФ сауалнамаларына сәйкес, жастардың үштен бірі интернетте кемінде бір рет буллингтің құрбаны болғанын, әр бесінші бала осының кесірінен мектепке баруды тоқтатқанын хабарлайды.

Демек, халықаралық стандарттар мен келісімдер өз-өзінен автоматты түрде проблеманы шеше алмайды - ең бастысы, оларды іске асыру деңгейі ақсап тұр. Көптеген дамушы елдерде тиісті ұлттық заңдар, техникалық құралдар және мамандар жетіспейді. Мысалы, кейбір мемлекеттер әлі күнге дейін Будапешт конвенциясына қосылмаған немесе қосылса да, ондағы ережелерді толық орындамай отыр, соның салдарынан қылмыскерлер «қауіпсіз айлақтар» тауып, жауапкершіліктен қашып құтылуда. Кей жерлерде құқық қорғау органдары мен соттарға балалармен жұмыс істеу бойынша арнайы тренингтер енгізілмегендіктен, жәбірленуші баланың қайталап зардап шегуі (тергеу барысында дөрекі сұрақ алу, т.б.) орын алып жатады. Халықаралық стандарттардың тағы бір осал тұсы - олардың көбінің міндеттеуші заңдық күші жоқтығы. Конвенциялар мен қатты құқық нормалары шектеулі, ал көптеген ұсынымдар мен декларациялар

мемлекеттердің саяси еркіне ғана сүйенеді. Мысалы, БҰҰ Бас Ассамблеясының 2023 жылғы резолюциясы өте прогрессивті құжат болғанымен, оны орындау тетіктері қарастырылмаған, яғни әр ел өзі қалаған шараларды ғана іске асырады. Бұл кей жағдайда декларативтілікке әкеледі.

Сонымен бірге, жаңа технологиялардың дамуымен халықаралық стандарттарға жаңа мәселелерге жауап беру қажеттігі туындауда. Бұған криптовалюталарды пайдаланып бала порнографиясына төлем жасау, «қараңғы тор» (Dark Web) желілерінде жасырын қылмыс жасау, балалардың жеке деректерін коммерциялық мақсатта заңсыз жинау сияқты қазіргі кезде өршіп келе жатқан проблемаларды жатқызуға болады. Жасанды интеллекттің дамуы да қос қырлы: бір жағынан ол зиянды контентті сүзуге көмектессе, екінші жағынан фейк («deepfake») порнография жасау, балаларды алдаудың күрделенуі секілді жаңа қатерлер пайда болуда. Осыған орай халықаралық ұйымдар тұрақты түрде жаңа ұсынымдар әзірлеп, стандарттарды бейімдеп отыр. Мысалы, 2021 жылы Еуропа Кеңесі сарапшылар тобы «балаларға қатысты зорлық бейнелерін онлайн анықтау үшін ЖИ қолдану этикасы» жөнінде талқылаулар бастады, ал 2023 жылы БҰҰ жанындағы Интернет басқару форумы балалардың цифрлық құқықтарын қорғау мәселесін Жаһандық цифрлық келісім (Global Digital Compact) жобасына енгізді. Бұл процестер халықаралық құқықтың үнемі даму үстінде екенін және балалардың киберқауіпсіздігі күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырып болып қала беретінін көрсетеді.

Қорытындылай келе, халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЮНИСЕФ, ЕҚЫҰ, Еуропа Кеңесі, ЕО, ITU және т.б.) киберқауіпсіздік стандарттары кәмелетке толмағандардың құқықтарын цифрлық әлемде жан-жақты қорғауға бағытталған көпқырлы жүйе қалыптастырды. Бұл жүйе әмбебап адам құқықтары принциптеріне негізделе отырып, арнайы салалық келісімдермен толықтырылған: бала құқықтары жөніндегі Конвенция жалпы қағидаттарды орнықтырады; Будапешт және Ланзароте конвенциялары секілді құралдар қылмыстық құқықтық шараларды нақтылайды; ЮНИСЕФ пен ITU нұсқаулықтары алдын алу мен білім беруге басымдық береді; ал аймақтық ұйымдар (ЕҚЫҰ, ЕО) өз аймақтарына бейімделген бағдарламаларды іске асырады. Барлық осы элементтер бірігіп, балалар үшін қауіпсіз, қолайлы және әділетті цифрлық ортаны құру мақсатына қызмет етеді. Әрине, мінсіз жағдайдан біз әлі алшақпыз - балаларға қарсы онлайн құқық бұзушылықтар толастаған жоқ, жаңа сынақтар пайда болып жатыр. Алайда халықаралық-құқықтық база біртіндеп нығайып, мемлекеттердің жауапкершілігі артып келеді. Ең бастысы, баланың жоғарғы мүддесі цифрлық заманның да басты талабы екені даусыз. Халықаралық стандарттарды ұлттық деңгейде мүлтіксіз жүзеге асыру, үкіметтер, бизнес және қоғам арасында әріптестікті күшейту арқылы ғана киберкеңістікті балалық шақ үшін қауіпсіз аймаққа айналдыруға болатыны айқын. XXI ғасыр балаларының лайықты және қорғалған дамуы - күллі халықаралық қауымдастықтың ортақ борышы, әрі бұл борышты өтеуде әкімшілік-құқықтық реттеу тетіктері заман ағымына сай жетілдіріліп отыруы тиіс. БҰҰ, ЮНИСЕФ және басқа да ұйымдар әзірлеген халықаралық

стандарттар, соның ішінде Қазақстан үшін де, балаларды киберқауіптерден қорғау және олардың цифрлық дәуірдегі құқықтарын қамтамасыз ету ісінде сенімді бағыт-бағдар болып табылады. Нәтижесінде, цифрлық әлем қауіп-қатер көзі емес, өсіп келе жатқан ұрпақ үшін мүмкіндіктер кеңістігіне айналуы тиіс - бұл халықаралық құқық пен ынтымақтастықтың келешектегі басты межесі болмақ.

### 3.2 Шет мемлекеттерде кәмелетке толмағандарды киберқауіп-қатерлерден қорғаудың құқықтық негіздері

Қазіргі заманда балалар мен жасөспірімдердің интернет кеңістігін еркін пайдалануы бір жағынан олардың дамуы мен білім алуына жаңа мүмкіндіктер ашса, екінші жағынан кибербуллинг, онлайн қудалау, алдау, зорлық-зомбылық және цифрлық қылмыс қаупін төндіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірдегі зерттеуі бойынша, мектеп жасындағы әр алтыншы бала кемінде бір рет онлайн қорқыту мен зорлыққа тап болғанын көрсеткен [104]. Кибербуллинг пен интернеттегі өзге де қорқытушылықтардан кәмелетке толмағандарды тиімді қорғау көптеген елдердің құқықтық саясатының өзекті бағытына айналды. Төменде АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Оңтүстік Корея және Балтық елдерінің (соның ішінде Литва мен Латвияның) осы саладағы құқықтық тетіктері талданып, олардың Қазақстандағы жағдаймен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылады. Бұл мемлекеттер тәжірибесі арнайы заңнамалық актілерден бастап, құқық қолдану практикасы, цифрлық дәлелдемелерді пайдалану, мектеп пен ата-ана жауапкершілігі және платформаларды реттеу механизмдеріне дейін кең ауқымды қамтиды.

**АҚШ тәжірибесі.** Америка Құрама Штаттарында кәмелетке толмағандарды киберқауіптерден қорғау негізінен штаттық деңгейде жүзеге асады. Федералдық деңгейде тікелей «буллинг» немесе «кибербуллинг» туралы заң жоқ екені ресми түрде расталған. Яғни, АҚШ Конгресі бұны қылмыс ретінде жеке дара криминализациялаған емес (бұрын 2009 жылы федералдық деңгейде кибербуллингті қылмыс деп танымақ заң жобасы ұсынылса да, ол қабылданған жоқ. Алайда, федералдық заңнамада балаларды интернеттегі зиянды контенттен және қылмыстық әрекеттерден қорғауға бағытталған басқа нормалар бар. Мысалы, 1998 жылы қабылданған «Балалардың онлайн құпиялылығын қорғау туралы» заң (COPPA) 13 жасқа толмаған балалардың жеке мәліметтерін интернетте жинауды шектеп, ата-ана келісімін талап етеді. Сондай-ақ, интернет арқылы кәмелетке толмағандарды жыныстық мақсатына еліктіру, азғыру әрекеттері ауыр федералдық қылмыс саналып (18 АҚШ Кодексінің тиісті баптарында), қылмыскерлер қатаң жауапқа тартылады. 2018 жылы АҚШ Конгресі «Online Sex Trafficking Act (FOSTA)» заңын қабылдап, кәмелетке толмағандарды жезөкшелікке тарту немесе сексуалдық қанау мақсатындағы онлайн әрекеттерге қарсы күресті күшейту үшін интернет-платформаларға қосымша жауапкершілік жүктеді [105]. Кибербуллинг пен онлайн қудалауға тікелей қарсы шаралар негізінен

штаттар деңгейінде орын алған. 2010 жылдардан бері барлық дерлік штат өздерінің мектептер мен ювеналдық юстиция саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер енгізіп, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу және оларға жауап қату тәртібін бекітті. 2018 жылғы дерек бойынша, 49 штатта мектептерге буллингтің, соның ішінде электрондық буллингтің (кибербуллингтің) алдын алу және оны тәртіптік жолмен тоқтатуға қатысты заңдар қабылданған [105]. Әдетте бұл заңдар мектеп округтерін буллингке қарсы саясат қалыптастыруға міндеттейді және көпшілігінде кибербуллинг те осы мектептік тәртіптік бақылау аясына кіреді. Мысалы, Калифорния штатында Білім кодексінде «буллинг» ұғымы нақты анықталып, оқушылардың бір-біріне электрондық хабарлар, әлеуметтік желілердегі жазбалар арқылы қоқанлоққы көрсетуі, кемсітуі немесе беделіне нұқсан келтіруі - егер ол әрекеттер оқушының қауіпсіздігі мен оқуына айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін болса - тәртіп бұзушылық ретінде танылған.

Елеулі жағдайларда жәбірленуші немесе оның ата-анасы сотқа жүгіне алады, кейбір штаттарда кибербуллинг үшін қылмыстық жаза да қарастырылған (әдетте әкімшілік құқық бұзушылық немесе жеңіл қылмыс түрінде). Мысалы, бірнеше штаттың қылмыстық кодексінде электрондық құралдарды пайдалана отырып қудалау, қорқыту (cyberstalking) үшін жауаптылық көзделген. Калифорнияда кәмелетке толмағандардың өзі де кибербуллинг немесе кибер-қудалау жасағаны үшін ювеналдық сотқа тартылуы мүмкін екені атап көрсетілген. Яғни 18 жасқа толмаған құқықбұзушылар ювеналдық әділет жүйесі арқылы жауапкершілікке тартылады, ал жәбірленуші ата-аналары азаматтық шағымдар арқылы шығынды өндіре алады [106]. Бұдан бөлек, кей жағдайларда ата-аналардың өздері де балаларының заңға қайшы әрекеттері үшін азаматтық жауапкершілікке тартылуы мүмкін: АҚШ-тың біраз штатында «ата-ана жауапкершілігі» туралы ережелер бар, олар ата-ана баласының қылмыстық әрекеттерінің алдын алуда өрескел салғырттық танытса, жәбірленушіге өтем төлеуге міндеттеуі ықтимал.

АҚШ тәжірибесінде мектептердің рөлі айрықша. Мемлекеттік деңгейде ресми талаптар болмағанымен, StopBullying.gov сияқты федералдық ресурстар мектептер мен қоғамдастықтарға арналған нұсқаулықтар ұсынады. АҚШ Білім министрлігі мен Азаматтық құқықтар басқармасы нәсіл, жыныс, дін, мүгедектік секілді қорғалатын белгілер бойынша қудалау орын алса, оған мектеп міндетті түрде шара қолдануға тиіс екенін ескертеді. Егер мектеп ортада буллинг осы аталған белгілер бойынша өшпенділік не алалау сипатында болса, онда ол федералдық азаматтық құқық заңнамасына (1964 жылғы Азаматтық құқықтар туралы актінің IV, VI тараулары, 1972 жылғы Білім саласында кемсітушілікке тыйым салу туралы Title IX, т.б.) қайшы дискриминациялық қудалау ретінде қаралып, білім мекемесіне дейін жауапкершілік туындауы мүмкін [107]. Осылайша, АҚШ-та кибербуллингтің қарапайым түрлері тікелей федералдық бақылауда болмаса да, егер ол белгілі бір топқа қарсы өшпенділік немесе заңсыз қоқанлоққы түрінде көрінсе, федералдық деңгейде де қарастырылуы ықтимал.

Кибербуллингпен күресте АҚШ-тағы құқық қолдану тәжірибесі цифрлық дәлелдемелерді кеңінен пайдаланумен сипатталады. Әдетте жәбірленуші тарап немесе мектеп әкімшілігі буллинг фактілерін скриншот, электронды хат-хабарлар, әлеуметтік желідегі жазбалар түрінде құжаттап жинайды, кейін оларды тәртіптік жаза қолдануда немесе сот процесінде айғақ ретінде ұсынады. Мұндай электрондық дәлелдемелерді қабылдау соттарда қалыпты тәжірибеге айналған, тек олардың шынайылығы мен бүтіндігіне көз жеткізу талап етіледі. Мысалы, егер балаға онлайн түрде өміріне қауіп төндіретін қоқанлоққы жасалса немесе қорлау мазмұндағы хабарламалар жолданса, полиция сол жазбалардың ізін суытпай сақталуын қамтамасыз етіп, провайдерлерден қажет болған жағдайда қосымша ақпарат (IP-адрес, аккаунт иесінің деректері) алады. АҚШ-тың көптеген штаттарында мұғалімдер мен мектеп полициясына кибербуллинг оқиғаларын тергеу үшін оқушылардың гаджеттерін қарау немесе әлеуметтік желідегі көпшілік жазбаларды мониторинг жасауға белгілі бір өкілеттік берілген. Дегенмен, Fourth Amendment - жеке өмірге қол сұқпау және тінту жүргізудегі заңдылық - талаптары бойынша, құқық қорғаушылар электрондық дәлелдерді жинау кезінде ордер алу, құпиялылықты сақтау қағидаттарын ұстануға міндетті. Бұл тепе-теңдік (баланы қорғау қажеттігі мен конституциялық құқықтарды сақтау арасында) АҚШ құқықтық моделінің ерекшеліктерінің бірі саналады.

**Ұлыбритания тәжірибесі.** Ұлыбританияда (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі) кәмелетке толмағандарды онлайн ортадағы зияннан сақтау бағытында соңғы жылдары ауқымды реформалар жүргізілуде. Ең алдымен айта кетерлігі - қазіргі қолданыстағы заңнамада «онлайн буллинг» ұғымының арнайы заңдық анықтамасы жоқ. Яғни, Ұлыбританияның қылмыстық немесе азаматтық кодекстерінде «кибербуллинг» дербес қылмыс түрі ретінде көрсетілмеген. Соған қарамастан, кибербуллинг пен интернеттегі қысым көрсетудің көптеген көріністері бар заңдар аясында жазалануы немесе азаматтық-құқықтық жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Мысалы, 1997 жылғы Қудалаудан қорғау туралы заң (Protection from Harassment Act 1997) адамдарды жүйелі түрде қудалау әрекеттерін (оның ішінде электронды қудалауды) қылмыс ретінде қарастырады; 1988 жылғы Зиянды коммуникациялар туралы заң (Malicious Communications Act 1988) арқылы басқа адамға «әдепсіз не аса тұрпайы, қорлайтын мазмұндағы» хат, хабар жіберу - қылмыстық теріс қылық деп танылады; ал 2003 жылғы Байланыс туралы заңның 127-бабында көпшілік электрондық байланыс желісін пайдаланып «өте тұрпайы немесе әдепсіз мазмұндағы» хабар таратуға тыйым салынған. Осы нормалар кибербуллинг жағдайларында қолданылуы әбден мүмкін. Мәселен, әлеуметтік желіде балаға қарсы балағат, қорлау сөздер айту немесе жалған өсек тарату жоғарыдағы баптар бойынша құқықбұзушылық саналып, кінәлі адам айыппұл не 6 айға дейін бас бостандығынан айрылу жазасына кесілуі ықтимал [108]. Сол сияқты, егер кибербуллинг анық кемсітушілік немесе жеккөрушілік сипатта болса (мысалы, нәсілдік немесе діни өшпенділік), онда

1986 жылғы Қоғамдық тәртіп туралы заңның аясында өшпенділік тудыратын материал тарату немесе қорқыту бабымен қуғындау мүмкіндігі бар.

Ұлыбританияның құқық қолдану органдары онлайн қудалау істеріне соңғы жылдары үлкен мән беріп отыр. 2018 жылы Англия мен Уэльс прокуратурасы (CPS - Crown Prosecution Service) интернеттегі заңға қайшы әрекеттерді бағалау туралы арнайы нұсқаулықтарын жаңартып, кибербуллинг, троллинг сияқты құбылыстарға қалай құқықтық баға берілетінін түсіндірді [108]. Бұл нұсқаулықтар әлеуметтік желілердегі қорқытулар мен әлімжеттік әрекеттерін қылмыстық заң баптарына сәйкестендіруде прокурорларға бағыт-бағдар береді. Мысалы, біреуге интернет арқылы зорлық жасап жатырмын деп қоқанлоққы көрсету - Қылмыстық заңның «қорқыту» құрамына жатқызылуы мүмкін; ал балаға қатысты ерекше қатыгез, мазасыздандыратын хабарламалар легі - «қудалау (harassment)» бабымен рәсімделеді. Сондай-ақ прокурорлар әр істің сөз бостандығы тұрғысынан да салмағын өлшеп, қоғамдық мүдде мен бала құқығын теңгеріп қарауға тиіс.

Кәмелетке толмағандарды интернеттегі зияннан қорғауда Ұлыбританияның соңғы және ең ірі қадамы - «Онлайн қауіпсіздік туралы» 2023 жылғы заңы (Online Safety Act 2023) болып табылады. Бұл заң 2023 жылы Парламентте қабылданып, Корольдік мақұлдау алған соң күшіне енді. Актінің басты мақсаты - интернеттегі контентті реттеп, әсіресе балаларды зиянды мазмұннан қорғаудың қатаң жүйесін енгізу. Аталған заң бойынша ірі интернет-платформаларға (әлеуметтік желілерге, мессенджерлерге, т.б.) балаларға қауіпті контентті анықтау және оны жою бойынша “қамқорлық міндеті” (duty of care) жүктелді. Яғни, платформалар енді балаларға зиян тигізуі мүмкін заңсыз контентті ғана емес, заңға қайшы болмаса да балаға «зиянды» деп танылған материалдарды бақылап, олардың таралуының алдын алуға тиіс. Мәселен, кибербуллингке ұшыраған балаға қатысты қорлау не қорқыту жазбаларын платформа жедел түрде өшіріп, қайталанбасына кепілдік беретін жүйе орнатуы керек. Заң бұл талаптарды орындамаған компанияларға жылдық жаһандық айналымының 10%-ына дейін немесе 18 млн-ға дейін (қайсысы көп болса) айыппұл салу мүмкіндігін қарастырған.

Сондай-ақ реттеуші орган - Ofcom - қажет жағдайда сот санкциясымен бүкіл платформаны ел аумағында бұғаттауға құқылы [109]. Онлайн қауіпсіздік туралы заңда кибербуллингке тікелей қатысты жаңа қылмыстық нормалар да енгізілді: мысалы, әдейі біреуге эпилепсиялық талма туғызу үшін жарықшақты (маяк) суреттер жолдау, жалаңаш суреттерді рұқсатсыз жаппай тарату (кибер-флэшинг) сияқты әрекеттерге тыйым салынды. Бұл өзгерістер кәмелетке толмағандарды да зорлық-зомбылық сипатындағы контенттен қорғауға сеп болмақ.

Ұлыбританияда мектептердің және ата-аналардың жауапкершілігі заңнамалық және саяси құралдар арқылы ынталандырылады. Мектептерге заң бойынша жүктелген міндет - оқушыларын кез келген буллингтің түрінен, соның ішінде онлайн буллингтен сақтау, оның алдын алу. 2006 жылы қабылданған Білім және инспекция туралы заңның 89-бөлімі әр мектепке буллингке қарсы саясат болуы керек екенін және мұғалімдердің мектеп

аумағынан тыс жерде болған буллингке де (егер ол мектеп оқушыларына әсер етсе) араласуға құқығы барын бекітті. Ұлыбританияның Білім министрлігі «Мектептерде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (Keeping Children Safe in Education) деген жетекші нұсқаулық таратып, онда онлайн қауіптерден қорғау - мектептің бала алдындағы міндеті екенін атап. Ата-аналарға келсек, Ұлыбритания үкіметінің **DirectGov** порталында және **NSPCC** (балаларға қорғаншылық қоғамы) сияқты ұйымдардың ресурстарында ата-аналарға арналған кеңестер берілген. Онда ата-ана баласының интернеттегі әрекеттерінен хабардар болып, керек кезде сүзгілер (фильтрлер) орнатып, шектеу қоюы тиіс екені айтылады. Дегенмен, Ұлыбритания заңнамасында ата-ананы тікелей жазалайтын норма жоқ - ата-ана жауапкершілігі көбіне этикалық әрі азаматтық-құқықтық тұрғыда ұғылады (баласы өзгеге зиян келтірсе, ата-ана жәбірленушінің талабымен азаматтық сотта белгілі жағдайда өтем төлеуі мүмкін).

**Германия тәжірибесі.** Германия кәмелетке толмағандарды интернеттің зиянды әсерінен қорғау ісінде жан-жақты әрі қатаң құқықтық базасымен танымал. Бұл елде балалар мен жастарды зиянды ақпарат пен қатыгездіктен қорғау жөніндегі арнайы заңдар жүйесі ертеден қалыптасқан. Мысалы, Жастарды қорғау туралы заң (Jugendschutzgesetz, JuSchG) бұқаралық ақпарат құралдарындағы балаларға арналмаған зиянды контентке шектеу қойып, жас рейтингі жүйесін енгізген. 2021 жылы Германия бұл заңды цифрлық дәуір талаптарына сай жаңартып, онлайн платформаларға да бірқатар міндеттемелер жүктеді көрсетеді [110, с. 2022]. Атап айтқанда, жаңартылған заң бойынша интернет қызметтері балалар мен жасөспірімдерге қолайлы «қауіпсіз орта» қалыптастыру үшін профилактикалық шаралар қабылдауы тиіс: балаларға арналған пайдаланушы келісімдері, жасты ескере отырып әдепкі қауіпсіздік баптауларын орнату (мысалы, бала аккаунтын іздеу жүйелері таба алмауы керек), ата-анаға контентті басқару мүмкіндігін беру, және ең бастысы - платформада зиян көрген балаларға арналған тәуелсіз кеңес беру, шағым айту тетіктерін қолжетімді қылу талабы қойылды.

Сонымен бірге, заңмен жаңадан құрылып жатқан Балалар медиасын қорғау федералдық агенттігі (Bundeszentrale für Kinder- und Jugendmedienschutz) диалогтық реттеу үрдісінде барлық мүдделі тараптарды (ата-ана, компания, мемлекеттік органдар) үйлестіруге, заңның орындалуын қадағалауға жауапты болып белгіленді. Германия БҰҰ-ның Балалар құқықтары жөніндегі комитетінің «Балалардың цифрлық ортадағы құқықтары» туралы Жалпы түсініктемесін (2021) алғашқы болып іске асырған ел ретінде бағалануда [111].

Балаларды онлайн буллинг пен қудалаудан қорғаудың қылмыстық-құқықтық аспектісіне келсек, Германияда арнайы «кибербуллинг» немесе «киберқудалау» деген қылмыс құрамы жоқ. Дегенмен, қылмыстық кодекстегі жалпы баптар интернетте жасалған құқыққа қайшы әрекеттерге толығымен қолданылады. Мәселен, біреудің ар-намысын онлайн түрде қорлау (мысалы, әлеуметтік желіде балаға тіл тигізу) - Қылмыстық кодекстің 185-бабы («нагызлау, қорлау») бойынша жәбірленушінің арызына байланысты жауапқа

тартылуы мүмкін; қайталап қорқытып-үркіту, мазалау - 238-баптағы («қудалау», яғни Stalking) құрамына сәйкес келсе қудаланады; ал өмірге не денсаулыққа қатер төндіру - 241-бап («қорқыту») бойынша қылмыс саналады. Осы баптардың барлығы кәмелетке толмағандарға қатысты болса, бұл жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде есепке алынуы ықтимал.

Айта кетсек, 2014 жылы Германия парламенті кәмелетке толмағанды буллингке ұшыратып, оның өз-өзіне қол жұмсауына себепкер болуды арнайы қылмыс ретінде қарастыратын түзетуді талқылаған еді; Францияда дәл осындай норма 2014 жылдан бар екені мәлім [105, с. 15]. Германия бұндай жеке бапты қабылдамағанымен, 2020 жылы «киберөзін-өзі өлтіруге үгіттеу» (Cyber-Grooming) мәселесіне қарсы заңдарды күшейтіп, кәмелетке толмағанды интернетте арбау үшін жалған жас қолдануға тыйым салатын, полицияға кәмелетке толмағанның кейпіне еніп операция жүргізуге рұқсат ететін өзгерістер енгізді.

Интернет-платформаларға заң талаптарын орындату тұрғысынан Германияның әлемге танымал тәжірибесі - «Желілік атқарушылық туралы заң» (Netzwerkdurchsetzungsgesetz, қысқаша NetzDG) болып табылады. Бұл заң 2017 жылы қабылданған және мақсаты - әлеуметтік желілердегі заңға қайшы контентті (өсек-өтірік, өшпенді сөз, зорлыққа шақыру, экстремизм, т.б.) жедел өшіруге мәжбүрлеу. NetzDG бойынша Германияда 2 миллионнан астам қолданушысы бар әлеуметтік желілер барлық «айқын заңсыз» деп танылған мазмұнды пайдаланушы шағымынан кейін 24 сағат ішінде өшіруге міндетті, ал анық-қанығы бірден білінбейтін күрделі жағдайларда 7 күн ішінде тексеріп, шешім қабылдауы керек. Орындамаған жағдайда платформаларға 50 миллион еуроға дейін айыппұл салынуы мүмкін.

Бұл заң әлемдік әлеуметтік медиа компанияларын өз ережелерін қатаңдатып, неміс пайдаланушылардың шағымдарын жіті қарауға итермеледі. Нәтижесінде көптеген балағат, қорлау, қорқыту жазбалары жойылып, әсіресе кәмелетке толмағандар туралы заңсыз контент (балалар порнографиясы, зорлық-зомбылық көріністері) лезде өшірілетін тәртіп орнады. Дегенмен, NetzDG заңы еркін пікір білдіру құқын шектеуі мүмкін деген сынға да ілікті. Бірақ Германия билігі балаларды интернеттегі тосын қауіптен қорғау үшін жылдам контент модерациясы қажет деп есептейді. 2021 жылы бұл заңға түзетулер енгізіліп, әлеуметтік желілерге пайдаланушылардың шағым беру үрдісін жеңілдету, шешімдерге шағымдану механизмін қосу және платформа сыртындағы сыртқы органдарға (Федералдық әділет басқармасына) қадағалау өкілетін беру сияқты өзгерістер күшіне енді [112].

Германияның азаматтық құқық жүйесінде ата-ана мен мектептің балалардың теріс қылықтары үшін жауапкершілігі де қарастырылған. Герман Азаматтық кодексінің 832-параграфы бойынша, егер кәмелетке толмаған бала басқаға зиян келтірсе (мысалы, буллинг арқылы денсаулығына зақым не жан азабын келтіру), оның ата-анасы немесе қамқоршысы өздерінің балаға тиісті дәрежеде бақылау (тәрбиелік қадағалау) міндетін орындамағаны дәлелденсе, жәбірленушіге өтемақы төлеуге міндеттелуі мүмкін [113]. Бұл норма

теориялық тұрғыда мектептегі немесе интернеттегі буллинг жағдайларына да қолданылуы ғажап емес - егер ата-ана баласының біреуді жүйелі қорлауына жол беріп, бұны тоқтатуға тырыспағаны анықталса, жәбірленуші отбасы сот арқылы моральдық зиянды өтеуді талап етуге құқылы. Сонымен бірге, көптеген федералдық жерлерде мектептер оқушылардың буллингі үшін жауапкершілікті бөліседі: мектеп әкімшілігі буллингтің алдын алмағаны үшін әкімшілік тәртіпте жазалануы мүмкін немесе жәбірленушіге зиянды өтеуге міндеттелуі де ықтимал (сот тәжірибесінде сирек болса да кездеседі). Жалпы алғанда, Германияның үлгісі - қатаң заңнамалық реттеу мен алдын алу шараларының үйлесімі. Бір жағынан, заңдар мен ережелер арқылы платформа, ата-ана, мектеп - барлығы белгілі бір жауапкершілік арқалайды; екінші жағынан, Германия балаларды медиа саласында сауаттандыру, олардың цифрлық мәдениетін көтеру ісіне де көңіл бөледі. Мысалы, мектеп бағдарламаларына киберэтикет, желідегі қауіпсіздік тақырыптарын енгізу, жергілікті Jugendamt (жастар қызметі) арқылы проблемалы отбасылармен жұмыс жасау секілді әлеуметтік шаралар қатар жүргізіледі.

**Оңтүстік Корея тәжірибесі.** Оңтүстік Корея соңғы онжылдықтарда жоғары технологиялық қоғамға айналуымен қатар, жастар арасындағы кибербуллинг, интернет арқылы өз-өзін кемсіту, суицидке итермелеу проблемаларына тап болды. Бұл елде кәмелетке толмағандарды интернет қауіптерінен құқықтық қорғау ауқымды әрі ерекше тәсілдермен жүзеге асады.

Ең әуелі, мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жауапкершілікке тарту үшін арнайы заң қабылданған - Мектептегі зорлық-зомбылықты алдын алу және қарсы шаралар туралы заң (School Violence Prevention and Countermeasures Act). Бұл заңға сәйкес, әр мектепте зорлық-зомбылық оқиғаларын қарайтын тәртіптік кеңес бар, және буллинг жасаған оқушыға мектепішілік шаралардан (ескерту, уақытша шеттету) бастап, арнаулы тәрбиелік бағдарламаларға жіберуге дейінгі ықпал ету қолданылады.

2023 жылы Корей үкіметі бұл салада жаңа қатаң ережелерді жариялады: мектеп буллерінің тәртіптік жазасы туралы жазбалар енді мектеп бітіргеннен кейін 4 жыл бойы жойылмай, сақталатын болды және 2026 жылдан бастап жоғары оқу орнына түсу кезінде осындай «буллингтік өткен» абитуриенттерді университеттер ескеруге міндетті болды. Бұрын бұндай жазалар 2 жылдан соң оқушының жеке ісінен алынып тасталатын, ал көптеген ЖОО-лар қабылдау барысында оларды мүлде қарастырмайтын. Енді жаңа ережеге сай, күрделі буллинг әрекеті үшін мектепте жаза алған түлек бұл деректі жасырмайды, керісінше университет қабылдау комиссиясы оны жалпы балл есептеуінде назарға алады. Бұл - Оңт.Бұл - Оңтүстік Корея қоғамының буллингке «нөлдік төзімділік» танытып, жастарды жауапкершілікке үйрету амалы. Бұған қоса, үкімет ауыр буллинг оқиғалары бойынша мұндай оқушылардың жұмысқа орналасу кезінде де ескерту алуын қарастыруда [114].

Оңтүстік Кореяда интернеттегі анонимдік арқылы қорлау мәселесін шешуге де талпыныстар болған. 2007 жылы ақпараттық-коммуникациялық желіні пайдалану туралы заңға 44-5-бап енгізіліп, ірі веб-порталдарда пікір

жазу үшін нақты аты-жөнін, жеке идентификациялық нөмірін растау - реал-эсім жүйесі (Real Name Registration, RRN) талап етілді. Бұл шара «жалған аттың артына тығылып, көрінбей тұрып балағат, жала жауып, негізсіз өсек таратудың» алдын алу мақсатын көздеді. Алайда 2012 жылы Корея Конституциялық соты бұл талапты сөз бостандығына сай емес деп тауып, күшін жойды. Сот RRN жүйесінің мақсаты орынды екенін мойындаса да, оның конституциялық құқықтарды шамадан тыс шектейтінін айтты. Сондай-ақ бұл жүйе қолданылған жылдары пайдаланушылардың жеке мәліметтері ұрланатын кибершабуылдар көбейіп кеткені белгілі - сол себепті де одан бас тартуға тура келді [115]. Реал-эсім жүйесінің орнына үкімет I-PIN атты балама идентификация құралын ұсынды, ол азаматтың ЖСН-н ашпай, жасын растауға мүмкіндік береді. Дегенмен, толық анонимдік мәселесі шешілмесе де, Кореяда интернетті «жасырын айыптаулар алаңы»на айналдырмау идеясын қоғам қолдайды. 2019 жылы танымал K-pop жұлдыздары Сулли (Choi Jin-ri) мен Гу Хара онлайн қорлаудан соң өздеріне қол жұмсаған қайғылы оқиғалар толқыны Кореяда үлкен дүмпу туғызды. Осыдан кейін «Сулли заңы» деп аталған бастама пайда болып, онлайн платформаларға қолданушылардың аты-жөнін (немесе расталған псевдонимін) көрсету талабын қайта енгізу ұсынылды. Әзірге бұл заң қабылданбағанмен, заңнамалық деңгейде кибербуллингпен күресті күшейту үшін міндетті цифрлық этикет сабақтарын мектептерде енгізу, әр компанияға қызметкерлер үшін буллингтің алдын алу тренингін өткізу сияқты шаралар қарастырылуда [116].

Оңтүстік Кореяда кәмелетке толмағандарды онлайн қылмыстардан (сексторшен, бала порнографиясы, интернет-алаяқтық) қорғау үшін де қатаң заңдар бар. Елдің Қылмыстық кодексі бойынша жала жабу мен қорлау (дауысқа шығару) қылмыстары интернет арқылы жасалса да жауаптылықтан құтылмайды - тіпті Кореяда жалған болмаса да біреудің абыройына нұқсан келтіретін ақпаратты онлайн таратқаны үшін де қылмыстық жаза қарастырылған. Сол сияқты «Интернет желісін пайдалану және ақпаратты қорғау туралы» заңның 44-7-бабы бойынша онлайн ортада көрсетілген қорлайтын, әдепсіз контент үшін кінәліге 3 жылға дейін түрме жазасы немесе ауыр айыппұл салынуы мүмкін. Цифрлық жыныстық қылмыстарға (оның ішінде кәмелетке толмағандардың интимдік мәліметтерін рұқсатсыз тарату, оларды азғыру) жазалар бірнеше рет қатаңдатылды - 2020 жылы атышулы «Nth Room» ісінен кейін парламент заңдарды қайта қарап, жазаны ұлғайтты, ал құқық қорғау органдарында осындай істерге маманданған бөлімдер құрылды. Жалпы, Оңтүстік Корея моделі кәмелетке толмағандарды киберқорғауда тәртіптік және қылмыстық шаралардың біртұтас кешеніне сүйенеді. Балаларға мектептен бастап интернет мәдениетін сіңіру, агрессорларға мүлдем төзбеушілік орта қалыптастыру, қажет болса кәмелетке толмаған құқықбұзушылардың өзін қатал жауапкершілікке тарту (тіпті олардың жоғары білім алу мүмкіндігіне әсер ету) - осының барлығы корей қоғамының балаларды қорғауды бірінші орынға қоюының көрінісі. Бұл модельдің артықшылығы - балаларды кемсіту, қорлау фактілерін жасырмай,

ашық анықтап, кінәлілерді жазалау арқылы басқаларға сабақ беру; ал кемшілігі - шамадан тыс қатаңдық баланың болашағына кері ықпал етпей ме деген сұрақтар (кейбір мамандар буллинг жасаған балаға өмір бойы таңба баспай, оны оңалтуға көңіл бөлу керек дейді). Сонымен бірге, анонимділікті шектеу бастамалары сөз бостандығын тежеп, авторитарлық бақылауға ұласпауын қадағалау қажет. Осы жәйттер корей үлгісінің ерекшелігін көрсетеді.

**Балтық елдері тәжірибесі (Литва, Латвия үлгілері).** Балтық мемлекеттері - Литва мен Латвия - кәмелетке толмағандарды киберқауіптерден қорғауда Еуропалық Одақ стандарттарына сүйене отырып, ұлттық ерекшеліктерін қалыптастырған. Екі ел де ЕО мүшесі ретінде балаларды интернеттегі зияннан қорғау жөніндегі директиваларды іске асырған және өз заңнамаларын соған бейімдеген.

Литва. 2009 жылы Литва «Кәмелетке толмағандарды қоғамдық ақпараттың зиянды әсерінен қорғау туралы» заң қабылдап, балаларға психикасына, дамуына залал келтіруі мүмкін материалдардың тізімін анықтады және бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет провайдерлеріне осындай контентті балаларға қолжетімді етпеу міндетін жүктеді. Заңды қадағалау үшін Журналистік этика инспекторының қызметі және Байланыс реттеу қызметі жауапты болып белгіленген [117]. Бұл норма қазақстандық 2018 жылғы «Балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиянды ақпараттан қорғау туралы» заңына мазмұны жағынан ұқсас [92]. Литвада мектептердегі буллингке қарсы да арнайы нормалар бар: Білім туралы заңның 23-бабы білім беру орындарында балалардың қандай да бір зорлық-зомбылықтан, оның ішінде кибербуллингтен қорғалатынын бекітеді [117].

Мектептер буллинг оқиғасын болдырмауға және тоқтатуға міндетті, ұстаздар бұл үшін ата-аналармен бірге жұмыс істеп, қажет жағдайда психологтардың көмегіне жүгінеді. Литва Қылмыстық кодексінде тікелей буллинг ұғымы кездеспесе де, ауыр жағдайларда (егер буллинг бала денсаулығына зиян келтірсе немесе өзіне қол жұмсауға итермелесе) оны «денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру», «қорқыту», «өзіне қол жұмсауға дейін жеткізу» баптарымен саралау қарастырылған. 2016 жылы Литвада орын алған бір оқиғадан соң (оқушы қыз интернеттегі әлімжеттікке шыдамай суицидке барған) қоғамда буллингті қылмыс деп тану туралы мәселе көтерілді. Содан бері білім беру мекемелерінде буллингтің алдын алу бағдарламалары күшейтілді, әр мектепте «қауіпсіз мектеп» ережелері енгізіліп, оқушылар арасында құрдастар медиациясы тәжірибелері таралды.

Литва балаларды интернеттегі қылмыстардан қорғауда да ЕО деңгейіндегі механизмдерді қолданады: елде Литва қауіпсіз интернет орталығы (Safer Internet Centre) жұмыс істейді, оның жанында балаларға арналған 116111 қысқа нөмірлі сенім телефоны, киберқылмысқа шағым қабылдайтын интернет-желісі бар. Бұл орталықты Литва Республикасының Байланыс реттеу қызметі үйлестіреді [117]. Сонымен бірге, INHOPE (халықаралық интернет-хаттамалар қауымдастығы) желісіне қосылған ұлттық хотлайн - Švarus internetas порталы арқылы кез келген адам балалар

порнографиясы, балаларға қатысты қатыгездік немесе буллинг мазмұнын кездестірсе, арыз бере алады, оны тиісті органдар қарайды. Литва деректеріне сәйкес, балаларды мазалайтын онлайн құбылыстардың ішінде жиі кездесетіні - кибербуллинг және сексуалдық сипаттағы ұсыныстар.

Сондықтан 2021 жылы Литва үкіметі Балалардың қауіпсіз интернет стратегиясын бекітіп, онда 2021-2025 жылдарға арналған жоспарға кибербуллингтің алдын алу, мұғалімдер мен ата-аналарды оқыту және интернет-провайдерлермен ынтымақтастық ету шаралары кірді.

Латвия. Латвия да 2010 жылы «Қоғамдық ақпарат құралдары туралы» заңына өзгерістер енгізіп, зиянды интернет контенттен балаларды қорғау талаптарын енгізді. Атап айтқанда, провайдерлерге балаларға қауіпті ресурстарды (порнография, зорлық, есірткі насихаты) қолжетімсіз қылу тетіктері міндеттелді. Бірақ Латвияның тәжірибесіндегі ең қызықты жаңалық - анонимді буллерлердің аты-жөнін анықтау үшін заңға өзгерістер енгізуі. 2020 жылы Латвияның «Drossinternets.lv» атты Қауіпсіз интернет орталығы бастамасымен заңнамалық жұмыс тобы құрылып, нәтижесінде балаға интернетте белгісіз біреулер қысым көрсеткен жағдайда, құқық қорғау органдарына провайдерлерден әлгі «жасырын аккаунттың» иесін анықтау өкілеті берілді. Бұрын егер буллер жасырын атпен әрекет етсе және оның жеке деректерін білмесе, жәбірленуші тарап сотқа жүгіну түгіл, полицияға арыз берсе де іс ілгері баспай қалатын. Енді жаңа норма бойынша, баланың ата-анасы полицияға шағым түсірсе, тергеу барысында интернет-қызмет көрсетушіге немесе әлеуметтік желіге сұрау салып, бұзақының IP-мекенжайы мен тіркелу мәліметтерін алуға құқық бар. Осылайша, Латвияда кибербуллинг құрбандары «белгісіз дұшпаннан» заң арқылы қорғана алатын болды. Бұл өзгеріс Еуропадағы озық тәжірибенің бірі ретінде бағаланып, басқа мемлекеттерге де үлгі ретінде ұсынылуда. Латвияда сондай-ақ мектептерде «Буллингсіз орта» бағдарламасы жолға қойылған, ата-аналарға консультация беретін «Зорлыққа қарсы дауыс» (Balss pret vardarbību) қоғамдық қозғалысы белсенді жұмыс атқарады.

Балтық елдері, жалпы, Еуропалық Одақтағы балалардың цифрлық құқықтарын қорғау бастамаларына белсенді қатысады. Мысалы, 2024 жылы қабылданған ЕО Цифрлық қызметтер актісі (Digital Services Act, DSA) барлық мүше мемлекеттерді интернет платформаларында кәмелетке толмағандарды ерекше қорғауды қамтамасыз етуге міндеттейді. Литва мен Латвия осы талаптарды ұлттық заңнамаға енгізу шараларын бастап кетті Атап айтқанда, 18 жасқа толмаған пайдаланушылардың деректерін жарнама мақсатында пайдалануға тыйым салу, оларға бағытталған алгоритмдік ұсыныстарды шектеу және зиянды контентті жою мерзімдерін белгілеу ережелері бекітілмек. Балтық елдерінің тағы бір ұқсас сипаты - балалардың цифрлық сауатын арттыру бағдарламаларын қолға алуы. Литвада «Жизнь навыки» (Life Skills) деген мектептік курс енгізіліп, онда интернеттегі қауіпсіздік, кибербуллингке қарсы тұру, эмоциялық интеллект тақырыптары қамтылады. Латвияда Президент жанындағы Жастар кеңесі 2023 жылы балалардың интернеттегі мінез-құлқы туралы ұсыныстар пакетін әзірледі,

онда ата-аналарға, мектептерге және компанияларға ортақ жауапкершілік жүктеу көзделген.

Балтық елдерінің моделі - құқықтық реттеу мен қоғамдық бастамалардың үйлесуі. Бір жағынан, заңнамалық база ЕО стандарттарына сай үнемі жаңарып, жетілдіріліп отыр (зиянды ақпараттан қорғау заңы, медиа туралы заң, дербес деректерді қорғау нормалары - барлығы балалар мүддесін ескереді). Екінші жағынан, үкіметтік емес ұйымдар, қауымдастықтар да белсенді: ата-аналарға кеңес беру, буллинг құрбандарына психологиялық көмек, қауіпсіз интернетті насихаттау ісі жолға қойылған. Бұл мемлекеттер кішкентай болғанымен, цифрлық трансформацияны жылдам еңсеріп, балаларға жайлы онлайн орта құруға тырысуда.

**Қазақстанмен салыстырмалы талдау және қорытынды.** Шет мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды киберқауіптерден қорғау үлгілерін қарастыра келе, олардың әрқайсысында қалыптасқан өзіндік артықшылықтар мен шектеулер бар екенін байқаймыз. Бұл тәжірибелер Қазақстан үшін де аса құнды, өйткені біздің еліміз де жаһандық цифрлық дәуірдің сын-қатерлеріне ұшырасып отыр. 2020 жылғы статистика бойынша Қазақстанда 11 жастан 15 жасқа дейінгі жеткіншектердің 11%-ы интернетте кемінде бір рет кибербуллингтің құрбаны не қатысушысы болғаны анықталған [92, с. 6]. 2021 жылы республика бойынша кибербуллингке қатысты 80 мыңға жуық шағым тіркелгені ресми мәлім [92, с. 12]. Бұл сандар мәселенің өзектілігін көрсетеді және оны шешуде халықаралық озық үлгілерді ескеруді талап етеді.

Қазақстан 2018 жылы балаларды зиянды ақпараттан қорғау туралы арнайы заң қабылдап [92, с. 13], Ресей, Литва тәрізді үлгідегі контенттік шектеулерді енгізді. Дегенмен, осы заң қабылданғаннан кейін де интернеттегі буллинг, құдалау фактілерін құқықтық бағалау қиындық туғызды - өйткені ұлттық заңнамада «буллинг», «кибербуллинг» түсініктері жоқ болатын [92, с. 8]. Тек 2022 жылы ғана Қазақстан бұл тұрғыда елеулі реформалар жасады: 2022 жылғы 3 мамырда «Баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №118-VII Заң қабылданып [92, с. 13], ресми түрде «буллинг» пен «кибербуллинг» ұғымдары алғаш рет құқықтық айналымға енгізілді [92, с. 14]. Бұл заң Қазақстандағы жағдайды «өлі нүктеден жылжытты» деп бағалануда, себебі енді мемлекеттік органдар мен интернет-платформалардың балаға бағытталған буллингке қарсы нақты міндеттері пайда болды. Атап айтқанда, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ірі әлеуметтік желілермен (Facebook, Instagram және т.б. 100 мыңнан астам қазақстандық қолданушысы бар сервис) меморандумдар жасап, әр желі Қазақстанда өз өкілін тағайындауға келісті. Бұл өкіл министрлікпен бірлесіп, кибербуллинг оқиғаларын қадағалап, анықталған жағдайда 3 күн ішінде тиісті шара (қажет болса, постты өшіру, аккаунтты блоктау) қолдануы керек. Сондай-ақ қоғамда омбудсмен тәрізді Кибербуллинг жөніндегі арнайы уәкіл лауазымын құрып, барлық платформалардағы осы мәселеге жауап беретін тұлғалардың жұмысын үйлестіру ұсынысы талқылануда [92, с. 15].

Қазақстанның 2022 жылғы осы реформасы белгілі дәрежеде Ұлыбританияның және Германияның платформаларды міндеттеу үлгісіне ұқсайды (платформаның жергілікті өкілі арқылы заңсыз не зиянды контентті жою, есеп беру). Алайда, бұл қадамға қатысты сын пікірлер де бар: кейбір құқық қорғаушылар аталмыш өзгерістерді «бала құқын қорғаудан гөрі цензураны күшейту амалы» деп қауіп білдірді [92, с. 13]. Шынында да, «балаларға зиянды» деген желеумен билікке жайсыз контентті алып тастау тәуекелі әрқашан сақталуы мүмкін. Сондықтан Қазақстанға шетелдік тәжірибеден үйрене отырып, сөз бостандығы мен балаларды қорғау арасында нәзік тепе-теңдікті ұстайтын тетік табу өте маңызды.

Жаңа заң аясында Қазақстан Қылмыстық кодексіне де толықтырулар енгізді: енді ҚК 105-бабы 2-бөлігіне («өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу») интернет немесе телекоммуникация желілерін пайдаланып жасалса, жауаптылықты ауырлататын мән-жай ретінде белгіленді. Бұл тура мағынасында кибербуллингті қылмыс деп тану емес, бірақ егер онлайн қорлау мен қудалау бала үшін қайғылы салдарларға әкелсе (суицидке итерсе), тікелей қылмыстық жаза қолдануға жол ашты. Бұрын Қазақстанда буллинг, қорлау фактілері тек Әкімшілік кодекстегі «ұрып-соғу», «қорлау» сынды баптармен немесе Қылмыстық кодекстегі «өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу», «қорқыту», «жала жабу» баптарымен әрбір ситуацияға қарай жеке сараланатын еді [92, с. 15]. Енді буллинг нақты термин ретінде құқықтық лексикаға кіргесін, оның алдын алу, анықтау, есепке алу рәсімдері оңайлайды деп күтілуде. 2023 жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мектептерде буллингтің алдын алу ережелерін бекітіп, әр білім беру ұйымына буллингтің кез келген түріне нөлдік төзімділік саясатын қалыптастыру жүктелді. Бұл да шетелдік (әсіресе АҚШ пен Еуропа) тәжірибеден алынған қадам.

Салыстыра айтқанда, **АҚШ моделінен** Қазақстанға үйренер нәрсе - қоғамдағы әрбір институттың (мектеп, полиция, ата-ана, интернет-провайдер) балаға қолайлы орта жасауға атсалысуы. АҚШ-та федералдық заңның жоқтығы кемшілік сияқты көрінгенімен, әр штат өз ерекшелігіне сай бейімделген саясат жүргізуде. Қазақстан унитарлы мемлекет ретінде бірыңғай ұлттық заңдар қабылдап отыр, бірақ оны жүзеге асыруда аймақтық, жергілікті ерекшеліктерді ескеру қажет. АҚШ мектептері буллингке қарсы бағдарламаларды қауымдастық, жергілікті бизнес, полицейлермен бірлесе отырып жүргізеді - біздің елде де мектеп пен ата-ана кооперациясын арттыру керек. Сондай-ақ, АҚШ тәжірибесіндегі сөз бостандығын қорғау мен буллингті шектеу арасындағы құқықтық пікірталастар Қазақстан үшін де өзекті: балаларды қорғау сылтауымен кез келген ой-пікірді цензураламау қажет екенін естен шығармауға тиіспіз [92, с. 13].

**Ұлыбритания моделінен** аларымыз - кешенді реттеу мен тәуелсіз қадағалау тепе-теңдігі. Онлайн қауіпсіздік туралы заң арқылы Ұлыбритания компанияларға нақты жауапкершілік артып, балаларды қорғауды жүйелі жолға қойды. Қазақстан осыған ұқсас қадамды (өкіл тағайындау, мазмұнды жою талаптары) бастап кетті. Алайда, Ұлыбританияда бұл процесті

бақылайтын тәуелсіз Ofcom бар, ал бізде әзірге мұндай маманданған реттеуші жоқ. Мүмкін, болашақта Ақпарат министрлігі жанынан немесе Үкімет құрамында дәл балалардың онлайн қауіпсіздігін қадағалайтын арнайы орган (Ұлыбританияның Журналист этика инспекторы немесе Австралияның Э-Сейфти комиссары сияқты) құру керек болар. Сондай-ақ, Ұлыбритания ата-аналар мен мектептерге әдістемелік көмек беруде өте белсенді (мемлекеттік деңгейде нұсқаулықтар, NSPCC секілді ҮЕҰ желісі арқылы). Қазақстанда да бұл бағытты күшейтіп, ата-аналардың цифрлық тәрбиелеу дағдыларын арттыру, мектеп психологтарын арнайы оқыту маңызды.

**Германия үлгісі** Қазақстан үшін екі жақты. Бір жағынан, Германиядағыдай қатаң заңдар (мысалы, балаларға зиян контентті жылдам жою, платформаларды жауапқа тарту) біздің елде де енгізілуде. Екінші жағынан, Германия еркіндік пен цензура мәселесінде көп сарапқа салды, сөз бостандығына нұқсан келмеуіне қатты мән берді. Біздегі заң өзгерістерінде құқық қорғаушылар айтқан сынға назар аударып [92, с. 13], буллингке қарсы нормаларды теріс пайдалануға жол бермеу тетіктерін қарастырған жөн.

Мысалы, Германияда NetzDG заңын орындай отырып, компаниялар жалған шағымдар мен саяси мақсаттағы арыздарды сүзгіден өткізетін жүйелер енгізді; Қазақстан да әлеуметтік желілермен әрбір контентті бағалаудың әділ стандарттарын келісіп алғаны абзал. Сонымен бірге, Германияның ата-ана жауапкершілігі институты (Азаматтық кодекстегі §832) бізге де ой салады: ата-ана баласына интернетте басқаға зиян тигізбеуін үйретуге мүдделі болуы үшін, мүмкін, азаматтық-құқықтық жауаптылық тетіктерін қарастырған жөн шығар. Қазіргі Қазақстан заңнамасында тікелей бұндай норма жоқ, бірақ кей жағдайларда соттар жалпы азаматтық кодекстің зиян өтеу нормаларына сүйеніп, ата-ананы міндеттейді. Бұл салт-санамызға да жақын ұғым - «тәрбие - тал бесіктен» дегендей, егер бала қателік жасаса, белгілі дәрежеде ата-ана да жауап беретінін қоғам түсінуі тиіс.

**Оңтүстік Корея тәжірибесі** Қазақстанға кей тұста үлгі, кей тұста ескерту бола алады. Корейлердің мектеп буллерлеріне қатаң жаза қолдануы (аттестатқа белгі соғу, ЖОО-ға түсуіне кедергі жасау) біздің қоғам үшін тым қатал көрінуі мүмкін. Біздің менталитетте балаға «басынан шіркеу байлап беру» дұрыс емес деп саналады, көбінесе. Сондықтан Қазақстан буллинг жасаған баланы жазалаудағы басты мақсат - оны түзету, оңалту, қайта әлеуметтендіру болуы қажет. Жаза шаралары тек ең төтенше жағдайларда (басқа жол қалмағанда) қатайғаны жөн. Есесіне, Оңтүстік Кореяның ата-аналар мен педагогтарды жұмылдырып, бүкіл елде буллингке төзбеушілік мәдениетін құруы - өте құптарлық. Бізде де соңғы уақытта қоғам ішінде буллерлерді ақтау азайып, керісінше, жәбірленушіні қолдау артқаны байқалады. Мәселен, бірнеше резонанстық оқиғаларда (мектептегі әлімжеттік видеолары тарап кеткен) бұзақы жасөспірімдерді жалпы халық айыптап, ата-аналары қоғамдық кешірім сұрады. Мұндай қоғамдық пікір қысымы белгілі деңгейде тәрбие құралы бола алады, бірақ әрине, құқықтық шеңберден шықпауы тиіс (өз бетінше жазалау, балаға қол жұмсау сияқты әрекеттерге жол жоқ). Кореяның анонимділікті шектеу талпынысы бізде де кейде

айтылып қалады - әлеуметтік желілерде фейк аккаунттар мәселесі, жалған ақпарат тарату. Қазақстан ондай радикал шешімдерге бармауы керек, өйткені толық (нақты атымен тіркелу) еркін интернет табиғатына қайшы және біздегі интернеттің халықаралық инфрақұрылымына сәйкес емес. Оның орнына, Корея сияқты балама жол - отандық eGov немесе мобильді телефоны арқылы жасын растау, қажет жағдайда құқық қорғаушыларға жабық мәліметтерді сұрату механизмдерін жетілдіру дұрыс.

**Балтық елдері** Қазақстанға жақын үлгі - олардың заңнамасы бізге түсінікті, посткеңестік құқық жүйесінен шыққан. Литва мен Латвиядағы «Балаларды зиян ақпараттан қорғау» туралы заңдар біздің 2018 жылғы заңға мазмұндас [92, с. 3]. Демек, бұл бағытта Қазақстан осы елдердің жолын қуып келеді деуге болады. Бірақ Балтық мемлекеттерінде бұл заңдар қабылданғаннан кейін қоғам тарапынан бірқатар сын түзетулер енгізілген: мысалы, Литвадағы заңның бастапқы редакциясында «дәстүрлі емес сексуалдық қатынастарды насихаттайтын ақпаратты балаларға көрсетуге тыйым салу» нормасы бар еді, оны Еуропалық адам құқықтары институттары кемсітушілік деп тауып, өзгерту талап етілді. Қазақстан заңы да ақпараттың қандайы «зиян» екенін айқындауда ғылыми негізге сүйенуі қажет, әйтпесе артық шектеу қою оп-оңай, бірақ ол бала дамуына кедергісін тигізуі мүмкін. Мысалы, тек жасына сай рейтинг қоюмен шектелу керек пе, әлде біржола тыйым сала ма - осы жағын халықаралық стандарттарға сәйкестендірген жөн.

Латвияның анонимді буллерді анықтау заңын қабылдауы Қазақстанға өте пайдалы прецедент. Өйткені бізде де жиі кездесетін жағдай - белгісіз біреу фейк аккаунт арқылы балаға күн көрсетпейді, не интим суреттерін таратады, бірақ жәбірленуші оның кім екенін білмейді, ал полиция провайдерден дерек алу үшін заңдық негіз таппай қиналады. Енді Латвия үлгісі көрсеткендей, заңмен рұқсат етілсе, тергеушілер провайдерден ондай адамның жеке тұлғасын сұратып, істі алға жылжыта алады [118]. Қазақстан 2022 жылғы түзетулерінде бұл мәселені қарастырды ма? Қолданыстағы «Байланыс туралы» заңда немесе Қылмыстық-процестік кодексте электрондық ақпарат иелерін анықтау тәртібі бар, бірақ ол кибербуллингке арнайы бейімделмеген. Сондықтан, латвиялық тәжірибені зерттеп, біздің заңнамаға сәйкес бейімдеу артық болмайды.

Балтық елдерінің тағы бір ерекшелігі - мемлекет, ҮЕҰ және жеке секторының серіктестігі. Қазақстанда да «Safe Kazakhstan» сияқты жобалар арқылы ұқсас қадамдар басталды. Мысалы, қазақстандық мобильді байланыс операторлары балаға арналған «Kid Security» тәрізді қосымшалар ұсына бастады, кейбір интернет-провайдерлер «ата-аналық бақылау» функцияларын енгізді. Дегенмен, бұл шаралар әзірге жүйесіз, әркімнің өз еркінде. Латвиядағы Drossinternets.lv немесе Литвадағы Safer Internet LT сияқты құрылымдарды біз де қолдап, мүмкін «қауіпсіз интернет» бастамашыл тобын құрып, заңнамалық талқылауларға тартуымыз керек. Бұл азаматтық қоғам үнін естуге, заңдардың солқылдақ тұстарын дер кезінде түзеуге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, шетелдік тәжірибелерді саралау Қазақстанда кәмелетке толмағандардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуде кешенді, балансты

ұстаным қажеттігін айқындайды. Бір жақтан қарасақ, заңнамалық тұрғыда анықтаушы, тыйым салушы нормалар керек - буллинг ұғымын енгіздік, енді оның жазасын да орнықтыру маңызды (әсіресе ауыр түрлеріне). Екінші жағынан, тек жазалау жеткіліксіз - профилактика мен ағарту жұмыстары алдыңғы қатарда болуы тиіс. АҚШ пен Еуропа елдері соңғы зерттеулеріне сүйенсек, заңдардың қаталдығы буллингті түбегейлі жоя алмайды, бірақ мектептегі жайлы ахуал, ата-ана мен бала арасындағы сенім, жалпы қоғамдағы мәдениет буллингті азайтуға сеп. Сол үшін Қазақстанға қазіргі реформаларды жалғастыра отырып, ғылыми негізделген, тәжірибеге негізделген бағдарламаларды іске асырған жөн.

Шетелдік модельдердің артықшылықтарын пайдаланып, олардың қателіктерінен сабақ ала отырып, Қазақстан мына бағыттарға көңіл бөлуі қажет деп санаймыз:

- Заңнаманы жетілдіру: буллинг пен кибербуллингтің құқықтық анықтамалары енгізілген соң, ендігі қадам - оларды құқық бұзушылықтар градациясында орнықтыру (Әкімшілік кодексте жеңіл түрлері, Қылмыстық кодексте ауыр зардаптылары). Бұл ретте Австрия, Франция сияқты елдердің дайын үлгілерін қарастыруға болады. Мысалы, Франция 2014 жылы топ болып буллинг жасау деген қылмыс құрамын енгізіп, 15 жасқа толмаған балаға қарсы жасалса жазаны күшейтті деген дерек бар - біз де осындай жастық ерекшелікті ескеруіміз керек.

- Цифрлық дәлелдемелер мен тергеу: әрбір мектеп пен әрбір полиция бөлімшесінде интернет-құқықбұзушылықтар бойынша оқытылған маман болғаны дұрыс. АҚШ-тағы school resource officer моделі немесе Оңтүстік Кореядағы киберполиция бөлімдері бұл істі тиімді атқарады. Қазақстанда ІІМ құрамында Киберқылмысқа қарсы күрес басқармалары бар, бірақ олардың штатын ұлғайтып, аймақтық деңгейде де балалар ісіне бөлек назар аудартса құба-құп. Цифрлық дәлелдерді жинау, сақтау, сараптау бойынша тергеушілердің біліктілігін көтеру қажет - бұл халықаралық ынтымақтастық арқылы да (Интерпол, Еуропол желісі, Будапешт конвенциясы шеңберінде) жүргізуге тұрарлық.

- Платформалардың жауапкершілігі: Қазақстан жаһандық әлеуметтік желілермен конструктивті диалог орнатуды жалғастыруы керек. Біздің заң қабылданды екен деп, бір күнде Facebook немесе TikTok өздерін-өздері түзей салмайды. Ұлыбритания, ЕО елдері бұл компаниялармен жылдар бойы жұмыс істеп, ортақ Кодекстер әзірледі (мысалы, Балаларға арналған жасқа лайық дизайн кодексі - Британ ақпарат комиссары кеңсесі шығарған, оны компаниялар ерікті түрде жүзеге асыруда). Біз де сондай қосымша өздігінен реттеу құралдарын әкелуге тырысуымыз керек. Платформалар Қазақстан өкілдіктері арқылы жыл сайын балаларға қатысты инциденттер бойынша есеп беріп, қауіпті трендтерді (challenge, суицид топтары т.б.) анықтап отыруы тиіс.

- Ата-ана мен мектептің рөлі: халықаралық тәжірибе көрсеткендей, баланы интернеттегі зорлық-зомбылықтан ең алдымен жақын ортасы сақтай алады. Сондықтан ата-аналарды цифрлық ата-аналыққа үйрететін

бағдарламалар керек. Мектептерге буллингті тану және оған ден қою әдістерін үйретететін курстар енгізу, мұғалім-психологтарды даярлау міндет. Мысалы, Эстонияда әр мектепте «KiVa» деген финндік анти-буллинг бағдарламасы енгізілген. Сол сияқты, Қазақстан да педагогикалық ЖОО-ларда буллинг профилактикасы бойынша арнайы модульдер қосуына болады.

- Балалардың өзін қатыстыру: балалардың өз дауысы естілуі маңызды. Германия жаңа Жастарды қорғау заңында бала пікірін ескеруді жазса [111], біз де осыны үлгі алуымыз қажет. Мәселен, оқушылар комитеттері, еріктілер клубтары арқылы интернет этикасын насихаттау, буллинг құрбандарына қолдау топтарын құру - балалардың өз араларында сенім атмосферасын орнатуға көмектеседі. Жасөспірімдер үшін заманауи форматта (TikTok, YouTube арқылы) буллингке қарсы челленджер, роликтер жасауды ынталандыру қажет.

Түйіндей келе, кәмелетке толмағандарды киберқауіптерден қорғау - кешенді және үздіксіз күш-жігерді талап ететін міндет. АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Оңтүстік Корея, Балтық елдері әрқайсысы өз тәсілдерімен бұл мәселеге жауап іздеп, құқықтық механизмдерін дамытып келеді. Олардың тәжірибесі көрсеткендей, «қатал заңдар + білім беру + технологиялық шешімдер + қоғам қолдауы» формуласы неғұрлым үйлесімді іске қосылса, соғұрлым нәтижелі болмақ. Қазақстан да осы бағыттағы алғашқы қадамдарын жасады - заңнамасы жаңарды, ұлттық стратегиялар айтылды. Ендігі жерде сол нормаларды өмірде тиімді қолдану, шетелдік озық амалдарды сындарлы интеграциялау және болашақ ұрпақтың қауіпсіз цифрлық әлемде еркін дамуына жағдай жасау - біздің ортақ парызымыз болуға тиіс.

### 3.3 Қазақстан заңнамасын жетілдіру үшін шетелдік озық үлгілерді бейімдеу

Кәмелетке толмағандарды киберкеңістіктегі қауіп-қатерлерден қорғау қазіргі заманның өзекті құқықтық міндетіне айналды. Статистика бойынша, интернет қолданушыларының әр үшіншісі әлі кәмелетке толмаған бала, ал ғаламдық деңгейде балаларға қатысты ең үлкен қатер - интернет арқылы жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырату болып тұр. Бұдан бөлек, кибербуллинг, зиянды ақпараттық контент, балаларды суицидке итермелеу, онлайн құмар ойындарға тәуелділік сынды құбылыстар жасөспірімдердің психикалық және физикалық саулығына тікелей зиян келтіруде.

Киберқылмыстардың жасырын жүзеге асуы, интернеттегі анонимдік пен жазасыз қалу мүмкіндігі бұл қатерлерді одан әрі ушықтыра түсуде. Мұндай жағдайда әлемнің көптеген елдері балалардың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шараларды қолға алды. Қазақстан да осы ғаламдық үрдістен қалыс қалмай, жасөспірімдерді қауіпті ақпараттан қорғау және олардың құқықтарын құрметтеу бағытында маңызды қадамдар жасауда. Соның айғағы ретінде 2018 жылы «Балалардың денсаулығы мен дамуына залал келтіретін ақпараттан қорғау туралы» №169-

VI ҚР Заңының қабылдануын атауға болады. Аталған заң балалардың ақпарат алу бостандығын шектемей-ақ, оларға зиян келтіретін контенттен қорғайтын құқықтық тетіктер қалыптастыру мақсатын көздеді [92, с. 3]. Дегенмен киберортадағы қатерлер үнемі эволюцияланып отырғандықтан, Қазақстан заңнамасын ұдайы жетілдіріп отыру - уақыт талабы. Бұл ретте АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Оңтүстік Корея мен Балтық елдерінің озық тәжірибесін зерделеп, тиімді құқықтық моделдерін ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып бейімдеу аса маңызды болып отыр. Төменде осы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды онлайн-қатерлерден құқықтық қорғаудағы тәжірибесі талданып, Қазақстан үшін пайдалануға болатын нақты тетіктер ұсынылады.

**АҚШ тәжірибесі.** АҚШ балаларды интернет кеңістігінде қорғау бойынша бірнеше бағытта кешенді тетіктер қалыптастырған. Біріншіден, балалар деректерінің құпиялығын қорғау қатаң реттеледі. 1998 жылы қабылданып, 2000 жылы күшіне енген Балалардың онлайн құпиялылығын қорғау туралы заң (COPPA) 13 жасқа толмаған балалардың жеке деректерін жинайтын веб-сайттар мен онлайн қызмет операторларына ата-анасының анық келісімін (verifiable parental consent) алуды міндеттейді. Яғни, бала туралы ақпаратты пайдалану немесе үшінші тарапқа беру алдында қызмет көрсетуші ата-анасына толық хабарлама беріп, рұқсат сұрауға тиіс [119].

Бұл талапты АҚШ Федералдық сауда комиссиясы қатаң қадағалайды. Мысалы, COPPA нормаларын бұзғаны үшін ірі технологиялық компанияларға миллиондаған айыппұлдар салынып келеді. Екіншіден, заң арқылы провайдерлер мен платформалардың жауапкершілігі белгіленген. АҚШ федералдық заңнамасы интернет-платформаларды пайдаланушылар жасаған контент үшін тікелей жауапқа тартпайтын иммунитет (Communications Decency Act 230-бөлігі) берсе де, балаларға заңсыз зиян келтіретін материалдар бойынша ерекше талаптар бар. 18 АҚШ Кодексінің 2258A-бөлігіне сәйкес интернет қызмет жеткізушілері өз жүйелерінде балалар порнографиясына қатысты контентті байқаса, міндетті түрде АҚШ Ұлттық Жоғалған және Эксплуатацияға ұшыраған балалар орталығына (NCMEC) хабарлауы тиіс; бұл талапты орындамау - құқықбұзушылық. Сонымен бірге NCMEC жанындағы Киберқауіп туралы желі (CyberTipline) арқылы әлемнің құқық қорғау органдары балаларға қатысты интернет-қылмыстар жөнінде ақпарат алмасады. Үшіншіден, мектептер мен кітапханаларда фильтрация шаралары заңмен қамтамасыз етілген. 2000 жылы қабылданған Балалардың Интернетті қорғау туралы заң (CIPA) аясында федералдық қаржыландыру алатын мектептер мен көпшілік кітапханалар балалар үшін зиянды деп танылған порнографиялық не зорлық-зомбылық мазмұндағы сайттарды сүзгіден өткізетін бағдарламалар орнатуға міндетті. Яғни, мемлекеттік бюджет есебінен интернетке қосылған оқу орындарында балаларға қауіпті контенттің қолжетімділігін техникалық түрде шектеу - шарт. Төртіншіден, кибербуллинг пен онлайн-құдалау мәселесі көбіне штаттар деңгейінде реттеледі. АҚШ-тың көптеген штаттары мектептерге кибербуллинг жағдайларын қадағалап, алдын алу жоспарын іске асыруды міндеттейтін

заңдар қабылдаған. Мысалы, кейбір штат заңдарында мектеп әкімшілігіне әлеуметтік желілердегі оқушыға қарсы қорлау әрекетін тәртіптік жолмен қарастыру жүктеледі, ал ауыр жағдайларда сот арқылы тиісті шектеу шаралары қолданылады. Федералдық деңгейде соңғы жылдары балаларды зиянды интернет мазмұннан қорғауға бағытталған «Балалар онлайн қауіпсіздігі туралы заң» (KOSA) жобасы, әлеуметтік желіге тіркелу үшін жасты тексеру бастамалары талқылануда. Мәселен, 2024 жылы бірнеше штат порнографиялық сайттарға кіру үшін пайдаланушының жасын куәландыруды талап ететін заңдар қабылдады. Алайда АҚШ Конституциясына енгізілген сөз бостандығы (Бірінші түзету) шеңберінде кәмелетке толмағандардың ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектейтін шараларға қоғамда әрдайым пікірталас жүреді [120]. Сондықтан АҚШ тәжірибесі балалардың жеке дерегін қорғау, ата-ана мен мектептің рөлін арттыру және қауіпті контент пен қылмыстарға қарсы қатаң жазалау бағытын қамтиды, бірақ сонымен бірге балалардың ақпарат алу бостандығын да ескеру қажет екенін көрсетеді.

Қазақстан үшін АҚШ үлгісінен COPPA тәрізді балалар дерегін қорғау режимін бейімдеу маңызды қадам болмақ - бұл балалар туралы ақпаратты коммерциялық мақсатта пайдалануды шектеп, ата-аналардың келісімінсіз баланың жеке мәліметтері таралмауын қамтамасыз етеді [119]. Сондай-ақ, АҚШ-тағы сияқты, ұлттық ыстық желі механизмін енгізу тиімді: кез келген азамат немесе бала интернеттегі балаларға қатысты заңсыз әрекеттер (порнография, зорлық-зомбылық, балаға қоқан-лоққы жасау) туралы хабарлай алатын орталықтандырылған платформа болуы тиіс. Мұндай модель АҚШ-тағы NCMEC қызметі аясында сәтті іске асуда, ал Ұлыбританиядағы Internet Watch Foundation және Италиядағы Telefono Azzurro секілді ұйымдар да мемлекет қолдауымен бала құқығын онлайн қорғауға үлес қосуда [92, с. 14]. Қазақстанда да осындай «киберқауіп» туралы хабарламалар қабылдайтын ұлттық желіні құру - уақыт талабы. Бұл үшін заңнамалық тұрғыда провайдерлер мен желілерге тиісті материалды тез жоюға міндеттейтін және құқық қорғау органдарына шұғыл әрекет етуге мүмкіндік беретін нормалар қабылдануы керек.

**Ұлыбритания тәжірибесі.** Ұлыбритания соңғы жылдары балалардың онлайн қауіпсіздігін кешенді қорғауды заңнамалық деңгейде ең озық жүзеге асырған елдердің бірі болып танылуда. Мұнда «онлайн кеңістіктегі міндетті қамқорлық» (duty of care) қағидаты енгізіліп, ірі интернет-платформаларға балаларды зиянды контенттен қорғау жауапкершілігі заң арқылы жүктелді. 2023 жылы Королева келісімін алған Онлайн қауіпсіздік туралы заң (Online Safety Act, OSA) - осы бағыттағы ең ауқымды қадам. Аталған акт әлеуметтік желілер, бейне-платформалар және іздеу жүйелері тәрізді «пайдаланушылар арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін онлайн қызметтерге» арнайы міндеттер қойып отыр. Атап айтқанда, провайдерлер платформа дизайнынан бастап пайдалану ережелеріне дейінгі барлық деңгейде балаларды заңсыз және зиянды контенттен қорғауды қамтамасыз ететін тетіктер енгізуге тиіс. OSA бойынша Ұлыбританияның БАҚ пен телекоммуникация саласындағы реттеушісі - Ofcom - интернет кеңістіктегі балалар қауіпсіздігі талаптарының

орындалуын қадағалайтын уәкілетті органға айналды. Ofcom платформаларға нақты нұсқаулықтар мен іс-қимыл кодекстерін бекітіп, олардың сақталуын мониторингілейді; заңды бұзғандарға айналымының 10%-ына дейінгі мөлшерде айыппұл салу немесе ресурсты бұғаттау секілді санкциялар қолданылуы мүмкін. Бұл механизм Ұлыбританияны үкімет мәлімдегендей «әлемдегі онлайн тұрғыдан ең қауіпсіз елге» айналдыруды мақсат етеді [121].

Ұлыбритания балалардың цифрлық құқықтарын қорғауда «жас ерекшеліктеріне бейімделген дизайн кодексі» атты тың тәсіл енгізді. Ақпараттық комиссар басқармасы (ICO) әзірлеген бұл Балалар кодексі 2020 жылы күшіне енді [122]. Кодекс интернетте балалар жиі қолданатын кез келген қызметке (ойыннан бастап әлеуметтік желіге дейін) 15 базалық стандарт қояды [122]. Мысалы, онлайн сервис балалардың «ең жоғарғы мүддесін» басты назарда ұстауы тиіс; балалардың жеке деректері тек сол қызметті атқару үшін аса қажетті шекте пайдаланылуы керек; бала аккаунттарына ең қатаң құпиялық баптауларын әдепкі бойынша орнату талап етіледі; пайдаланушы саясаттары мен интерфейс түсіндірмелері қарапайым, бала түсінігіне сай тілмен берілуі шарт; балаларды зиянды әрекетке итермелейтін «қараңғы үлгідегі дизайн» (dark patterns) әдістеріне тыйым салынады [122]. Бұл кодекстің заңи күші - Ұлыбританияның Деректерді қорғау туралы заңы және GDPR талаптарымен ұштасуында: Кодекс ережелерін сақтамаған компанияларға ICO тарапынан айыппұл салынуы мүмкін. Нәтижесінде, көптеген ірі платформалар Ұлыбританиядағы балалар үшін қауіпсіздік шараларын күшейтуге кірісті (мәселен, Instagram желісі кәмелетке толмағандарға зиян контентті автоматты сүзгіден өткізу, түнгі уақыттарда хабарламаларды өшіру сияқты өзгерістер енгізді [123, с. 27].

Ұлыбритания бұған қоса балаларды онлайн ортада қорғау бойынша көпжақты институтционалдық амалдарды жолға қойған. Балалар қауіптілігі жөніндегі Ұлттық орталық (CEOP) полицияға қарасты құрылған, ол интернеттегі балаға қатысты құқықбұзушылықтарды (балаларды азғыру, онлайн сексуалдық қиянат, бала еңбегін қанау) тергеумен мамандандырылған айналысады. CEOP мектептермен және ата-аналармен тығыз жұмыс істей отырып, балаларға арналған қауіпсіздік сабақтарын, ата-аналарға кеңес беру және қауіпті жағдайларды хабарлау механизмдерін дамытуда. Үкіметтік емес секторда Интернетті қадағалау қоры (IWF) атты коммерциялық емес ұйым индустрияның қолдауымен жұмыс істеп, интернеттегі балалар порнографиясы материалдарын анықтап, хостинг провайдерлермен келісім арқылы оларды өшіртуге немесе бұғаттауға жәрдемдеседі [92, с. 14]. IWF сынды ұйыммен серіктестік орнату - Үкімет үшін тиімді, себебі ол қоғам мен бизнес өкілдерін жұмылдыра отырып, құқық қорғау органдарының жұмысын толықтырады. Қазақстан Ұлыбритания тәжірибесінен бірнеше маңызды элементті қабылдай алады. Ең әуелі, онлайн-платформалардың бала қауіпсіздігі үшін «міндетті қамқорлық» ұстанымын енгізу керек. Яғни әлеуметтік желілер, мессенджерлер, бейне-хостингтер өз сервистерінде балаларға зияны тиетін контент тарап кетпеуіне жауапты болуға тиіс. Бұл үшін Қазақстанда уәкілетті реттеуші органды (мәселен, Ақпарат министрлігі

жанынан немесе Балалардың құқықтарын қорғау комитеті жанынан) айқындап, оған платформаларды қадағалау, талап қою, айыппұл салу өкілеттігін беру ұсынылады. Екіншіден, UK ICO енгізген Балалар кодексі қағидаттарын ұлттық заңнамаға бейімдеп енгізу орынды.

Мысалы, Қазақстанның жеке деректерді қорғау заңына немесе «Бала құқықтары туралы» заңға арнайы норма қосып, онлайн қызметтерді балалардың жеке ақпаратын қорғаудың жоғары стандартына міндеттеу қажет (балалар дерегін сатуға тыйым салу, жасанды интеллект алгоритмдерін балаға бейімдеп оңтайландыру, т.б.). Үшіншіден, интернет провайдерлер мен ұялы байланыс операторларының балаларға зиянды ақпаратты сүзгіден өткізуге қатысты жауапкершілігін күшейту керек. Ұлыбританияда ірі провайдерлер Үкіметтің талабы бойынша «отбасы сүзгілерін» іске қосқан: әрбір үй пайдаланушысына порнография және зорлық мазмұнын автоматты блоктау қызметі ұсынылады. Қазақстанда да провайдерлерге осындай фильтрлерді абоненттерге тегін ұсынып, орнатуды жеңілдету міндетін жүктеу - балалардың интернетті қауіпсіз пайдалануын арттырады. Жалпы, Ұлыбритания үлгісі қатердің алдын алу мен технологиялық алыптардың жауапкершілігін заң арқылы нақтылау тұрғысынан құнды. Бұл механизмдерді енгізуде Қазақстан Ұлыбританиядағыдай сөз бостандығына кепілдік беру мен бала қауіпсіздігі арасындағы тепе-теңдікті сақтауы қажет.

**Германия тәжірибесі.** Германияда балалар мен жастарды зиянды ақпараттан қорғау федералдық және жергілікті деңгейдегі көпқабатты заңдар жүйесі арқылы жүзеге асады. Жастарды қорғау туралы федералдық заң (Jugendschutzgesetz, JuSchG) бастапқыда балаларды темекі және алкоголь өнімдерінен, кино және ойын-сауық контентінен офлайн кеңістікте (дүкендерде, кинотеатрларда) қорғауға бағытталған еді. Алайда цифрлық дәуір талаптарына сай 2021 жылы бұл заңға толықтырулар енгізіліп, онлайн-платформаларға қатысты арнайы міндеттемелер қосылды. Енді Германияда фильмдер мен ойындарға арналған ірі интернет-платформалар, хост-провайдерлер балаларды қауіпті контент пен қарым-қатынастан қорғайтын тетіктер орнатуға міндетті. Мысалы, стриминг-сервистер контентті жас категориясына сәйкес белгілеп, 18+-материалдарға қолжетімділікті тек ересек қолданушыларға беруге тиісті. Чат және әлеуметтік желі функциялары бар ойындарда провайдер бала пайдаланушыларды буллинг пен қудалаудан қорғау шараларын (фильтр, модерация, «шағым беру» батырмалары) қамтамасыз етуге міндеттелген. Бұдан тыс, Жастарды медиада қорғау туралы мемлектаралық шарт (JMStV) деп аталатын 16 жердің (федералды аймақтардың) келісімі бар. JMStV Интернеттегі және эфирлік медиадағы жасөспірімдерге зиян контентке жол бермеудің біркелкі стандарттарын белгілейді. Оның басты талаптары - контент пен жарнаманы жастық санаттар бойынша жіктеу, жас ерекшеліктерін растау жүйелерін (age verification) қолдану және балаға ауыр зардап әкелетін материалдарды хостингтен толық алып тастау. Германия тәжірибесінде провайдерлердің өз-өзін реттеуіне де көңіл бөлінген: медиасаланың ірі компаниялары құрған FSM (Ерікті өзін-өзі бақылау ұйымы) және jugendschutz.net секілді ұйымдар интернетті

мониторингілеп, зиянды материалдарға шағым жасап, оларды өшіру бойынша провайдерлермен жұмыс істейді. Сондай-ақ, федералдық жерлердің жастар министрлері қолдауымен әрекет ететін Кәмелетке толмағандарды медиада қорғау жөніндегі комиссия (KJM) бар, ол жаңа медиа қызметтерді жастарға зиян тұрғысынан сараптап, ұсынымдар береді. Германияның жуырдағы реформалары федералдық және жергілікті деңгейдегі ережелерді үйлестіруге бағытталғанымен, нормалардың қайталануы белгілі бір қиындық туғызады деп бизнес өкілдері сын айтуда. Дегенмен Германия үлгісінен Қазақстанға тікелей алуға болатын тиімді тетіктер аз емес. Біріншіден, ақпараттық өнімдерді жастық категориялар бойынша таңбалау жүйесін жетілдіру қажет. Қазақстанда 2018 жылғы заң бойынша да «6+», «12+», «16+», «18+» таңбалары енгізілгенмен, оны іс жүзінде қолдану механизмі әлсіз. Германияда бұл талап кино, телеарна, ойын индустриясынан бөлек интернет-контентке де қатыстылығымен ерекшеленеді: арнайы белгісі жоқ 18+ сайттарға балалардың кіруі шектеледі (мысалы, провайдер арқылы немесе арнайы бағдарламалармен). Екінші, жас ерекшелігін растау (верификация) технологияларын міндеттеу. Германияда порнографиялық не зорлық мазмұндағы сайттар ересек пайдаланушының кәмелеттік жасын тексеру үшін несие карта, электрондық идентификатор немесе басқа тәсіл қолданбаса, жауапқа тартылады [124]. Қазақстанда да осындай талапты заңмен бекітіп, орындалуын әкімшілік құқық бұзушылық санкцияларымен қамтамасыз етуге болады (мысалы, «интернет қызметтерінде кәмелетке толмағанның жасын растау шараларын қолданбау» деген тәрізді құқық бұзушылықты ӘҚБтК-ке енгізу). Үшіншіден, провайдерлерге зиянды материалдарды алып тастау міндетін жүктеу. Германияның жастарды қорғау актілерінде және Еуроодақтың Цифрлық сервис актісі (DSA) аясында ұлттық органдардың талап етуі бойынша белгілі бір заңсыз немесе балаға зиян контентті өшіру не қолжетімділікті шектеу керектігі қарастырылған [125].

Қазақстан да 2022 жылғы заңымен әлеуметтік желілерге үш жұмыс күні ішінде буллингтік жазбаларды жою талабын қойды [126]. Алайда бұл процедураны жүзеге асыруда ашықтық пен нақтылық қажет. Герман заңнамасында мұндай өшіру процесін реттейтін нақты регламенттер бар; соны негізге ала отырып, біздің елде де «зиянды интернет-контентті алып тастау тәртібі» туралы ереже енгізіп, қандай жағдайда қандай орган қандай шешім шығаратынын айқындап беру керек. Төртіншіден, техникалық фильтрация құралдарын қолдануды заң жүзінде бекіту. Германияда заң бойынша қоғамдық орындардағы (мектеп, кітапхана, интернет-кафе) интернет-тораптарда міндетті түрде балаларға зиянды сайттарды сүзетін бағдарламалар орнатылуға тиіс. Қазақстанда да бұл тәжірибені пайдаланып, білім және тәрбие беру ұйымдарында сертификатталған фильтрлік жүйелерді қолдануды міндеттеу ұсынылады. Оған қоса, Германиядағы сияқты, ата-аналарға арналған ақпараттандыру және техникалық қолдау жүйесін дамыту керек: коммуникация саласындағы реттеуші органдар ата-аналарға балалардың интернеттегі қауіпсіздігі туралы кеңестер, бақылау бағдарламалары бойынша нұсқаулықтар ұсынуы маңызды [125].

Қорыта айтқанда, Германия үлгісі Қазақстан үшін құқықтық нормаларды нақтылау, жас цензі мен техникалық қорғанысты ұштастыру тұрғысынан пайдалы. Дегенмен оны бейімдеуде біздің ұлттық құқықтық жүйенің унитарлы сипатын ескерген жөн: федерация емес болғандықтан, бізде бірыңғай заңдар қабылданып, оларды орындау тетіктерін нақты бір орталық орган қадағалауы тиіс.

**Оңтүстік Корея тәжірибесі.** Оңтүстік Корея - жоғары технологиялық цифрлық инфрақұрылымы бар және интернет қолданушыларының үлесі аса жоғары мемлекет. Бұл елде балаларды онлайн ортада қорғау мақсатында бірқатар қатаң да тыңғылықты шаралар заңнамалық түрде енгізілген. Солардың бірі - жасөспірімдерді зиянды ақпараттан техникалық шектеу тетіктері. 1990-жылдардың аяғында-ақ Кореяда «Жастарды зиянды ақпараттан қорғау туралы заң» қабылданып, арнайы Ақпараттық-коммуникациялық этика комиссиясы (ICEC) құрылған еді. Бұл комиссия интернеттегі контентті қадағалап, «онлайн контент-рейтинг жүйесін» енгізді: балаға зиянды деп танылған веб-сайттар мен материалдардың тізімін жасап, оларды ұлттық деңгейде сүзгіден өткізуге басшылық етті. 2001 жылдан бастап Кореяда Интернет-контентті сүзу туралы қаулы күшіне енді, ол бойынша интернет-провайдерлер арнайы тізімге енген зиянды сайттарға қолжетімділікті автоматты түрде бұғаттауға, ал кітапхана, мектеп, интернет-кафе сияқты қоғамдық орындар міндетті түрде фильтрациялық бағдарламалар орнатуға тиіс болды. Бүгінде бұл функциялар Корея коммуникация стандарттары комиссиясына (KCSC) берілген: KCSC интернеттегі заңсыз және зиянды материалдарды (порнография, зорлық, экстремизм, суицидтік контент т.б.) анықтап, провайдерлерге оларды өшіру немесе бұғаттау жөнінде нұсқаулар береді, орындалуын бақылайды.

Оңт. Кореяда жас ерекшелігін растау талабы да кеңінен тараған. Мәселен, 2016 жылы Оңтүстік Корея Netflix сервистеріне әлемде бірінші болып 19+ рейтингті фильмдер үшін пайдаланушының жасын жыл сайын тексеруді міндеттеді: кез келген корей пайдаланушысы 19+ санатындағы бейнемазмұнға қол жеткізу үшін өзінің аты-жөнін, туған күнін және жергілікті мобильдік нөмірін енгізіп, SMS-код арқылы растайды. Кей жағдайларда корейлік сервистер азаматтық нөмірді (social security number) сұрау арқылы немесе несие картасы мәліметі арқылы адамның кәмелеттік жасқа толған-толмағанын автоматты анықтайды [123]. Бұл жүйе порнографиялық немесе қатыгез мазмұнды кәмелетке толмағандардың көруін барынша тыюға бағытталған. Сонымен бірге, Оңт. Корея билігі онлайн ойындарға шектеу қою арқылы балалардың шектен тыс интернетке тәуелділігін азайтуға тырысты. 2011 жылы қабылданған «Күлшекыз заңы» (Shutdown Law) түн ортасынан таңғы 6-ға дейін 16 жасқа толмаған балалардың онлайн ойындарға кіруіне тыйым салды. Бұл заң біраз уақыт тиімді нәтиже бергенімен, айналып өту әрекеттері де кездескен (кейбір жасөспірімдер ата-анасының жеке сәйкестендіру нөмірлерін пайдаланып, шектеуді бұзғаны белгілі [127]. 2021 жылы Оңт. Корея үкіметі аталған тыйымды алып тастап, оның орнына ата-аналардың өз балаларын ойын

уақытын шектеуге ерікті мүмкіндік беретін «отбасылық бақылау» жүйесіне көшті. Бұл өзгеріс шектеудің тым қатаңдығынан бас тарту және ата-ана жауапкершілігін арттыру қажеттігін көрсетті. Бұдан шығатын түйін - Оңтүстік Корея тәжірибесі балаларды интернеттегі зияннан қорғауда мемлекет тарапынан белсенді араласу және техникалық қадағалау өте күшті болғанымен, оны іске асыруда ата-ана мен бизнес қауымдастықтың да рөлін ескеру керектігі. Қазақстан үшін Кореяның мына тәжірибелері пайдалы болуы мүмкін: біріншіден, балаларға қауіпті контентті ұлттық деңгейде сүзгіден өткізу инфрақұрылымын құру. Мәселен, Қазақстан бүкіл ел бойынша жұмыс істейтін бірыңғай «таза интернет» жүйесін енгізіп, онда анық зиянды сайттардың бірыңғай қара тізімін жасап, провайдерлерге автоматты бұғаттауды міндеттей алады (алайда мұндай жүйені енгізу сөз бостандығы мен ақпарат қолжетімділігіне шектеу келтірмеуі үшін ашықтық қажет, сондықтан сот не уәкілетті органның шешімімен ғана сайттар тізімге енгені жөн). Екіншіден, жас ерекшелігін растау технологияларын пайдалану.

Кореяның мысалындағыдай, Қазақстанда да азаматтардың ЖСН-іне негізделген цифрлық идентификация жүйесі дамыған (мобильді азаматтар базасы, электронды үкімет және digital ID құралдары бар). Соларды пайдаланып, 18+ сайттарға кіруді ұлттық көлемде реттеуге болады. Бұл үшін «Байланыс туралы» заң мен тиісті ережелерге өзгерістер енгізіп, 18 жасқа толмағандарға арналмаған ресурстарға кіру кезінде пайдаланушының жасын оператор арқылы немесе басқа сенімді әдіспен тексеруді міндеттеу керек.

Үшіншіден, балалардың шектен тыс интернет пайдалануын реттеу мәселесінде Кореяның сабақтары ескерілуі тиіс. Тікелей тыйым салу орнына, Қазақстан да жанама тәсілдер қолдана алады - мысалы, түнгі уақыттарда балаларға онлайн ойын қызметін көрсететін компанияларға қосымша салық салу немесе оларға кәмелетке толмағандарға түнде қызмет ұсынбауды ерікті келісімдер арқылы насихаттау. Сонымен бірге ата-аналарды балалардың экран алдында болу уақытын бақылауға үйрету маңызды.

Төртіншіден, арнайы полиция бөлімшелерін құру. Кореяда киберқауіпсіздік полициясы құрамында балаларға қатысты интернет-қылмыстарды зерттейтін арнайы топтар бар; олар жасырын түрде интернетте балаларды азғырушыларды анықтау, арнайылап операция жүргізу өкілеттігіне ие. Қазақстанда да ІІМ немесе прокуратура құрылымында осындай кішігірім бөлімше ашып, оларға заң жүзінде интернетте «жасырын агент» болып жұмыс істеу мүмкіндігін (мысалы, жасөспірім кейпінде тіркеліп, қылмыскерлерді әшкерелеу үшін) беру туралы ҚПК-ге толықтыру енгізу ойластырылуы мүмкін. Бұл балаларға қатысты ауыр қылмыстардың (педофилия, адам саудасы) алдын алу үшін қажет қадам. Қорыта айтқанда, Оңтүстік Корея үлгісі Қазақстанға техникалық бақылау мен құқық қорғау саласын цифрландыру тұрғысынан үлгі бола алады. Алайда Кореяның қоғамы жоғары бақылау шараларын қабылдауға дайын болғанын, ал біздің жағдайда кез келген шектеу шарасы қоғамдық талқылаудан өтіп, жұмсақ түрде енгізілуі керектігін ескерген жөн.

**Балтық елдерінің тәжірибесі (Латвия, Литва).** Көлемі жағынан шағын болғанымен, бұл елдер Еуропалық Одақ мүшесі ретінде балалардың құқығын цифрлық ортада қорғаудың заманауи үлгілерін іске асырып отыр. Латвияда балаларды интернеттегі зорлық-зомбылықтан және қудалаудан қорғауға бағытталған заңнамалық өзгерістер ерекше назар аударарлық. Мысалы, Латвияның Балалар құқықтарын қорғау туралы заңы мен Қылмыстық заңына толықтырулар енгізіліп, «кибербуллинг» ұғымы заңды түрде бекітілді және интернетте жасырын атпен балаға қорлық көрсеткен тұлғаны анықтау үшін құқық қорғау органдарына провайдерлерден мәлімет талап ету құқығы берілді. Бұрын белгісіз автор тарапынан онлайн қорлау болған жағдайда, жәбірленуші баланың ата-анасы құқықтық шағым түсіре алмайтын, өйткені кінәліні анықтау механизмі жоқ еді. Енді заң бойынша полиция мен сот провайдерден аноним аккаунттың иесін көрсетуін талап етіп, сол дерек арқылы баланы қорлаған адамды жауапқа тарта алады [118].

Бұл өзгеріс Латвиядағы Drossinternets.lv атты қауіпсіз интернет ұйымының бастамасымен үш жыл бойы талқыланып барып жүзеге асты және кибербуллингпен күресте маңызды институционалдық тетік қалыптастырды. Қазақстан үшін де бұл тәжірибе өте өзекті: біздің заңнамада да аноним түрде баланы қорлағаны үшін жауапкершілік бар, бірақ іс жүзінде провайдерлерден мәлімет алу тек ауыр қылмыстық істерде қарастырылған. Сол себепті Латвиядағыдай, әкімшілік құқық бұзушылық немесе жеңіл дәрежедегі қылмыс шеңберінде де қажет болғанда интернет пайдаланушысының жеке деректерін провайдер арқылы анықтау тәртібін енгізу керек. Бұл үшін ҚПК мен «Байланыс туралы» заңға өзгеріс енгізіп, балаға қатысты заңбұзушылықтар кезінде провайдердің лог-файл мәліметтерін құзырлы органдарға беруге міндетін нақтылап көрсету қажет.

Литвада балаларды интернеттің зиянды әсерінен қорғау жүйесі кешенді түрде дамыған. 2010 жылы қабылданған «Немолеттілерді қоғамдық ақпараттың зиянды әсерінен қорғау туралы заң» ақпараттық өнімдерді жас санатына қарай шектеу саясатын бекітті. Бұл заң бойынша балалар психикасына кері әсер ететін, зорлық-зомбылық немесе порноэлементтері бар кез келген контент «зиянды ақпарат» деп танылады және оны кәмелетке толмағандарға қолжетімді етуге тыйым салынады. Литвада интернеттегі порнографиялық материалдарды тарату заңсыз; ондай факті анықталса, құқық қорғау органдары материалды орналасқан серверден өшіртіп тастайды, ал кінәлілер әкімшілік не қылмыстық жазаға тартылады.

Интернетте балаларға зиян контентті шектеу үшін алдын ала ескерту парақтары қолданылады: егер балаға арналмаған веб-сайт ашылса, міндетті түрде «Бұл сайттағы ақпарат Сізге (Сіздің балаңызға) зиянды болуы мүмкін» деген мазмұнда ескерту шығып, одан әрі кіруі шектеледі. Литвада да бірнеше мекемеге онлайн-контентті бақылау өкілеті берілген: Байланыс реттеу қызметі (RRT), Журналист этикасы инспекторының кеңсесі және Нарко/алкогольге қарсы департаменті интернеттегі балаларға зиян контент бойынша шағымдарды қарап, қажет жағдайда сайтты жабу не материалды өшіру жөнінде нұсқау бере алады. Сонымен бірге, «Шварус интернетас» деп

аталатын арнайы интернет-хаттама желісі жұмыс істейді - балалар мен ата-аналар зиянды не заңсыз онлайн-контентті сол желіге шағым етіп хабарлай алады, оны RRT полициямен бірге қарап, тиісті әрекет жасайды. Литва Байланыс реттеу қызметі ата-аналарға арналған ақпараттық портал жүргізіп, онда балалардың қауіпсіз интернет пайдалануы бойынша кеңестер мен ата-ана бақылауы бағдарламаларының тізімін ұсынады. Сондай-ақ бұл орган кітапхана, мектеп, компьютерлік класс сынды балалар баратын қоғамдық орындарға орнатуға арналған фильтрлік бағдарламаларды сынақтан өткізіп, мақұлдайды. Литвада кибербуллинг пен сексуалдық сипаттағы қудалауға қарсы заңнамалық негіз білім беру заңында да бекітілген: жалпы білім беретін мектептер балалардың кез келген зорлық-зомбылықтан, оның ішінде онлайн ортада да, қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті [125]. Бұл үшін әр мектеп буллингтің алдын алу жоспарын жасап, педагогтарды оқытуы тиіс.

Балтық елдерінің тәжірибесі Қазақстанға Еуропалық одақ стандарттарына сай келетін бірнеше жаңашыл тетікті көрсетуімен құнды. Біріншіден, хабарлау және жауап қайтару механизмдері. Латвия мен Литвадағыдай, Қазақстанда да балаларға қатысты интернеттегі заңсыз не қауіпті жайттарды жедел хабарлайтын бірыңғай платформа (ыстық желі) және оған лезде әрекет ететін құрылым (мысалы, Ақпарат министрлігі жанынан шағын мониторинг тобы) құру керек. Екіншіден, ата-аналар мен мектептердің рөлін күшейту. Бұл елдерде заң жүзінде ата-анаға балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік артылып, мектептерге буллингті алдын алу міндеті қойылған. Қазақстанның «Білім туралы» және «Балалар құқықтары туралы» заңдарына да балалардың интернеттегі қауіпсіздігіне қатысты мектеп пен ата-ана міндеттерін нақтылап енгізу артық болмайды (мәселен, ата-ана «баласының интернеттегі белсенділігін бақылауды жүзеге асыруға ұмтылуға тиіс» деп кеңес түрінде немесе мектеп «кибербуллингтің алдын алу жоспарын жыл сайын қабылдайды» деп норма түрінде бекіту).

Үшіншіден, интернет-компаниялармен ынтымақтастық. Латвия және Литва ЕО-тың «Балалар үшін жақсы интернет» стратегиясын іске асыра отырып, ірі әлеуметтік желілермен меморандумдар жасасқан: зорлық немесе порнографиялық контентті белгілеу, өшіру кезінде сол елдердің уәкілетті органдары компаниялармен тікелей байланыста болады. Қазақстан да осындай ынғайластықты 2022 жылғы заңмен бастап кетті - Facebook, Instagram сынды платформаларға Қазақстандағы өкілдерін тағайындап, арыз-шағымдарға жауап беруін міндеттеді [126]. Алайда Балтық елдерінің ерекшелігі - бұл процесті ашық және құқықтық мемлекет принциптеріне сай атқару. Бізде де компаниялардың өкілдерімен тұрақты кездесулер өткізіп, статистиканы жариялап, проблемалар жайлы қоғамдық есептер әзірлеу керек. Яғни «балаға қауіпсіз онлайн орта» ұлттық стратегиясы қабылданып, онда мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам күш біріктіріп жұмыс атқаруы тиіс.

**Қазақстандағы қолданыстағы әкімшілік заңнама мен құқық қолдану практикасын сындарлы саралау.** Жоғарыда талданған шетел тәжірибелері негізінде Қазақстанның қазіргі ахуалына зер салсақ, бірқатар жетістіктермен қатар елеулі олқылықтар бар екені көрінеді. Біріншіден,

нормативтік-құқықтық база қалыптасуда, бірақ әлі де толық емес. 2018 жылы қабылданған «Балалардың денсаулығы мен дамуына залал келтіретін ақпараттан қорғау туралы» заң халықаралық тәжірибеге сай алғашқы қадам болды [92, с. 3]. Аталған заңда ақпарат өнімдерін жастық категорияларға бөлу, зиянды контент ұғымын енгізу, медиа өнімдерді таңбалау сияқты нормалар қарастырылды [92, с. 9]. Дегенмен бұл заң негізінен жалпы декларативтік нормаларға толы және интернеттегі нақты механизмдер (мысалы, сайттарды реттеу, платформа міндеттері) толық қамтылмаған.

2020-2022 жылдары Қазақстан кибербуллингке қарсы кейбір заңнамалық өзгерістер жасады. Атап айтқанда, 2021-2022 жж. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі мен Қылмыстық кодекске толықтырулар енгізіліп, «буллинг» және «кибербуллинг» ұғымдары ресми бекітілді, сондай-ақ телекоммуникация желілерін пайдаланып қорлау, қорқыту, жала жабу әрекеттері үшін жауапкершілік күшейтілді [126]. Мысалы, ҚК 105-бабына (өзін-өзі өлтіруге итермелеу) 2-бөлік қосылып, егер суицидке итермелеу «телекоммуникация желілерін пайдаланып қорқыту немесе кемсіту арқылы» жасалса, ауырлататын мән-жай ретінде қаралады [126]. Сол сияқты, ҚК 131-бабы (қорлау) мен 147-бабы (жеке өмірге қол сұғу) бойынша интернетте аноним түрде жасаған күнә күшейтілген жаза көзделді [118]. Бұл өзгерістер - құптарлық қадам, себебі бұрын «кибербуллинг» деген ұғым мүлде жоқ болатын [126]. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске де 2022 жылы бала құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты бірнеше бап енгізілді: атап айтқанда, «балаға қатыгездік жасау» (127-1-бап) және «баланың заңды өкілдерінің тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамауы» (127-баптың 4-бөлігі) нормалары толықтырылып, ата-анасы немесе жауапты адам баланы кибербуллингке ұшыратын жағдайлар үшін де жауапкершілік қарастырылды (ата-ана тәрбие міндетін орындамаса, ескерту немесе айыппұл салынады). Сонымен қатар 2022 жылы «Балалар құқықтары туралы» заңға өзгерістер еніп, 3-бапта балаға қатысты кибербуллингтің жолын кесу мемлекеттің міндеті деп танылды, ал 4-бапта баланың қауіпсіз ақпараттық ортаға құқығы бекітілді. Бұл реформалар Қазақстан заңнамасын белгілі бір дәрежеде халықаралық стандарттарға жақындатты деуге болады [92, с. 15].

Алайда құқық қолдану практикасы әлі де тиімді емес деңгейде қалып отыр. Мысалы, статистикаға сүйенсек, Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг фактілері жылдан жылға өсуде, 11-15 жастағы балалардың 11%-ы интернетте кемінде бір рет буллингке ұшырағанын зерттеулер көрсеткен [92, с. 14]. 2021 жылы балаларға қатысты 80 мыңға жуық кибербуллинг дерегі тіркелгені айтылды [92, с. 2]. Бірақ солардың ішінен қылмыстық жауапкершілікке тартылғандары өте сирек, көп жағдайда іс дәлелдің жеткіліксіздігінен тоқтатылады. Себебі біздің елде әлі күнге дейін балаларға қарсы онлайн-қылмыстарды әшкерелеу және дәлелдеу тетіктері әлсіз. Кибербуллингтің тікелей зардаптарын (дене жарақаты сияқты) дәлелдеу қиын, ал жанама залалды (психологиялық зақым) дәлелдеу үшін арнайы сараптама қажет, ол көбіне жүргізілмейді. Интернеттегі анонимділік те кедергі: прокси-сервер, фейк-аккаунт пайдаланған адамды табу үшін жедел

іс-шаралар керек, ал полицияның ондай технологиялық мүмкіндігі әрдайым бола бермейді. Халықаралық ынтымақтастықтың жеткіліксіздігі тағы бір проблема. Балалар порнографиясы немесе трансұлттық азғындық істерінде күдіктілер шетелдік платформа қолдануы мүмкін (мәселен, жабық шетелдік форумдар). Ондайда біздің органдардың шетелдік әріптестермен дер кезінде ақпарат алмасуы қиындау - Қазақстан Будапешт киберқылмыс конвенциясына қосылмаған, өзара құқықтық көмек келісімдері әр елмен жеке жасалған, оның өзі ұзақ бюрократиялық процеске созылады. Сондықтан талай іс ашылмай қалады немесе созбалаңға салынады. Алдын алу жұмыстарының әлсіздігі де байқалады: ата-аналардың көпшілігі балалардың интернеттегі өмірінен бейхабар, мектептерде киберқауіпсіздік сабақтары жүйелі емес, балалардың өздері де қауіпті тану дағдысына ие емес. Осындай түйткілдерді шешуде жоғарыда қарастырылған шетел тәжірибесі үлкен көмек болар еді.

**Шетелдік үлгілерді Қазақстанға бейімдеу: тікелей қабылдау және ұлттық ерекшелікке сәйкестендіру мәселелері.** Жоғарыда сипатталған әр елдің моделінен туындайтын маңызды сұрақ - олардың қайсысын Қазақстан өзгеріссіз қабылдай алады, ал қайсысы біздің жағдайға бейімдеуді талап етеді? Мұнда ең алдымен ұлттық құқықтық жүйенің ерекшелігі мен қоғамдық ахуалды ескеру қажет. Мысалы, Ұлыбритания мен Еуропаның кей тәжірибелері (платформаларға жалпы міндет жүктеу, көпдеңгейлі регуляторлық бақылау) біздің елде тез нәтиже беруі мүмкін, өйткені Қазақстанның унитарлы жүйесінде орталықтандырылған шешімдер тиімді іске асады. Бізде заң қабылданса, оны орындауды тікелей Үкімет бақылайды, аймақтық деңгейде қосымша келісімдердің қажеті жоқ.

Сондықтан Ұлыбританияның Онлайн қауіпсіздік актісіндегі көптеген талаптарды - әсіресе платформалардың бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін - заңға тікелей кіріктіруге болады. Сол сияқты, COPPA тәрізді балалардың дербес деректерін қорғау ережесін де тікелей қабылдау қиын емес (бұл біздің дербес деректер заңнамамызға жаңа бөлім қосу арқылы іске асады). Бұдан бөлек, Литвадағы ескерту парақтары, Латвиядағы анонимді буллингке жауапкершілік тетіктері, Германиядағы жасты тексеру жүйелері - бұлардың құқықтық архитектурасы бізге түсінікті, тіпті кейбірі қолданыста бар (мысалы, 18+ контентті SMS арқылы шектеу кейбір отандық ұялы операторлар порталында бар). Сондықтан бұл элементтерді көп өзгертпей қабылдай береміз. Ал бейімдеуді талап ететін шаралар көбіне мәдени және технологиялық ерекшелікке байланысты. Мәселен, Оңтүстік Кореяның «тәулік мезгіліне қарай ойынға тыйым салу» сияқты қатаң шарасын Қазақстан жағдайында сол күйінде енгізу тиімсіз болуы мүмкін. Бізде де кей ата-аналар балалар түнде ойын ойнамауы керек деп санар, бірақ жалпы қоғам оны «шектен тыс мемлекеттің араласуы» деп қабылдауы ықтимал. Сол себепті ондай шараны тікелей емес, жанама тәсілдермен жүзеге асырған дұрыс (ата-анаға бақылау құралын беру, ойын компанияларымен меморандумдар). Тағы бір мысал - провайдерлер арқылы бүкіл трафикті сүзгілеу. Корея, Қытай сияқты елдерде бұл үкіметтің цензура құралы ретінде

де қолданылатыны белгілі, ал біздің Конституциямыз сөз бостандығына кепіл береді. Демек, зиянды сайттарды бұғаттау керек болса да, оны сот шешімімен және ашық тізімдер арқылы іске асырған жөн; әйтпесе, сөз еркіндігі шектеліп, халықаралық қауымдастық сынына ұшырауымыз мүмкін.

Ұлттық менталитет пен қоғамның дайындық деңгейі де рөл атқарады. Мысалы, Батыс Еуропада ата-аналар балаларын интернетте жеке тұлға ретінде дамуы үшін тым қатты шектемейді, ал Қазақстанда көп ата-ана баланың виртуалды өміріне мүлде көңіл бөлмейді немесе керісінше, гаджетке толық тыйым салып тастайды. Екі жағдайда да шектен шығу бар. Сондықтан шетел тәжірибесін енгізуде біздің ата-аналардың санасын да дайындау қажет - яғни құқықтық норма енгізумен қатар, ауқымды ағарту жұмысын қоса жүргізу керек. Сондай-ақ, инфрақұрылым мүмкіндіктері де есепке алынуға тиіс. Мысалы, Ұлыбритания мен Еуроодақ елдерінде платформаларды бақылау үшін қуатты деректер орталықтары, жасанды интеллект жүйелері қолданылады, олар миллиондаған посттарды сүзгіден өткізе алады.

Қазақстанда мұндай технологияны енгізу үшін уақыт және инвестиция керек. Сондықтан заңмен талап қоя салу аз, оны орындауға отандық техника дайын ба - соны бағамдау керек. Егер белгілі бір талапты бірден орындай алмасақ (айталық, барлық контентке автоматты жас саралағыш еңгізу), онда өтпелі кезең, пилоттық жобалар арқылы келе жатқан абзал.

Қорыта айтқанда, шетелдің озық үлгілерін бейімдеу принципі «қабылдау + бейімдеу» формуласын ұстануы керек: не тиімді және үйлесімді болса, сол өзгертусіз алынады, ал қайсысы біздің құқықтық жүйеге және қоғамдық құндылықтарға тікелей жарамаса, сол Қазақстан жағдайына икемделіп енгізіледі. Бұл ұстанымды сақтай отырып, енді Қазақстанның заңнамасын жетілдіруге қажетті ұсыныстарды құқықтық, институционалдық, процессуалдық және техникалық аспектілер бойынша топтастырып көрейік.

**Заңнамалық (құқықтық) тетіктер бойынша ұсыныстар:** Қазақстанның қолданыстағы заңдарына бірқатар өзгерістер енгізу қажет. Ең әуелі, «Балаларды киберкеңістіктегі қауіп-қатерлерден қорғау туралы» кешенді заң немесе заңнама пакеті қабылдауды қарастыруға болады. Бұл жаңа заң қазіргі 2018 жылғы заңның орнын басып, кеңірек өрісті қамтуы тиіс. Мұнда шетел тәжірибесіндегі сәтті элементтерді біріктіруге болады, атап айтқанда: 1) онлайн-платформалардың балаларды зияннан қорғау міндеттері (заңсыз контентті жедел жою, жастық шектеулерді қолдану, жеке деректерді қорғау қағидаттары) нақты жазылуға тиіс; 2) интернет-провайдерлердің техникалық фильтрлеу және ата-ана бақылауына көмектесу міндеттері көрсетілуі керек; 3) балаларға қатысты онлайн-қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың алдын алу шаралары (цифрлық сауаттылықты арттыру, ақпараттық кампаниялар) енгізілуі қажет. Сол заңда тиісті талаптарды орындамаған тараптарға жауапкершілік түрлері де айқындалуы қажет - мысалы, платформа балаға қауіпті жарияланымды уақытында өшірмесе, әкімшілік айыппұл салынатыны жөнінде және соның нақты мөлшері. Бұған қоса, Қазақстан киберқауіпсіздік бойынша халықаралық конвенцияларға қосылуды қарастыруы тиіс (әсіресе, Будапешт конвенциясы)

- бұл қылмыстық процесте шетел серверлерінен дәлел алу, трансшекаралық киберқылмыспен күресу сияқты аспектілерде қолбайлау болып жүрген мәселелерді шешеді.

Екіншіден, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске арнайы баптар енгізуді ұсынамыз. Мысалы: «Кәмелетке толмағандарды зиянды ақпараттан қорғау жөніндегі талаптарды орындамау» деген жаңа бап енгізіп, онда интернет-ресурс иесінің немесе лауазымды адамның балаларға арналған арнайы талаптарды сақтамауы (мысалы, өнімді жас санатына қарай таңбалап ұсынбауы, ересек контентке жас шектеуін қоймауы, баланың жеке дерегін рұқсатсыз жинауы т.б.) үшін айыппұл көздеу керек. Мұндай норма Германияның жастарды медиада қорғау заңдарындағы провайдер жауапкершілігіне ұқсас болады [124]. Сондай-ақ, «Интернет арқылы буллинг жасау» деген құқық бұзушылықты енгізіп, оны жеке тұлғаларға (мысалы, баланы жүйелі түрде әлеуметтік желіде қорлаған ересекке) қолдану жолын қарастыруға болады - бұл ұсақ бұзақылық немесе қорлау бабына сыймайтын, бірақ баланы қорғайтын әкімшілік шара қажет жағдайларда іске асады. Тағы бір бағыт - ата-аналардың міндетін орындамау бойынша қолданыстағы 127-бапты жетілдіру: нақты киберқауіпке ұшыраған баланың ата-анасы тиісті шара қолданбаса, оларға ескерту беріп, қажет болса, белгілі бір курсқа (ата-ана университеті сияқты) жіберуді заңдастыру. Осылайша, әкімшілік құқық бұзушылықтар арқылы профилактикалық ықпал ету күшейеді.

Үшіншіден, Қылмыстық-процессуалдық кодекске өзгерістер. Балаларды интернеттегі қылмыстардан қорғау үшін тек қана құқық бұзушыны жазалау емес, сонымен бірге тиімді тергеу жүргізу, дәлелдеме жинау маңызды. Сондықтан ҚПК-ге кемінде екі жаңалық енгізу ұсынылады: 1) электрондық дәлелдемелермен жұмыс істеу тәртібі. Мысалы, әлеуметтік желідегі хабарламалар, электронды хаттар, сервер логтары сияқты дәлелдерді жинау және сотта пайдалану барысын жеңілдету. ҚПК-де электрондық цифрлық дәлел түсінігін бекітіп, оны жинауды тездететін (тергеушіге сот санкциясынсыз провайдерге сұрау салуға мүмкіндік беру, кейіннен сотқа хабарлау арқылы) ерекше процедура белгілеуге болады. 2) жедел іздестіру шараларына қатысты: балаға қатысты интернет-қылмыстарды анықтау үшін полиция қызметкерлеріне желідегі жасырын әрекеттерге рұқсат беру.

Қазір ондай тактика есірткімен күресте қолданылса (жасырын агент, бақылау сатып алу т.б.), оны кибер ортада да (астыртын чаттарға кіру, жабық топтарға ену) рұқсат ету керек. Бұл өзгеріс арқылы педофилді немесе бала саудагерін интернеттен анықтау жеңілдейді, өйткені полицей өзі «құрбан бала» ретінде көрініп, қылмыскермен байланыс орнатып, бұлтартпас айғақ жинай алады. ҚПК-ге осыны қосқанда, әрине, бала құқығын сақтауға мән берген жөн - ешбір жағдайда нақты балалар мұндай операцияға қатыстырылмауы керек, тек ересек маман өзін бала сияқты көрсетеді деген талап бекітілуге тиіс. Бұдан бөлек, ҚПК-нің халықаралық құқықтық көмек туралы тарауларын да жетілдіру артық емес: шетелдік компаниялардан жедел дерек алу жолдарын жеңілдету, Интерпол, Европол арналары арқылы

сұратулар механизмін регламенттеу секілді жаңалықтар балаға қатысты қылмыстарды тез ашуға сеп болады.

Төртіншіден, «Бала құқықтары туралы» заңға толықтырулар. Бұл негізгі заңда жалпы балалардың құқықтары жазылған, бірақ цифрлық дәуірдің сын-қатерлерін ескеретін нақты нормалар аз. Ұсыныс: заңға жеке тарау қосып, «Баланың цифрлық кеңістіктегі құқықтары мен қауіпсіздігі» деп атауға болады. Сол тарауда: «Әрбір баланың қауіпсіз ақпараттық цифрлық ортаға құқығы бар. Мемлекет баланың осы құқығын қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады, соның ішінде: а) балалардың интернетте ақпарат алу еркіндігі мен зиянды ақпараттан қорғалуы арасындағы теңгерімді сақтау үшін заңдар қабылдайды; ә) ата-аналардың балаларды зиянды контент пен кибербуллингтен қорғау жауапкершілігін күшейтеді; б) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы компаниялардың бала құқықтарын сақтауы үшін қажетті реттеуші талаптар қояды; в) балалардың цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша бағдарламаларды жүзеге асырады; г) құқық қорғау органдарының киберкеңістікте балалардың құқықтарын қорғау қызметін қамтамасыз етеді» деген үлгі нормалар енгізуге болады.

Сондай-ақ, осы заңда ата-аналардың міндеттері бөліміне «баланың интернетті қауіпсіз пайдалануы үшін қажетті бақылауды жүзеге асыруға және оң бағытта бағдар көрсетуге тиіс» деген тәрізді сөйлем қосып, ата-аналардың цифрлық тәрбиеге жауапты екенін заңнамалық тұрғыда бекітуге болады. Бұл, әрине, ата-ананы жазалау үшін емес, олардың санасына мемлекет тарапынан берілген бағдар ретінде маңызды. Мектептің рөлі де көрсетілуі керек: заңда «білім беру ұйымдары балаларды ақпараттық қауіп-қатерден қорғау шараларын іске асырады» деп принцип жарияланып, нақты тетіктері білім туралы және басқа нормативтік актілерде көрініс табады. Егер қажет деп тапсақ, «Интернет-платформалардың міндеттері» жайлы да қысқаша осы заңда баяндалуы мүмкін - мысалы, «интернет кеңістікте қызметін іске асыратын ұйымдар (соның ішінде әлеуметтік желілер, мессенджерлер, форумдар) Қазақстан Республикасының заңнамасында балаларды қорғау бойынша белгіленген талаптарды сақтауға міндетті, бұзған жағдайда жауаптылыққа тартылады» деп бір сөйлеммен бекіту. Бұл норманың символдық мәні бар, ал нақты міндеттердің тізімі арнайы заңдар мен кодекстерде келтіріледі.

Институционалдық тетіктер бойынша ұсыныстар: Заңнамалық өзгерістерді іске асыру үшін институционалдық құрылымдарды да нығайту керек. Біріншіден, арнайы уәкілетті орган белгілеу немесе құру. Қазіргі кезде Қазақстанда Балалардың құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсман) институты бар, бірақ оның құзыреті кеңес беру, қоғамдық бақылау деңгейінде. Ал интернеттегі балалар қауіпсіздігін нақты бақылау үшін атқарушы билік құрамында маманданған құрылым қажет. Ұсыныс: Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанынан «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі» департаментін құру немесе Телекоммуникация комитетінің аясында ерекше бөлімше ашу. Бұл органның міндеті - интернеттегі зиянды контентті мониторингтеу, әлеуметтік желілердегі буллинг фактілерін қадағалау,

платформалармен байланыс орнату, провайдерлердің сүзгі қолдануын тексеру және т.б. болмақ. Мұндай орган Ұлыбританиядағы Ofcom-ның баламасы ретінде әрекет етіп, заңдардың орындалуына күнделікті бақылау жүргізеді.

Екіншіден, ішкі істер органдарының құрылымында кибербуллинг пен балаларға қатысты интернет-қылмыстарға маманданған бөлім құру. Жоғарыда айтылғандай, полиция ішінде (мәселен, Киберқылмысқа қарсы күрес басқармасы құрамында) шағын топ құрып, оларға техникалық жабдықтар (интернетте жасырын жұмыс істеуге арналған бағдарлама, трекинг жүйелері) беру қажет. Бұл бөлімше тұрақты түрде даркнет, жабық топтар сияқты орындарды шолып, бала порнографиясы айналымын анықтайтын, балаларды азғырушыларды әшкерелейтін проактивті жұмыс атқарар еді. Үшіншіден, қауырт желілер мен сенім телефондарын институционализациялау. Қазір білім басқармаларының жанында «111» ұлттық сенім телефоны істейді, ол негізінен тұрмыстық зорлық және бала құқы бұзылуына қатысты кеңес береді. Осы желінің қызметіне киберкеңістіктегі зорлық мәселесін қосып, операторларды арнайы оқытып, әр мектепке, әр ата-анаға бұл нөмірді насихаттау керек. Әрі бұл желі полиция, омбудсмен, психологтермен тікелей байланысты жұмыс істеп, балаға онлайн зорлық көрсетілсе, тез арада кешенді көмек ұсынуы тиіс. Литвадағы RRT немесе Ұлыбританиядағы CEOP үлгісінде, Қазақстанда да бір терезе қағидатымен балаға онлайн қатер төнгенін хабарлайтын орын болуы шарт - ол үшін 111 желісін күшейту жеткілікті. Төртіншіден, мектептер мен ата-аналар қауымдастығы деңгейінде институттар. Әр мектепте киберқауіпсіздікке жауапты бір маман (мүмкін, информатика мұғалімі ішінен) тағайындалуы немесе әлеуметтік педагог соған жауапты болып бекітілуі керек. Ол тұлға балалар арасында кибербуллинг, интернет-қауіп жағдайларын байқаса, дереу мектеп әкімшілігі, ата-ана және қажет болса полицияға хабарлайтын жүйе қалыптастырсын. Балалардың өздерін де қатыстыру үшін мектептерде «цифрлық еріктілер» клубтарын құруға болады - белсенді, IT жағынан сауатты оқушылар кішілерге интернетті қауіпсіз пайдалану бойынша тренингтер өткізсін, қауіпті контентті анықтаса, ұстаздарына жеткізсін. Бұл өзара қолдау орта қалыптастырады. Ал ата-аналарды жұмылдыру үшін әрбір ата-ана комитетінің отырысында жылына кемінде бір рет «онлайндағы бала қауіпсіздігі» мәселесі талқыланып, ата-аналарға практикалық кеңес беру жолға қойылуы тиіс. Мұны Білім министрлігі деңгейінде ұсыным ретінде таратқан жөн.

**Процессуалдық (ұйымдастыру және өзара іс-қимыл) тетіктері бойынша ұсыныстар:** Балаларды киберқауіптен қорғау тек заң қабылдап, орган құрумен шектелмейді, ең бастысы - түрлі субъектілердің үйлесімді әрекеттесуін қамтамасыз ету. Осы орайда ата-ана - мектеп - интернет-платформа - полиция арасында тиімді ықпалдастық механизмін орнату керек.

Біріншіден, ақпарат алмасу және жауап қайтару алгоритмін рәсімдеу. Мысалы, мектеп оқушысы интернетте буллингке ұшырағанын анықтаса, мұғалім немесе ата-ана дереу мектеп әкімшілігі мен полицияға хабарлауы шарт; полиция 24 сағат ішінде провайдерден буллинг жасаған адамның IP-

мекенжайын сұратып, жеке басын анықтау жұмысын бастауға тиіс; ал әлеуметтік желі әкімшілігі жәбірлеушінің аккаунтын уақытша тоқтатып, тексеріс жүріп жатқанын ескерткені жөн. Осындай тізбекті әрекеттерді регламенттейтін инструкциялар қажет. Оны Үкімет қаулысымен бекітуге болады немесе бірнеше министрліктің бірлескен бұйрығы түрінде (ІІМ, Білім мин., Ақпарат мин. т.б.) шығаруға болады. Екіншіден, уақытылы әрекет ету.

Кибербуллинг немесе интернеттегі зорлық мәселесінде кешігудің зардабы үлкен. Сондықтан әр органның әрекет мерзімі қысқа болуы тиіс. Қазақстан 2022 жылғы заңда әлеуметтік желілерге 3 күн ішінде шара қолдануды міндеттеді [92, с. 2]. Бұл - жақсы бастама, бірақ 3 күн кейде тым ұзақ болуы мүмкін (мысалы, балаға суицидтік қысым көрсетілсе). Ұсыныс: әлеуметтік желіге хабар түскеннен соң 24 сағат ішінде ықпал ету талабын қою (Ұлыбритания мен ЕО елдерінде 24 сағат нормасы кең таралған [128]. Ал полицияға келсек, кибербуллинг бойынша арызды тіркеуден бастап шешім қабылдауға дейін 7 жұмыс күнін жеткілікті деп бекітуге болады (қазіргі тәжірибеде бұл бірнеше аптаға созылып кетеді). Үшіншіден, мамандану және оқыту. Мектеп мұғалімдеріне жыл сайын балалардың интернеттегі мінез-құлқы, қауіптері бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткізу керек (цифрлық педагогика элементтерімен). Полиция қызметкерлеріне де киберпсихология, балалармен жұмыс ерекшеліктері жөнінде семинарлар керек - өйткені интернет-қылмысқа арнайы маман дайындалмаған аудандарда учаскелік инспекторлар не кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар айналысуы мүмкін, ал олар заман ағымына сәйкес компетенциясын жетілдіріп отыруы шарт. Төртіншіден, халықаралық әріптестік.

Процессуалдық деңгейде Қазақстан шетелдік ұйымдар және IT-компаниялармен тікелей байланыс арналарын орнатуы керек. Мысалы, INHOPE (балалар порнографиясына қарсы халықаралық желі) ұйымына мүше болу - бұл біздің ұлттық «ыстық желімізді» халықаралық базаға қосады, сөйтіп шетелде орналасқан заңсыз контент туралы дереу шетел әріптестеріне хабар беріп, жоюға қол жеткізе аламыз. Сол сияқты, WePROTECT Global Alliance (балаларға жыныстық зорлыққа қарсы жаһандық альянс) жұмысына белсенді араласу ұсынылады - онда озық тәжірибелер алмасып, жаңа трендтерді біліп отыруға болады [92, с. 3]. Ішкі істер министрлігі шеңберінде ірі IT-компаниялардың қауіпсіздік бөлімдерімен (Facebook, Google, TikTok және т.б.) тікелей байланыс орнататын офицер тағайындау да артық емес. Бұл офицер сұраныстардың орындалуын жеделдетуге (арнайы электронды платформа арқылы тікелей жіберуге) жауапты болады.

**Техникалық тетіктер бойынша ұсыныстар:** Цифрлық заманда құқықтық нормалардың жүзеге асуы көбіне техникалық мүмкіндіктерге тәуелді. Сондықтан балаларды қорғау үшін заманауи техникалық шешімдерді енгізу - заңнамалық бастамалармен қатар жүруге тиіс шаруа. Біріншіден, жасанды интеллект және машиналық оқыту технологияларын қолдану. Мәселен, әлеуметтік желілерде балаға қатысты зорлық-зомбылық не буллинг мазмұнын AI арқылы автоматты анықтайтын жүйелер бар (кей

компанияларда қолданылады). Қазақстан осы бағытта отандық IT-секторды ынталандыруы керек: гранттар беріп, университеттерде зерттеу жүргізіп, қазақ және орыс тілдерінде балаға қауіп төндіретін сөз, бейне, аудио белгілерін танып үйренетін алгоритмдер әзірлеуді жолға қою қажет. Кейін осындай алгоритмдерді ұлттық қауіпсіздік жүйесіне немесе платформа API-ларына қосып, мониторинг процесін шапшаңдатуға болады. Екіншіден, жас ерекшелігін тексерудің цифрлық құралдары. Қазірдің өзінде eGovMobil қосымшасы немесе SMS арқылы ЖСН енгізіп, азамат жасын растау технологиясы бар. Мұны барлық онлайн қызметке ортақ пайдалануға мүмкіндік қарастырған жөн. Мысалы, болашақта Қазақстанда кез келген жаңа әлеуметтік желіге тіркелген адам eGov арқылы өзінің кәмелеттік жасқа толғанын растауы міндетті болуы мүмкін (мұны бірден енгізу қиын, бірақ болашақ мақсат ретінде атап өткен маңызды). Литва 14 жастан бастап балаларға электронды қолтаңба беріп, банкте шот ашқанда немесе басқа онлайн сервисте жасын растауға үйретіп отыр [125]. Біз де мектеп жасынан бастап әр балаға eGov мүмкіндіктерін ашып, жеке электронды аккаунт арқылы жүріс-тұрысын (цифрлық профиль) бақылауды дамытуымыз керек - бұл бір жағынан банк, мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін берсе, екінші жағынан жасы жетпейтін нәрсеге кіруін шектейді. Үшіншіден, ата-ана бақылауы бағдарламаларын қазақ және орыс тілдерінде бейімдеу.

Қазіргі таңда нарықта Qustodio, NetNanny сияқты көп бағдарламалар бар, бірақ ата-аналар оларды біле бермейді әрі тілдік тосқауыл болуы мүмкін. Мемлекеттік органдардың қолдауымен осындай бағдарламаларды жерсіндіріп (локализациялап), нұсқаулықтарын ұсынып, мүмкін тегін лицензия тарату шараларын ойластырған жөн. Бұл әсіресе тұрмысы төмен отбасылар мен ауылдық жердегі ата-аналарға көмектеседі. Төртіншіден, контентті фильтрациялау және шектеу құралдарын провайдер деңгейінде орнату. Мысалы, Ұлыбританияда OpenDNS негізінде немесе өзге де DPI (Deep Packet Inspection) технологиясымен істейтін сүзгілер бар. Қазақстандық провайдерлерге де балаларға қауіпті кілт сөздерді (порнография, есірткі, экстремизм, суицид т.б.) анықтап, автоматты сүзетін жүйелерді желіге енгізуді міндеттеу керек. Бұл техникалық шешім заңсыз контентті көп жағдайда бұғаттай алады, алайда оны асыра қолданудан сақ болу маңызды (кейде пайдалы ақпарат та жабылып қалмауын қадағалау, яғни «overblocking» болдырмау маңызды [124]. Бесіншіден, цифрлық сауаттылықты арттыру үшін геймификация және интерактивті құралдар.

Балаларға құрғақ сабақ өткеннен гөрі, арнайы жасалған ойын-қосымшалар арқылы интернеттегі қауіпті жағдайларды таныту тиімді. Мысалы, киберқауіпсіздік бойынша викториналар, сценарийлік ойындар (quest) құрастыруға болады - оларды білім беру платформаларына енгізіп, оқушыларға жыл сайын өткізіп отырса, естерінде жақсы сақталады. Сонымен қатар, балалар үшін қауіпсіз мазмұнның балама платформаларын көбейту қажет. Мысалы, қазіргі кезде Балапан арнасының контенті YouTube-та да жүреді, бірақ онда ұсынылған бейнелердің жанында басқа қауіпті бейнелер шығуы мүмкін. Сондықтан ұлттық «Balapan Play» сияқты балаларға арналған

видеохостинг жасап, онда тек тексерілген, пайдалы, көңілді контент орналастырып, балаларды соған тарту керек. Мемлекет осындай бастамаларға грант бөліп, отандық IT мамандар мен анимация студияларын қызықтыра алады. Мақсат - балалар бос уақытын бақылаусыз YouTube-та өткізбей, қауіпсіз балама ортада өткізуі.

Қорытындылай келе, Қазақстан заңнамасын жетілдіру үшін шетелдік озық үлгілерді бейімдеу - көпқырлы үдеріс. Біз АҚШ-тың деректерді қорғау мен құқық қолдану тәжірибесінен, Ұлыбританияның жан-жақты реттеуші модельдерінен, Германияның нақты техникалық стандарттарынан, Оңтүстік Кореяның қатаң бақылау тәсілдерінен, Балтық елдерінің үйлесімді және баланың мүддесін бірінші орынға қоятын тәсілдерінен үйрене отырып, өзіміздің ұлттық жүйемізге ең тиімді тетіктерді енгізе аламыз. Бұл өзгерістерді заңнамалық, институционалдық, процедуралық және техникалық бағыттарда үйлестіре отырып іске асыру - балалардың цифрлық құқықтарын қорғауды жаңа деңгейге шығарады. Ең бастысы - ұсыныстардың бәрі шынайы және дәлелдерге сүйенген болуы тиіс, себебі ойдан шығарылған немесе шектен тыс шаралар кері әсер беруі мүмкін [126].

Сондықтан әр қадамды халықаралық стандарттар аясында негіздеп, мүдделі тараптардың (балалардың өзі, ата-ана, ұстаздар, IT секторы, құқық қорғаушылар) пікірін ескеріп жүзеге асыру маңызды. Жасөспірімдердің қауіпсіздігі - ел болашағына салынатын инвестиция, ал оны қамтамасыз ету - құқықтық мемлекеттің борышы. Ұсынылған модельдік өзгерістер (ӘҚБтК, ҚПК баптарының үлгілері мен «Бала құқықтары туралы» заңға толықтырулар) докторлық диссертацияның келесі бөлімінде нақтылай беріледі деп күтілуде, олар жүзеге асса, Қазақстанның балаларды киберкеңістіктегі қорғау жүйесі халықаралық талаптарға сай жаңғырып, ұлттық ерекшеліктерді ескерген тиімді механизмдермен толықпақ [92,3]. Бұл шаралар заңнамалық тұрғыдан бекітіліп, тиісті институттармен қамтамасыз етілгенде ғана бала құқықтары шынайы қорғалып, қауіпсіз цифрлық қоғам қалыптасады деп қорытамыз.

# 4 КИБЕР ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ ӘКІМШІЛІК НОРМАТИВТІК БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

## 4.1 Әкімшілік-құқықтық нормаларды оңтайландыру бағыттары

Әкімшілік-құқықтық нормаларды кибер құқық бұзушылықтар тұрғысынан талдау кезінде, ең алдымен қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаға шолу қажет. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 65-бабы бойынша әкімшілік қылмыс жасаған кезде он алтыдан он сегізге дейінгі жас аралығындағы азаматтар кәмелетке толмағандар қатарында қарастырылады [78].

Яғни 14-15 жас аралығындағы балалар қазіргі заң бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Бұл жасөспірімдердің әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысу мүмкіндігін заң тұрғысынан шектейді, алайда олардың сандық технологияларды қолдану аясында пайда болған құқық бұзушылықтарымен күрес факторларын тереңірек қарастыруды талап етеді.

Мысалы, интернет желісіне заңсыз кіру жағдайлары үшін ӘҚБтК-де жеке норма жоқ екені айтылған болатын, алайда мұндай әрекет ҚР «Ақпараттандыру туралы» заңнамасын бұзу ретінде қарастырылып, 641-бап аясында жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бұл бап бойынша жеке тұлғаларға 50 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) бастап айыппұл салу көзделген, яғни ақпараттық жүйелерге рұқсатсыз кіргені үшін қомақты әкімшілік жаза қарастырылған. Дегенмен, жекелеген жағдайларда (мысалы, кәмелетке толмағандардың келтірілген материалдық немесе моральдық зияны бойынша) жауапкершілік шекарасы белгісіз қалып отыр.

Заңнаманың «Бала құқықтары туралы» заңы да балалардың ақпараттық қауіпсіздігіне ерекше көңіл аударады. Аталған заңда мемлекеттің міндеттерінің бірі балаларды денсаулығына зиянды ақпараттан қорғауды қамтамасыз ету екені нақты көрсетілген. Нақтырақ айтқанда, 39-баптың 1-тармағында балалар үшін порнографияны, зорлық-зомбылықты насихаттайтын және рухани дамуына зиян келтіретін ақпарат өнімдерін таратуға қатаң тыйым салынған. Яғни елімізде балаларды киберкеңістіктегі зиянды мазмұннан қорғау тетіктері заңнамалық деңгейде бар, алайда олардың жүзеге асуы мен әкімшілік-құқықтық реттелуі жеткіліксіз. Сонымен қатар, 11-бапта әрбір баланың жасына сай ақпарат алу құқығы мойындалған, бірақ бұл құқықты тиімді іске асыру үшін ата-ана мен мектеп тарапынан ақпараттық әдептілік пен қауіпсіздікті үйрету шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Мысалы, Қызылорда облысында өткен кеңейтілген мәжілісте айтылғандай, қазіргі интернет дәуірінде жастар негізінен әлеуметтік желілер арқылы тәрбиеленіп жатқандықтан, ата-ана мен ұстаздар қоғамдастығы бірлесе әрекет етуі керек екені атап өтілді. Осы көзқарастар қазіргі заңнамаға тікелей ықпал етіп, мектеп бағдарламасына цифрлық сауаттылық пәндерін енгізу, ата-ана ақпараттық жауапкершілігін арттыру сияқты ұсыныстарды негіздеуге сеп болады. Қолданыстағы заңнаманың кемшіліктері мен қайшылықтарына тоқталатын болсақ, ең алдымен кәмелетке толмағандардың

әкімшілік жауапкершілік шектеулеріне назар аудару қажет. Жоғарыда айтылғандай, ӘҚБтК-де әкімшілік жауапкершілік жасы 16 жасқа белгіленген [78].

Бұл ретте, 14-15 жас аралығындағы балаларды құқықтық реттеу алаңынан тыс қалдырады, алайда практикада дәл осы жасқа толмаған жасөспірімдердің де интернет-алаяқтық, кибербуллинг сияқты құқық бұзушылықтарға қатысу фактілері кездеседі. Заң талаптарына қайшы түрде, кейбір зерттеулер мен практика көрсеткендей, 14 жастан асқан балалар құқық бұзушылықты (соның ішінде кибер құқық бұзушылықты) жасаған кезде оларды белгілі жағдайда әкімшілік жауапқа тарту қажеттігі туындайды. Бұл мәселе қылмыстық-құқықтық жүйеде де қарастырылып, 14-тен асқан балалар үшін жауапкершілік шектері белгіленгені белгілі. Сондықтан ӘҚБтК-ге қылмыстық емес сипаттағы құқық бұзушылықтарда да 14 жас шегін қарастыру мәселесі күн тәртібінде тұр. Анығында, осы сызықты төмен түсіру кәмелетке толмағандар үшін арнайы әкімшілік шараларды қолдануға жағдай жасайды. Сонымен бірге, қазіргі кодекс баптарының өзара қайшылығы да байқалады. Мысалы, 127-бап бойынша ата-ананың тәрбиелік міндеттерін орындамауы әкімшілік жазаны көздейді, ал 442-бапта кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің қадағалауынсыз серуендеп жүруі айыппұлмен немесе қамаумен жазаланады. Бұл баптар бір жағынан ата-ана бақылауын күшейткенмен, екінші жағынан киберконтент мәселесіне қатысты нақтыланбаған. Мысалы, ұялы телефон арқылы білім процесінде жаман қылықтар жасау немесе әлеуметтік желілерде кез келген басқа заңсыз әрекет жасаған балаларға қатысты қандай әкімшілік норма қолданылатыны заңнамада мүлде көрсетілмеген. Осыны есепке ала отырып, қазіргі нормативтік базаны цифрлық саланың динамикасына сай жаңғырту қажеттігі айқын. Цифрлық дәлелдемелерді жинау, тіркеу және сараптау механизмдері де жетілдіруді қажет етеді. Қазіргі кезде сандық мәліметтерді сот-сараптамалық тұрғыда пайдалану қылмыстық процесте қарастырылса да, әкімшілік іс жүргізуде оларды рәсімдеу жөнінде толық анықтамалар жоқ.

Мысалы, телефондағы чат жазбалары, әлеуметтік желідегі хабарламалар, сайттар тарихы секілді ақпараттарды әкімшілік тергеу барысында жинау үшін арнайы алгоритмдер мен мамандандырылған құралдар қолданылады. Алайда осы бағыттағы мамандықтар саны шектеулі, ал дәлелдемені жинау тәртібі әлі де нақты регламенттелмеген. Ғылыми ортада цифрлық құқық аймағындағы дәлелділік мәселесіне келесідей көңіл бөлінеді: электрондық құжат айналымы мен цифрлық коммуникацияларды криминалистикалық сараптау бұрын соңды болмаған деңгейде қажетті болып отыр. Осы тұрғыда заңнамада электрондық деректерді сақтап, оларды соттық сараптамаға ұсыну үшін процессуалдық кепілдіктерді күшейту ұсынылады. Қазіргі уақытта цифрлық дәлелді сотқа дейінгі және сот органдарында қолдану Әкімшілік процестік кодекстің 76-бабы [129] және Қылмыстық процестік кодекстің [79] 65-бабы аясында қарастырылса да, әкімшілік іс бойынша өндіріс жүргізуде дәлелдемелердің сенімділігі мен деректердің бұрмалануын болдырмау үшін

нақты регламент жоқ. Сондықтан киберқылмысқа жататын әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс жүргізу тәртібін жетілдіру - маңызды бағыт.

